

1475

ОНЕГЕЛІ
ӨМІР

Петропавл 2002

12.

ЛРБ - 12.



85
47-445

ӘНЕГЕЛІ ӘМІР

Ніл Әдғамұлы Болатбаев
туралы

ЕСТЕЛІКТЕР

Петропавл 2002

ББК 66.3 (5 каз) 8 Ә 53

«ӨНЕГЕЛІ ӨМІР» - естеліктер жинағы. Оның басты кейіпкері 1 Әдғамұлы Болатбаевтың есімі республика көлемінде жақсы таныс. Он әмір жолы шын мәнінде бүтінгі үрпаққа өнеге боларлық. Орта мекте бітіргеннен кейін еңбек жолын аудандық оқу бөлімінде қатардағы стати болып бастап мемлекет және қоғам қайраткеріне дейін өсу жолынан ө. Ұлы Отан соғысының от-жалынынан өтіп Сталинград шайқасына қатыс Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің тәрагасы, Қазак С Жоғарғы Советтің депутаты болды.

Н. Ә.Болатбаевпен қызметтес болған серіктері, достары естеліктерінде асыл азаматтың адамгершілік қасиеттерін, еліне сінірген е өңбегін, зор үйимдастыруышылық күш-жігерін, іскерлігін, біліктілігін, достық адалдығын, қартаға жанаширылғын, қайрыымдылығын әсерлі әңгімел береді. Кітап қалын көшшілікке арналған, ықыласпен оқылады.

Кітап мемлекет және қоғам қайраткері Ніл Әдғамұлы Болатбаев туғанына 80 жыл толуына арналған, ықыласпен оқылады.

Редакциялық алқа кітапты шығаруға демеушілік көрсеткен «Восход» ЖШС-нің басшысы Алексей Семенович Ермаков, «Возвышен» шарға фермерлік қожалығының басшысы Амантай Бекілбайұлы Құдасбаев «Заман» шаруа қожалығының басшысы Виталий Иосифович Шатил «Смирнов» ЖШС-нің басшысы Павел Яковлевич Леонов, «Воскресенов» ЖШС-нің басшысы Иван Михайлович Нагорный мырзаларга шын жүректі алғыс арнайды.

Редакционный совет за спонсорскую помощь по выпуску данной книги воспоминаний выражает сердечную благодарность руководите ТОО «Восход» Алексею Семеновичу Ермакову, руководителю ТОО «Возвышенский» Амантаю Бокильбаевичу Кудасбаеву, руководите крестьянского хозяйства «Заман» Виталию Иосифовичу Шатил руководителю ТОО «Смирновское» Павлу Яковлевичу Леоно руководителю ТОО «Воскресеновское» Ивану Михайловичу Нагорному.

ISBN 5-7667-9700-1

-44838-

СЧАСТЬЕ ДРУЖЕСКОГО ОБЩЕНИЯ

Задолго до личного знакомства я слышал немало положительных отзывов о Неле Адгамовиче Болатбаеве. Уже в конце 50-х, начале 60-х годов прошлого столетия он был в Северо-Казахстанской области известным человеком. Его характеризовали, как грамотного, компетентного, принципиального и требовательного руководителя. Ему пророчили большое будущее.

Спустя некоторое время мне пришлось близко познакомиться с Болатбаевым Н. А., посчастливилось работать под его руководством и не только убедиться в праильности вышеперечисленных отзывов, но и узнать много других прекрасных черт его характера. Но обо всем по порядку.

В 1961 году, после окончания Алматинской высшей партийной школы, я был рекомендован и избран секретарем партийного комитета опорно – показательного совхоза «Чиленский» Ленинского района Северо-Казахстанской области. Возглавлял совхоз крупный организатор сельского хозяйства, опытный специалист Ыбобрицкий Иван Федорович. И хотя в то время я уже был далеко не новичком, за плечами у меня была работа учеником, директором школы, инструктором райкома партии, секретарем парткома МТС, должен откровенно признаться, что работая с Иваном Федоровичем, я многому научился, особенно в вопросах экономики, организации и технологии сельского хозяйства, старался как губка впитывать его богатейший опыт хозяйственника. Следует отметить, что вскоре мне этот опыт очень пригодился. Особенно только, что слишком мало, всего год проработал вместе с Ыбобрицким И. Ф.

В ноябре 1962 года, я неожиданно получил приглашение на беседу к первому секретарю Северо – Есильского обкома Компартии Казахстана Журину Николаю Ивановичу. Как правило, такой вызов связывался с назначением на другую работу. Так оно и получилось.

Николай Иванович тепло принял меня в своем рабочем кабинете, примерно в течение часа подробно расспрашивал о положении дел в хозяйстве, состоянии партийной работы, настроении людей, интересовался моим здоровьем, семейным положением и многими другими вопросами. В заключение беседы первый секретарь обкома партии сказал мне: Вы молодой, но уже достаточно опытный специалист и партийный работник, мы давно присматриваемся к Вам, теперь Вы прошли хорошую школу опытного хозяйственника Бобрицкого. И, на наш взгляд, вполне можете самостоятельно работать руководителем хозяйства. Обком партии рекомендует назначить Вас директором совхоза «Афанасьевский» Сергеевского района. Николай Иванович при этом предупредил, что это крупное, отдаленное хозяйство, находящееся на границе Кокчетавской и Костанайской областей, но самое главное, что в те годы это был отстающий совхоз, занимавший в областной сводке самое последнее место по всем показателям.

Безусловно, это меня крайне огорчило и озадачило. Я понимал, что должен не просто возглавить хозяйство, но и добиться положительного перелома в его деятельности. Сумею ли? Пришлось серьезно подумать, прежде чем согласиться, но согласие все же было дано. И уже через три дня на бюро обкома партии меня официально рекомендовали на должность директора совхоза «Афанасьевский». Сразу же предстояла поездка в г. Целиноград на бюро крайкома партии, где принималось окончательное решение. В те годы Северо-Казахстанская область, наряду с другими, входила в состав Целинского края, который функционировал на территории республики. В крайкоме партии состоялись встречи и беседы с секретарем крайкома по селу Василием Петровичем Демиденко, первым секретарем крайкома Тихоном Ивановичем Соколовым.

Бюро Целинского крайкома Компартии Казахстана утвердило меня в данной должности и уже в конце ноября 1962 года я прибыл в хозяйство и приступил к исполнению обязанностей директора.

В эти дни и состоялось мое первое непосредственное знакомство с Болатбаевым Нелем Адгамовичем, который работал первым секретарем Сергеевского райкома партии и я, как новый руководитель хозяйства должен был ему представиться и в дальнейшем повседневно общаться, решая

многие перспективные и текущие вопросы развития вверенного мне хозяйства.

Нель Адгамович запомнился мне человеком не ординарным, обаятельным, умеющим расположить собеседника к откровенному разговору, внимательно выслушать его и дать добрые советы без нравоучений, упреков и назиданий. Уловив в моем рассказе о положении дел в совхозе нотки тревоги и озабоченности, он тут же сумел успокоить, подбодрить и пообещал всяческую помошь и поддержку, в которой так нуждалось это отстающее хозяйство и я как его новый руководитель.

С каждой новой встречей с первым секретарем райкома партии Болатбаевым Н. А. я все больше и больше убеждался в его высочайшей культуре, эрудиции и компетентности, человечности, принципиальности и требовательности, умении держать слово и выполнять данные обещания.

По его поручению совхозу «Афанасьевскому» оказывалась необходимая помощь по ликвидации отставания бюро райкома партии, райисполкомом, рай управлением сельского хозяйства, другими ведомствами. Регулярно бывал в хозяйстве и сам Нель Адгамович, посещая тракторно – полеводческие бригады и животноводческие фермы, встречаясь со специалистами и рабочими, всегда подсказал, как лучше решить те или иные проблемы.

Скажу откровенно, мне был очень симпатичен этот человек. У нас с самого начала сложились деловые взаимоотношения, полное взаимопонимание. Я высоко ценил его, как опытного партийного работника, авторитетного руководителя и старался изо всех сил не подводить и не огорчать его.

Однако в жизни бывают взлеты и падения, чрезвычайные, экстремальные ситуации. Именно в этот период наиболее ярко и полно выsvечиваются те или иные черты характера человека, авторитет руководителя, его умение найти наиболее правильный выход из создавшегося положения.

Расскажу о нескольких таких не ординарных ситуациях.

В 1963 году из-за крайне неблагородных погодно-климатических условий в совхозе «Афанасьевский» был выращен самый низкий за все время его существования урожай зерновых культур. По этой причине не удалось заготовить необходимое количество сена и других кормов для общественного животноводства и личного скота.

Мало того, что это отрицательно сказалось на экономических и других показателях хозяйства, под угрозой гибели оказалось животноводство. Только общественное стадо в то время насчитывало примерно пять тысяч голов КРС, 18 тысяч овец, 750 лошадей и около пяти тысяч свиней.

Учитывая чрезвычайно сложную обстановку в хозяйстве, на бюро Сергеевского райкома партии по инициативе Н. А. Болатбаева был рассмотрен вопрос о спасении животноводства в совхозе «Афанасьевский». После бюро райкома Нель Адгамович лично прибыл в хозяйство, где на заседании партийного комитета с его участием был обсужден вопрос и разработаны конкретные меры по пополнению запаса кормов путем их заготовки в хозяйствах в соседних областях республики.

Безусловно, личное участие первого секретаря райкома партии в заседании парткома, его деловые предложения, оказываемая поддержка вдохновили меня, как директора, коммунистов и весь коллектив хозяйства. Нель Адгамович вместо нагоняя, разгона и накачки порекомендовал не заниматься самобичеванием, а сосредоточить усилия на реализации выработанных парткомом мероприятий. Я ему безмерно благодарен и принателен за такой подход, за бережное отношение к кадрам. Ведь тогда запросто за такие дела можно было снять директора с работы, а то и исключить из партии. Но Нель Адгамович никогда, как говорится, «не рубил с плеча», он всегда глубоко вникал в суть проблемы, старался разобраться в причинах недостатков, определить истинных виновников и только после этого принимал решение о наказании, чаще всего он помогал руководителям, попавшим не по своей вине в тяжелое положение, найти правильный выход. Это была его школа воспитания и сохранения кадров.

Так произошло и в нашем случае. С его благословения и при личной поддержке, я как директор совхоза выехал в Kokчетавскую и Актюбинскую области, где была достигнута договоренность о заготовке необходимого количества кормов.

Затем Нель Адгамович через обком партии, облисполком, облуправление сельского хозяйства помог нам мобилизовать немалые материальные и людские ресурсы для заготовки кормов и их перевозки в хозяйство. Для этого было задействовано свыше 250 автомашин, 20 тракторов К-700, другая техника.

Таким образом, благодаря конкретной помощи первого секретаря райкома, его энергичным действиям, знанию обстановки и принятию правильных решений нам удалось выйти из зимовки без потерь и не только сохранить поголовье скота, но и не снизить показатели по надоям и привесам.

Еще один характерный пример.

В 1964 году в совхозе «Афанасьевский», как и в других соседних хозяйствах Сергеевского района, был выращен большой урожай зерновых культур. Но во время созревания хлебов из-за частых дождей появились на посевах много различной травы, особенно березки, которая буквально заплела все зерновые, и когда подошли сроки уборки, комбайны не могли проходить больше 15-20 метров, забивались ножи и другие механизмы.

Было срочно созвано заседание бюро Сергеевского райкома Компартии Казахстана, приглашены директора хозяйств, другие ответработники и специалисты. Учитывая серьезность сложившегося положения, в работе бюро участвовали секретари крайкома партии Буров И. М., обкома партии Подгорбунский К. З., председатель облисполкома Ауельбеков Е. Н.

Никто из высокого руководства предварительно не изучил обстановку на полях, ни с кем не советовался, как исправить положение. Бюро проходило крайне нервно, был устроен жесткий нажим на первого секретаря райкома партии, директоров хозяйств, предъявлялись безапелляционные требования в грубой форме.

До меня были заслушаны отчеты 3-4-х директоров хозяйств, им грозили снятием с работы и исключением из партии. Словом, обстановка на бюро была неприятная, тягостная и самое главное не решался основной вопрос: как ускорить темпы уборки.

Когда пригласили на трибуну меня, я сообщил, что в совхозе из 2 тысяч гектаров зерновых нет ни одного поля, где бы хлеб не полег, с этим объяснил причины трудностей с уборкой и сказал, что можно нас – директоров снять с работы, исключить из членов партии, но ведь это не поможет делу. Я пригласил членов бюро и высоких руководителей из края и области приехать в совхоз, побывать на полях, на месте разобраться с создавшейся обстановкой и тогда уже делать соответствующие выводы.

Действительно, на следующий день к 10 часам утра в совхоз вместе с первым секретарем райкома партии Н. А. Болатбаевым прибыли Буров И. М., Подгорбунский К. З., Ауельбеков Е. Н. и другие руководящие работники. После объезда полей все убедились, что в хозяйстве выращен большой хлеб, который нельзя потерять, в то же время убрать его традиционным способом невозможно, необходимо искать другие подходы.

На специально собранном совещании руководителей и специалистов хозяйства, где обсуждался этот вопрос, я предложил выделить совхозу 200–250 гороховых жаток и с их помощью попробовать убирать хлеб. Идея была поддержана и для ее реализации в хозяйстве остался председатель облисполкома Е. Н. Ауельбеков. С его помощью в течение двух суток в совхоз было завезено 280 гороховых жаток ЖБА с тракторами «Беларусь». Мы сумели оперативно укомплектовать все агрегаты опытными механизаторами, организовать двухсменную работу и вовремя завершить уборку зерновых, получив неплохой урожай.

Несмотря на вышеуказанные трудности, совхоз «Афанасьевский» успешно выполнил все плановые показатели по производственной деятельности и социальной сфере, а я как директор хозяйства был удостоен высокой государственной награды – ордена Ленина.

Так подробно я рассказал об этом факте потому, что другой первый секретарь райкома партии при таком нахождении и давлении со стороны крайкома и обкома партии, чтобы спасти свой имидж, мог запросто пожертвовать 2–3 руководителями хозяйств, но Нель Адгамович был не такой, он весь удар принимал на себя, всеми фиброй души защищал подчиненных, старался объективно разобраться в сложившейся ситуации и по возможности помочь, объективно оценить заслуги человека и воздать ему должное за его работу, несмотря на прежние промахи и недостатки. Именно в этом проявлялись лучшие человеческие черты характера Неля Адгамовича, его простота, доступность, порядочность, умение вовремя прийти на помощь.

Мне очень запомнился также 1966 год. Он по природно-климатическим и другим условиям выдался для совхоза «Афанасьевский» благоприятным и удачным. Был выращен небывалый для данной зоны урожай зерновых – по 16 центнеров с гектара, высокими темпами шла уборка. Обстановка складывалась так, что к 5 сентября мы наметили

завершить уборочную страду. И вот 4 сентября хозяйство посетил первый секретарь ЦК Компартии Казахстана Д. А. Кунаев. Я ему подробно доложил о ходе уборки зерновых: сказал о том, что стоит благоприятная погода, нами организована круглосуточная работа уборочных агрегатов и завтра, т. е. 5 сентября мы собираемся завершить уборку.

Динмухамед Ахмедович очень удивился этому и спросил первого секретаря райкома партии Болатбаева Н. А., который сопровождал его в поездке: «Как так получилось, что другие хозяйства района убрали только 30–40% зерновых, а данный совхоз завершает уборку?» На что Нель Адгамович ответил: «У него свой, «махтаевский» стиль работы». Он очень подробно и объективно охарактеризовал положение дел в хозяйстве, похвалил стиль работы директора. Тогда Д. А. Кунаев спросил, а сколько хлеба сдало хозяйство государству? На что я ответил, что пока еще не сдали ни одного пуда. Тогда Динмухамед Ахмедович полуслыша, полусерьезно спросил: Это что, тоже «махтаевский» опыт? Я попросил у него извинения и сказал, что мы ставили основную задачу убрать хлеб с полей, а затем уже в течение 7–8 дней рассчитаться с государством. Такая возможность имеется, на токах лежит примерно полтора миллиона пудов зерна. Д. А. Кунаев решил посмотреть этот хлеб и мы приехали на ток. Здесь он, осмотрев огромные бурты хлеба, побеседовал с рабочими, поблагодарил их за высокие темпы уборки урожая, за хорошее качество зерна, пожелал новых успехов и удовлетворенный уехал из хозяйства.

В октябре того же 1966 года обкомом партии я был рекомендован и избран первым секретарем Соколовского райкома Компартии Казахстана. В моем выдвижении немалую роль сыграл Нель Адгамович. Именно его рекомендации и характеристика сыграли важную роль. К его мнению прислушивались.

Хотел бы подчеркнуть, что будучи на беседе у Д. А. Кунаева по поводу моего выдвижения на должность первого секретаря райкома партии, Димаш Ахмедович очень хорошо и тепло отзывался о Неле Адгамовиче Болатбаеве. Он характеризовал его, как грамотного, перспективного специалиста, крупного организатора, видного партийного работника, ответственного и преданного порученному делу.

И действительно, вскоре после этого разговора Нель Адгамович был выдвинут и избран председателем Северо-Казахстанского облисполкома, где еще ярче и полнее

раскрылись его организаторские способности, талант руководителя и прекрасные человеческие качества.

Об этом я мог воочию убедиться, работая первым секретарем вновь созданного Жамбылского райкома партии. Этот район был образован в 70-е годы по просьбе видных писателей-земляков североказахстанцев Сабита Муканова и Габита Мусрепова. Должен признаться, что я долго сопротивлялся и не хотел идти в новый район, где предстояла очень большая и ответственная работа по созданию и обустройству нового райцентра, но Нель Адгамович убедил меня и я согласился. Он обладал «божьим даром» – умел убеждать людей, направлять их на путь истинный, оберегать от ошибок.

При создании нового районного центра, его обустройстве возникала масса различных хозяйственных проблем, которые необходимо было решать с помощью облисполкома и его председателя Болатбаева Н. А. И они решались своевременно, оперативно, без бюрократизма и волокиты. Следует отметить, что Нель Адгамович всегда поощрял инициативных, творческих, оперативных и обязательных людей. И сам всегда старался следовать этим правилам. Для строительства нового райцентра по его инициативе и при непосредственной поддержке было привлечено 9 межколонн из других районов области, повседневно решались вопросы обеспечения объектов стройконструкциями и материалами. Он сумел добиться через союзные органы, чтобы строящийся водовод от Пресновки до Кургана был повернут до села Благовещенки, что решало многие вопросы обеспечения населенных пунктов района водой.

Словом, с помощью Неля Адгамовича и при его поддержке дела в новом районе пошли в гору и я был избран делегатом 24 съезда КПСС, чем очень горжусь.

Завершая свои воспоминания, хочу еще раз подчеркнуть, что хорошо знал и высоко ценил Болатбаева Н. А., как видного политического деятеля и хозяйственного руководителя, преданного товарища и друга, прекрасного семьянина, замечательного человека до последних дней своей жизни отдающего всего себя порученному делу, пользующегося глубоким уважением и авторитетом всех трудящихся области.

И, наверно, стремление жить «по-болатбаевски», быть полезным людям до конца своих дней удерживает меня от

соблазна быть просто пенсионером. Несмотря на преклонный возраст, не ухожу от общественных дел, работаю в парламенте, возглавляю Центральный Совет организации ветеранов Республики Казахстан.

ТОЛАҒАЙ ТҰЛҒА

Өмір, болмыс күнделікті күйбеңмен, іс-әрекетпен өтіп жатса да адам баласына ой салдыратын, толғандыратын сәттері болады. Әсіресе, азамат есейіп, елін танып, елі оны білген кезінде осыны пайымдайсың. Пайымдайсың да парызыңды ұғынасың. Атқарған ісіңнің, қоғамдағы орныңның салмағын таразылап, ойша өмір жолына оралатын тұстар да болады.

Осындайда адам баласының өмірі соншалықты қүрделі, қарбалас сәттерге толы екенін де айырасың. Біздің данышпан халқымыз «Жалғыз жүріп жол тапқанша, көппен бірге адас» деп тегін айтпаған ғой. Көптің ішінде көсемі болады, көрегені болады. Бір ғажабы, осы көсем, көреген адамдарға бұл қасиетті тәнірдің өзі сыйлайды. Соңынан ел ереді олардың, сөзіне ел құлақ тосады олардың. Өмірде тірі жүргенінде де, бақылық болғанында да осындай жандардың есімін ардақтап, жақсылықтарын айтып, тағзыммен тәнті болып отырады.

Өйткені мұндан адамдар алтынды айыра біледі, жақсыны жасынан таниды, тіпті туrasын айтқанда, «Ізімді осы басар-ау!» деп дәмеленіп жүреді. Ондай көреген жандар жаңылмайды, таңдауы алдамайды оларды. «Ал, кеттім!» жоқ, сабырмен, пайыммен таңдайтын ондай жандар ілкіде аз болады. Сол аздығының өзі ардақтылығынан, алланың берген асыл қасиетінен екенін өзі де, өзге де ұгады.

Ел ішінде аты аңызға айналуының астары да осындай қасиеттілігінен олардың. Айтса – сөзі өтімді, істесе – ісі оралымды, толғанса – ойы терен, нұсқаса – бағыты түзу, сілтесе – жөні анық... Осындай айырықша жарапған адамнан алған гибратың өмірлік серігің болып, жақсыңды жетілдіріп отырады. Сөйтіп, аға сенімінен шыққаныңды ғұмырлық бақытыңа балап, оны асқар тау, толағай тұлға санап, әр сөзіне, әр ықыласына тәнтілікпен ардақтап етесің.

Бірдің емес, мыңның сүйіспеншілігіне бөленген, басшыдан балаға дейін білген, елінің серкесі болған адамның, асыл ағамның бірі марқұм Ніл Әдғамұлы Болатбаев еді. Серкелігіне еркелікті қоса ертіп, еліне еңбегін құндал кететіндер де барын білеміз ғой. Алайда Ніл ағамыз бір өнірдің ғана емес, бүкіл қазақтың сүт бетінде қаймағы дерлік,

санаулы топтың арасында да оқшау, дара шалынатын тұлға болды. Ніл ағаның атақ-даңқының ел ішіне қанықтығы сондай, «Болатбаев!» деген бір ауыз сөзді естіген қазақ-орысың әңгіме кім жайында екенін емеуріннен айырып, сөздің нәтін айтпай сезіп, ойынды тарқатпай ұғып алатын. «Болатбаев» деген жалғыз ауыз сөздің өзі соншалықты құдіретті болып естілетін. Оның жанында жүргенінді бақытқа балап, Нікеңнің бір ауыз сөзінде аты аталған адамның төбесі көкке жеткендей мәртебеге бөленуші еді.

Нікең тұлғасы – табиғи дарындылықтың, қазақы жан-жомарттығының, білімдарлықтың, гибраттылықтың, танымпаздықтың бір жүректе тоғысқан өүені мен үні. Осы үн жүргегінде дүпілдеп, айналадағы саналуан оқиғалар мен карым-қатынастар дүрмегінен оны жаңылдырмай, адастырмай, ер-тоқымын аудырмай алып шығатын. Нікеңнің ұлы қасиеті – адам жанын ұға білетін танымпаздығы болатын. Ол жолыққан, сөйлескен адамының ішкі жан-дүниесін, көңіл сарайын кібертіксіз, іркіліссіз аралап шығатын. Сөйтіп, сарабдалдығымен жанынды елеп-екшеп, қуыс-қалтарыста көзден таса қыртыс қалдырмай біліп алатын. Екі ұртында шаласы, соған ерген бәлесі бар, құр қулақты құрықтаған, жалған жақсылықтың, жымысқы әрекеттің адамын жанына жуытпайтын. Жақсы, ізгі дегенді қиядан танитын қыран шалымы оның бойында мол еді.

Нікең әңгіме шерткенде қазақтың қылыш жүзіндегі қылпып тұратын өткір тіліне асқан жүйрік еді-ау. «Жүйелі сөз жүйесін табады, жүйесіз сөз иесін табады» дегендей, әр сөзінде, әр нақышында астарлы ой, уытты салмақ, пайым болатын. Адам жанын танып алмай ел басқарам деу өурешілік екенін ол жақсы айырып алған. Әуелі адамды біліп, оның қандай қасиеті барын андап алатын. Сөзге, сенімге лайық жанғаған тізгін ұстаратын, оның өзінен қызметі төмен адамдарға әмірмен әңгір-таяқ ойнатып, құзғі жапырақтай дірілдетіп, қалшылдатып қаһарланған сәтін көрген де, білген де емеспін. Әуелі қыл-кенес айналасынан аспайтын кеменгер, кең пішілген төзімді, көңілі көншігіш басшы десең – осы Нікеңді ауызға алу жөн. Бір бұрауга келмейтін, алдына барғанды айдаһардай жалмап, жан-жағына кәрін де, зәрін де шашып ел басқарғандар да болады ғой. Ондайлардың қарамағындағылар бір істі біліп тындырып жатса, бір істі былықтырып, әрлі-берлі шапқылап, үнемі ат үстінен түспей, «Қайтсек осының қыбын табамыз!» десіп, ақсорпа, көктер болып сүрініп-қабынып жүреді. Нікеңнің жұмыс әрекеті

өзгеше, өзінің салған сара жолы бөлек. Сондықтан Нікең артқан жүк ауып көрген емес. Ол қайта айналып соқса, таңдауынан жаңылмайтын, сондықтан кейін өкінбейтін де.

Нікең Шал ақын аудандық партия үйымын басқарды, одан соң облыстық кеңестің тәрағасы қызметіне келді. Жасыратын несі бар, Нікең аудандық бірінші хатшылардың арасында асығы алыш тұрған адам. Сондықтан жаңа қызметке одан лайық өзге адамды көзге елестетуге де болмайды.

Ол кездерде кадрларды іріктеп, орналастыруда ерекше желі, темірдей тәртіп болатын. Облыстық кеңестің тәрағасы қайда, директордың өзін бірнеше сатылы іріктеуден өткізуши еді ғой. Ал, олай болса, Нікенді бұл қызметке тағайындау облыстан тысқары – республика басшылығындаған шешілетін таңдау. Сондықтан Қонаевтың өзі осыны жән көргенін пайымдау керек.

Әлгі айтқанымдай, Нікең облыс, республика таныған тұлға. Ал, біз болсак, онда бөлімше, кеңшар агрономы, кейін кеңшар партия үйымының хатшысымыз. Онда облыста жүзден аса шаруашылық бар. Осы кеңшарлардың жүздеген директоры, соншама хатшысы бар. Біз Нікенді білеміз де, ол бізді білмейді деуші едім.

Бақсам, жаңылышады екенмін. Нікең бәрімізді танып, біліп, қандай қасиетіміз, қандай қабілетіміз барын айырып, санасында салмақтап жүреді екен.

Өйткені, 1975-ші жылы Тимирязев ауданындағы «Интернационал» кеңшарында партия үйымының хатшысы кезімде осы аудандағы «Целинный» кеңшарының тізгінің ұстауға қызметке шақырылдым. Онда орда бұзар отызға әнеміне толатын шағым, жаспын, албыртпын, шаруашылықты итерудің, адамдармен тіл табысудың мектебін енді ғана бастаған, әліппе ұстаған шәкірт сынды едім.

Облыс орталығына келдім. Обкомның салалық бөлімінде, салалық хатшысында әңгімелесіп, сатылай келіп Василий Петрович Демиденконың өзінде болдым. Бұлардың ақ батасын алғып, соның ішінде Ніл Әдғамұлының өзім жайлы жылы лебізіне алғаш рет сол жерде қанығып, расымды айтсам, ғайыптан мұнданың қызметке ұсынылғаныма таң қалдым. Бақсам, мені осыған лайықтап, өзгелердің назарын аударған адам нақ Ніл ағаның өзі екен ғой. Нікең онда елуден асқан, мен отызға толмағам. «Маган қызмет беріңіз!» деп сұраншақтанып, үлкен үйді айналсоқтап жүретін бақай-есептен адамын. Сейтсем, кеңшарда бола жүре Нікеңнің

оійнда «Бұл жігіт отырып қалмауы керек!» деген байлам болады екен-ау. Реті келгенде сол байламын ақтарып, тоқетерін сездірген. Демиденко екеуінің кадрларды іріктең, орналастыруда көзқарастары үнемі қабыса қойды, бірін-бірі айтқызбай-ақ үғып отырды деп жалған сөйлемейін, бірақ Нікеңнің сезі тұңдалмай қалмайтынын кейін үқтym.

Нікең өзі үнатқан адамына өте ашық-жарқын, сондай тілеулес, кеңбейіл екенін осыдан соң аңдадым. Алайда, сонымен бірге, талапшыл да еді. Оны да көп үзамай сездім. Ондайда Нікең мақтамен бауыздадай байыпты етіп үқтыратын, әмірленіп, түсін сұзып кетпейтін.

Сондай күндердің бірінде ол «Целинный» кеңшарына келді. «Мен шаруашылық басшысының әдетімен экономикалық, мәдени-әлеуметтік жайларды, күнбе-күнгі тапсырмаларды қалай жүзеге асырып жатқанымды жайып салдым. Бұл осында директор болып тағайындалғаннан соң бір жыл өткен кезең еді. Аз сөйлеп, көп тыңдайтын Нікең:

– Құдайберген, саған дейін мұнда кімдер директор болыпты? Осы жер тарихын білдің бе? – демесі бар емес пе.

Сасып қалдым. Өйткені, бұл жағына мән бермеген екенмін.

Шынымды айттым.

– Оның жөн болмаған! Сен олардың бәрін анықтап ал. Мұнда алғашқы тың игерушілер қазығын қадап, шаңырағын солар көтерген. Елге үйітқы болған басшылар еді. Солардың жөн істеріне көніл бөлгейсің. Екінші айтарым, бул облыстың түстік өңірі. Қостанаймен көршісің. Осы көршілеріңмен тату-тәтті бол. Аудыс-түйссіз болмайды қазір. Жақсы, жанды байланыс орнат, – деп кеңесін берді.

Нікеңнің тағы бір айтқаны – жаңында шаруашылық жайлы дерегің жазылған қойындәптерің болсын. Қажет жерінде оны кәдеге асырасың. Айталаң, бес жылдың айғағын тіркеп алши. Керек жерінде пайдасы тиеді, – дегені.

Ағамыз келесі сапарында манағы нұсқауларын жазбай орындағанымды сезіп, керемет сүйсінді. Бірақ, ол өзінің сезімін жасыра білетін, алып-ұшпа, қызба мінезі жоқ адам ғой. Сүйсінгенін көзінен үқтym. Өйткені, адам жанары жүргегінің хабаршысы емес пе. Өңі жайнал, жанары жылышаны, риза болғаны қанаттандырып жіберді.

Бірде Нікең бар, Демиденко бар Алматыға үлкен шаруашылық жыныға аттанғанбыз. Шаруашылықтың қат-қабат қарбалас жұмыстарымен жүгірінді болып, бір сапарда үлгерем деген оймен қажыңқырап, ұшақта қалғып кетіппін.

Дәл қасымда біреудің дауысын естіп, көзімді ашсам, Василий Петрович Демиденко екен. Түрегеп сөйлем өте берді. Содан, кейін бұрылып, маған ықыластана тілек арнады. Мен отырған қалпы қатып қалыппын. Қасында Нікең де бар екен.

– Отырма. Улken адам түрегеп тұрганда отыру жөнсіз, – деп қазақша тіл қатты да Василий Петровичке бұрылып:

– Жігерлі жас та қажиды ғой. Шаруашылықтың қамымен шаршаған да. Оқасы жоқ, – деп жуып-шайып жіберді орнынан атып тұрған мені әбестік шырмауынан оп-онай алып шығып.

Сол жылдары өзім басқарған шаруашылық облыстағы ең көш ілгерінің санатында болды демеспін, алайда солардан кем де түсіп көрмеген, ісіміз ілкі, жоспарлар асыра орындалып, аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Митронинмен арада тек шаруашылық бағыты мен бабындағы қарым-қатынас орныққан, абырайсыз да емес қалыпта жұмыс атқарып жүрген кезім.

Мен Соколов аудандық атқару комитетіне тәраға болып жоғарылатылдым. Мұны да орайластырған Нікең еді. Бұл жолы бұынғыдай емес, ысылған кезім, қырықтың алды деген шағым. Нікең ауданға өзі бастап алып келіп, өзі орнықтырды.

Партия комитетінің бірінші хатшысы – Изосимов. Біздің кадрлармен жұмыс істеу стилімізде, экономиканы өрлету, жоспарларды жүзеге асыру ұмтылыстарымызда, әлеуметтік-мәдени сауалдар төңірегіндегі көзқарастарымызда, тіпті бүкіл рухани дүниетанымызыда алшақтық барын аңғардым. Мұны сұңғыла Нікең де ескерткен. Қайран, қасиетінен айналайын Нікең-ай, деймін бүгін осы жайлар есіме түскенде. Қасына ерткенді қанаттыға қақтырмайтын, тұмсықтыға шоқыттырмайтын қамқор, батыл да байсалды жан едің-ау! Өмірдің талай өткелегінен өткен, қысылшаңнан жол тауып, тыңнан із салып, шағын бұлақты өзенге айналдыратын, шүленге нәр беретін, шөгіп қалғанды тік тұрғызатын қайсар да білімдар едің-ау!

Отырған жері ойшылдықтың ордасына айналып кететін. Қазақ тарихына жетік, ел-жер жағдайына жүйрік, өзінен бұрын жасаған жайсандар жайында әңгіме айтса – жағы талмайтын шешен, шешіле сөйлесе – шексіз мұхит іспетті кең, облыс, республика өнірінің «Мен» деген адамын үрімбұтағына дейін білетін сұңғыла еді. Нікең менің есімде осы қалпында әлі күнге ұмытылмай келеді.

Ол зейнеткер шағында да өзінің таңдауынан тағы бір мәрте шыққаныма сүйсініп, әлі де ақыл-кеңесін айтып

отыратын. «Мұныңыз артық енді!» деп көрген жерім жоқ. Өйткені, мұндай ғұлама жаннан естіген бір кеңестің өзі ғана ғұмырлық жүк еді ғой.

Нікең зейнетке шыққанда да қол қусырып, отбасында отырып қалмай, кезінде ел басқарудың қарбаласы бөгесін болған кездердегі ерік-жігерін, күш-қуатын өз халқының болашағына тағы да бағыштай тұсті. Көп жыл «Қазақ тілі» қоғамы облыстық үйымының ақсақалдар алқасын басқарды. Алдымен ақылман сөзін өзінің інілеріне арнады. Олардың өзі баладан бала сүйіп отырған ақсақалдар болса да, Нікеңнің сөзіне бұрынғыша үйіп, баяғыша бас изеп, ағаның ақылын бағып отыратын. Осындаға орыстың Гогольден кейінгі ұлы жазушыларының өздері оны пір тұтып, ардақтағаны сондай: «Біз бәріміз де Гогольдің «Шекспенінен» шықтық!» дейді екен.

Біздің ақсақалдар да сөйтті. Бәрі жеке-жеке алғанда өздерін Нікеңнің ізбасарымыз, інісіміз, шәкіртіміз десті.

Осы ретте, Нікең Петропавлда мешіт жұмысына да қажыр-қайрат жұмсағаны елдің есінде. Ол мешіттің мұнарасын салу ісіне аяnbай кірісті. Жасырып қайтемін, оған қаржы табу да оқай болмады ғой. Бірақ, Нікеңнің беделінің арқасында тарын құннің өзінде кәсіпкерлер орысы бар, қазағы бар дегендей, мұнараға қаржы тауып, құрылсын жүргізіп берді.

Нікең қажыр-қайраттың адамы екенін тағы бір айғақтаған тұсы - Қонаев атындағы қордың облыстық белімшесін құрып, басқаруы. Бұл айтқанға ғана жеңіл, әйтпесе ұши-қыры қажырлы жастың өзін делсал қылатын жұмыс еді. Бірақ Нікең осыған жан аямай жегілді. Себебі, осы қордың тізгінің қолға алуға ол әбден хақылы еді. Нікең Дінмұхамед Ахметұлын жақсы білді, оның бастауымен қызмет етті. Бұл жайында Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» деген кітабындағы мынадай жолдар санаға нұр құя түседі: «Мол тәжірибе жинақтаған, көпті көрген алдыңғы буын мен қажыр-қайраты, ақыл-ойы, өмірге деген құштарлығы, халқына деген қалтқысыз көңілі бар жас толқынның сабактастығын сақтау - қоғамдық өміріміздің белгілі бір дәстүрінің қалыптасып, өзінің табиғи жолымен дамуының яки иғі істеріміздің жаңа қарқынмен өркендереп, ізгі жаңалықтарымен толыса түсінің кепілі. Облыстық, қалалық партия комитеттерінің хатшыларын халық депутаттары Кеңестерінің төрағаларымен толықтырып отырдық. Сондай ірі шаруашылықтарға, өндіріс орындарына алға қойған міндеттерді дұрыс әрі мінсіз орындастырын, еңбекте ысылған, өмір тәжірибесі бар жастарды жіберу

дәстүрі өзінің баянды жемісін берді» дей келіп, солардың алдыңғы қатарында Болатбаевты атап өтуі осы лебіздің ақиқаты еді (Д. Қонаев. «Өтті дәурен осылай». Алматы. 1992-ші жыл. 387-ші бет).

Ніл ағамыз өзін осылайша ардақтаған, сенім артқан Дінмұхамед Қонаев есімін өзі дүниеден өткенше құрметтеп, аталған қор арқылы асыл ағаның атын мәңгілік есте қалдыруға еңбек сіңірді.

Қазақта «Жақсы жүрген жеріне кент салады» деген асыл сөз бар. Осы лебіз Нікеңде де әбден арнап айтылғандай. Бұғінде біздің қаламыз құннен құнге көркейіп келеді. Бұл қазіргі басшылықтың игілікті ісі. Осыған дейін ел басқарған Нікең де Петропавлдан бастап, аудан орталықтарына дейін, тіпті селолық кеңестердің елді мекендерін де көркейтіп, көгалдандыруды бір сәт естен шығарған емес. Облыстық Кеңес тағайындаған ауыспалы Қызыл туды алу үлкен мәртебе болатын. Нікең озаттарға оны қай жерде болмасын, арнайы өзі барып тапсыратын. Марапаттап отыратын, ірі құрылыштар, түрғын үйлер, өнеркәсіп кешендері, қоғамдық, әлеуметтік-мәдени бағыттағы ғимараттар, көшелер сәні оның бір бүйіріндегі құнбе-құнгі жұмысы екеніне көзім жеткеннің бірімін мен.

Осы ретте - айтарым, мен Соколовкаға ауатком тәрағасы болып келгесін жұмыстың бірі ретінде көшелерді сәулелендіруді қолға алғанмын. Ол еңісте орналасқан ғой. Әрден ылдига түсіп, Соколовкаға қарай жақындей бергенде алдынан самаладай жарқыраған сәулелер шалынғанда разы болған Ніл ағамыз:

-Жарайсың! Жақсы істі тындырыпсың. Ризығын ел көреді мұның, - деп өзінің облыс орталығын көркейтуді қалайша қолға алғаның, қын түйіндерді қалайша тарқатып, шешкенін әңгімелеп кететін еді.

Мен жалқыдан жалпыға ойыссам, жеке өзімнен бастап, баршаға жасаған, «Елім!» деп тындырған игілігін айтар болсам, бұған қаншама беттік кітаптар арналар еді. Болатбаев, ауданды былай қойғанда, облыстың бір басшысы ретінде тындырған істері ат-көпір. Қазір оны билетін, бірге қызмет атқарған, ағалық ақыл-кеңесімен жұмыс істеген азаматтардың әрқайсысы ол жайында тіл қатса - осыны айғақтар еді. Сондықтан мұндай асыл тұлғаның бір басына қанша жылы лебіз арнасан да аздау көрінеді.

Өзім бұғінде облыстың бір басшысының лауазымын арқалай жүріп, ол кісіден үйренген әдетім, машығым, жұмыс

мәнерім қалыптасқанына ризамын. Нікең кішіге үлкенсімеген, ініге ірісініп көрмеген, сондай-ақ жәнсіз иіліп-бұглуді білмеген, өз тұлғасына өзі тұғыр болған адам еді. «Атқа мінсе – атасын танымай кететіндерді» маңына үйір қылмайтын, жалпақтағандарды жақтырмайтын, ізетіне есебін қосақтап жүретіндерді айыратын сұңғыла да еді. Болашағы бар деген адамын назардан тыс қалдырмайтын, оның есімін ұмытпайтын. Оған айғақ мынау: бірде мен кеңшар директоры кезімде Петропавл қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы И. Давыдовпен кездесіп қалып, шахмат ойнадық. Тәп-тәуір ойнайтынмын. Тартыс қызып кетті. Осы тұста Нікең және бірнеше адам ту сыртымыздан бақылап тұрганын сездім. Сонда ол:

– Иван Иванович, жақсылап ойна! Тұбінде Құдайберген Петропавлда болса, таңданба. Бұл соған лайық жігіт! Сонда есенді қайтарарсың, – деп өзінің риясыз, ашық-жарқын күлкісімен құліп алған.

Қазір ойлап отырсам, ол ел ішіндегі қажырлы, іскетатыр деген інілерін осылайша тауып, бәріне де игілік жасапты.

Нікең өмірден озғалы да алты жыл болып қалды. Адам мәңгілік емес. Мұны, әсіресе жасың ұлғайғанда, өзіңнен бұрын жасап, дүниеден өткен жайсандарды еске алғанда сезінесің. Топырақтан тысқары болғанында ол биылғы жылы сексенге толып, ел болып тойлап, қызығына куә болар едік-ау. «Заман – үлкен көл, дүние – соққан жел, алдыңғы толқын – ағалар, кейінгі толқын – інілер, кезегімен елінер, баяғыдай көрінер», деп данышпан Абай айтқандай, толқын да толқын құндер оны да келмес сапарға аттандырды. Аттанғанымен, артында өлмес ісі, өшпес ізі қалды, еліне, жұртына жасаған жақсылықтары қалды. Мына біздер жүргегімізде сақтаған аяулы ардақты, толағай тұлғасы бар оның.

Кеменгер Абай өзінің қарасөздерінің бірінде былай деген екен: «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, құнінде бір мәртебе, болмаса – жұмасында бір, ең болмаса – айында бір, өзінен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, ахиретке, не дуниеге жарамды, құнінде өзің өкінбестей қылышпен өткізіпсің? Жоқ, болмаса, не қылышпен өткізгенінді өзің де білмей қалыппысың?!»

Ніл Әдғамұлы Болатбаев нақ осындай жан еді. Ол әр қуніне, ондағы әр ісіне тұбінде өкінбейтіндей салмақпен, сынаумен қараған адам еді. Өзіне де, өзгеге де осындай

талап қоюшы еді. Осы талаптың үшар басына ұмтылатын. Және өзінің жаңына осындайларды ертетін.

Міне, асыл ағамыз менің көз алдымда сол үшар биікте, шың басында тұрған қалпы, толағай тұлғасымен елестейді бүгін.

* * *

Облысымыздың өткендегі басшысының бірі, республиканың танымал мемлекет қайраткері, асыл да жарқын азamat, зиялғы адам Ніл Әдғамұлы Болатбаевтың адами ғұмыры мен атқарған ісінің, елі мен халқына сіңірген еңбегінің айғағы боларлық белгі ретінде және кейінгі үрпаққа өнеге, ғибрат тұрғысында оның өмірі мен ісіне тәнтіліктен туған ықыластың көзі болсын деп осы кітапты ұсынып отырымыз. Асыл адамның, абзал, жанашыр тұлғаның бейнесі көз алдымында мәңгілік сақталсын деген ниеттен туған осы ісіміз оған деген ілтипат. Осынау ғажайып жанның өмірі мен ісі үрпақтарымызға сабак болса – мұратымыздың жанғаны, мақсатымыздың орындалғаны.

ЖАҚСЫ ЖОЛДАС

Ніл Әдғамұлы Болатбаевты мен сонау 1946 жылдан бастап білемін. Сол жылдары екеуміз облыстық партия комитетінде бірге қызмет атқардық. Міне, содан бері көп жылдар бойы жақсы жолдас, сыйлас дос болдық. Қалада тұрғанда да жиі араласып тұрдық.

Нілдің адамгершілігі ерекше болатын. Ол қатардағы қарапайым адамдарды айырықша сыйлайтын. Нікең біреуге үнемі қамқорлық жасауды, көмектесуді өзінің бірінші міндеті санайтын. Облыстық партия комитеті бізді аудандарға партия-кеңес қызметіне жіберді. Өйткені ол кезде кадрды партия ірікten алатын. Қай ауданда жүрсек те біз байланысымызды үзгеніміз жоқ. Жиі хабарласып, қатынасып жүрдік. Ніл жұмыста өте тиянақты, қандай тапсырманы болсын жақсы орындауымен көзге түсетін, өзгеден де соны талап етіп, үнемі бақылап, қадағалап сұрап отыратын.

Ол облыстық атқару комитетінің тәрағасы болған кезінде, оның нағыз басшыға тән үйимдастыруышылық, талап етушілік қасиеттері айқын көрінді. Ауданға арнайы іссапармен келгенде ауданның басшыларымен де, қатардағы кез келген қызметкерлермен де, тіпті механизаторлармен, малшылармен, ферма еңбеккерлерімен тіл табыса сөйлесетін. Жұмыс барысымен танысқаннан кейін оларға өз ой-пікірін айтып, қажет болған жағдайда ақыл-кеңес те беретін. Сондай-ақ озық тәжірибелі де насхаттап, нақтылы міндеттер де қоятын еді.

Кеңес Үкіметі кезінде жетінші сайланған Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып та сайландық. Бұл – 1966 жылдары болатын. Халық қалаулысы ретінде Алматыға сессияға барғанда үнемі бірге жүретінбіз. Сол сессияның соңғы күнінде Қазақстан Орталық партия комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың шақыруымен, оның қабылдануында бірге болғанымыз бар. Біз деп отырғаным – Болатбаев, П. Я. Филиппенко және мен.

Димекеңнің мақсаты – Солтүстік Қазақстандағы егіннің жайын білу болса керек. Біз республиканың бірінші басшысына аудандардағы егін орағына дайындық жайлы

айттық, егіннің шығымдылығы жаман еместігінен хабардар еттік және міндеттеменің орындалу барысын айттық. Ол кісіге барған соң, қажетті көмек те сұрау керек қой. Оны үшеуміз алдын ала келісіп алған болатынбыз.

Сондықтан да бірінші кезекте аудандарда комбайндар мен тракторларға және басқа да ауыл шаруашылығы техникаларына қажетті қосалқы бөлшектердің жетіспейтінін айтып, соған көмектесуін өтіндік. Сол кезде жергілікті тұрғындарға қажетті қант және шай тапшылығы ерекше белен алып тұрған болатын. Ніл Әдғамұлы қабылдауда болғанда Димаш Ахметұлына Сергеев ауданының мұқтаждарын жайып салды. Нікең Сергеев ауданында басқаларға қарағанда қазақтар көп қоныстанғанын айта келіп, егін орағына көмектесуін өтінді. Мұны Қонаев мұқият тыңдал алып, көмектесетінін білдірді. Осының өзінен-ақ Нікеңнің халық мұддесін бәрінен жоғары қоятынын айқын аңғаруға болады.

Нілдің адамгершілігі өте жоғары болатын. Ол жақын достарымен ешқашан да көніл қалдырмаи сыйласатын, тіпті ренжу дегенді білмейтін. Қашан кездессең де көнілі көтеріңкі, ойнап-күліп жүретін. Бір өзіндік астарлы сөздерімен кездескен сайын құлдіруші еді.

Алланың жазуы ғой деймін, зейнетке шыққаннан кейін балаларының, отбасының ортасында, жолдас, досжарандарының арасында, ақсақалдар алқасының тәрағасы ретінде ойнап-күліп, ақылшы болып жүре беруіне, ұзак өмір сүруіне болатын еді. Амал қанша, олай болмады. Сүм ажал Нікең сияқты, халқына қолынан келген көмегін аямаған, үлкенге де, кішіге де қол ұшын берген абзал жанды ертерек алып кетті. Тағдырға ештеңе қыла алмайсың. Сені облыс жүртшылығы ешқашан да ұмытпайды. Сенің жарқын бейнең жора-жолдастарыңың, туған-туыстарыңың, бірге қызметтес болғандардың жүргегінде мәңгі сақталады.

Иман байлығын берсін! Орның пейіштің төрінде болсын. Аруағыңды әрдайым ардақтаймын.

РАБОТАЛОСЬ ЭФФЕКТИВНО И РАДОСТНО

В СЕРЕДИНЕ пятидесятых годов, теперь уже прошлого, но яркого делами столетия, в области, как и по всему Казахстану развернулось освоение целинных и залежных земель. Районы соревновались за лучшее проведение работ такого масштаба, учились друг у друга и делились первым опытом. Помнится, после сева мне было поручено возглавить делегацию нашего Октябрьского района (потом Сергеевского, а ныне Шал акына) для поездки с этой целью в Пресновский район.

В череде многочисленных визитов в хозяйства произошло немало новых знакомств с интересными людьми района. Среди них особенно запомнились встреча с председателем одного из колхозов. Это был человек невысокого роста, умеренного, как говорят, телесложения, с живыми, умными с хитринкой глазами. Он подкупал окружающих своей общительностью, хорошим знанием дела и людей, организаторскими способностями. Это и был Нель Адгамович Болатбаев, незадолго до этого перешедший по призыву партии на работу в «полуживой» колхоз с поста второго секретаря райкома партии.

Чувствовалось, люди с уважением относились к молодому руководителю, который ради общего дела покинул теплый кабинет и деловито взялся налаживать производственную жизнь артели. Его авторитету способствовала и добрая молва, как о человеке, который отстаивал Сталинград, выжил и взялся за трудовые дела.

В ту весну ни один из нас не мог и предположить, что очень скоро обстоятельства вновь сведут нас, но уже не в мимолетной встрече, а в совместной работе на многие годы. Сначала в одном районе, а потом и на едином поприще в областных органах.

После Пресновки повторная встреча вскоре произошла в Марьевке на пленуме райкома партии, где Нель Адгамович, работавший в ту пору уже председателем Приишимского райисполкома, был избран первым секретарем Октябрьского

райкома, где автор этих строк являлся вторым секретарем, а впоследствии – председателем исполкома райсовета. Сразу скажу, что работалось с Болатбаевым не только эффективно, но и радостно, приятно, потому что всегда было взаимопонимание и поддержка в планах и делах.

Октябрьский район до разукрупнения был одним из сложных в области. В его состав входила территория нынешних районов Шалакына и Тимирязевского. К тому же он был самым отдаленным от областного центра и железнодорожных станций. А это в условиях отсутствия нормальных дорог и надежной связи создавало немало трудностей в его развитии.

За годы освоения целины здесь были вовлечены в производственный оборот многие десятки тысяч гектаров сельскохозяйственных угодий. В голой степи были созданы с первого колышка шесть крупных совхозов, на базе которых через девять лет (1963 год) был образован Тимирязевский район. В район-гигант входили более сорока колхозов, четыре машино-тракторных станции. Затем эти хозяйства были преобразованы в десяток с лишним совхозов. Действовали и два совхоза-первенца начала тридцатых годов.

В районе необходимо было вести не только строительство в новых совхозах, создавая всю инфраструктуру, но и внедрять новую систему земледелия, превращая их в настоящие фабрики зерна, как было принято говорить в то время. Наряду с этим пристального внимания требовало набирающее силу животноводство, особенно в новых хозяйствах, где фермы только-только создавались.

Вместе с тем в районе велось большое строительство других жизненно важных объектов, без которых невозможно было решать главную задачу – подъем на новый уровень производства, улучшение условий труда и быта, общее повышение социально-культурного уровня сел и аулов. Полным ходом шло сооружение Сергеевской плотины и водохранилища, Октябрьского водозабора и Целинского водовода, которые должны были дать живительную влагу в новые и старые поселки нашей и соседних областей. Село Марьевка, по расчетам проектантов водохранилища, попадало в зону затопления и бывший райцентр с пятитысячным населением нужно было перебазировать в городок Сергеевку, который строился на берегу будущего

«Целинного моря», как поэтически именовали крупнейшее водохранилище.

В степи поднимали свои корпуса Сулинский и Аксуатский элеваторы, ряд хлебоприемных пунктов, строилась железнодорожная станция Сулы, высоковольтные линии и длинный ряд других объектов. В районе был организован строительный трест Минсельстроя, Ишимское СМУ «Уралгидростроя», работали многочисленные строительные и монтажные организации, создавались и укреплялись новые трудовые коллективы.

Ясно, что все это требовало повседневного внимания, не поверхностного анализа, решений и действия райкома партии, его первого секретаря, исполнительных органов. И Нель Адгамович показывал пример и в делах, в человеческих отношениях, когда «неидущее» дело могло взвинтить людские нервы и вообще остановиться.

Годы нашей совместной работы были хорошей школой для всех работавших вместе с ним. Болатбаев был не просто деятельным, постоянно загруженным, но и отличался целеустремленностью, живостью и оригинальностью мысли и решений. Он хорошо разбирался в людях, умел оценить возможности каждого, что было особенно важно при подборе организаторов-управленцев на множество различных участков производства и других сфер социально-экономической жизни.

В работе и общении ему были присущи выдержанка и тактичность, независимо от занимаемого положения другой стороны. Без преувеличения можно сказать, он обладал феноменальной памятью, легко оперировал фактами, цифрами, именами сотен руководителей и рядовых тружеников, с которыми когда-либо встречался. Он знал их нужды, личную жизнь, памятные даты. Человек буквально расплывался в улыбке от хорошего душевного настроя, который превносил своим уважительным отношением «высокий начальник». Болатбаев сначала «разведовал» психологическое состояние собеседника, а потом переходил к делу, подсказывал, помогал, требовал и бранился, если возможности были упущены из-за чьей-то явной нерадивости. Эти качества его природного характера и богатой жизетской практики во всей полноте проявлялись как во время работы в райкоме, так и в должности руководителя облисполкома.

С первых дней работы в Октябрьском райкоме партии Нелем Адгамовичем были не только сохранены ранее установленные традиции взаимного доверия и спроса, но получили обогащение. Его характеру были свойственны уважение к людям, умение спокойно, без нервотрепки и накачек взбодрить человека, помочь организовать работу, исправить огрехи и добиться лучших результатов.

Вспоминается такой случай. Однажды в разгар уборки Марьевский совхоз посетил один из «крутых» секретарей ЦК Компартии Казахстана. Ему не понравилась принятая здесь организация работы на полях. Он и учил разнос директору совхоза, а заодно руководству района за «попустительство». Уезжая, грозно пообещал: если не будет выполнено пятидневное задание по отправке зерна государству, директору без вызова явиться в ЦК, откуда он может возвратиться и беспартийным, и безработным. А с руководителями района, мол, разберемся отдельно.

После отъезда высокого гостя Болатбаев остался с провинившимся, в спокойной для него манере определил конкретные меры по выполнению задания. Взял под личный контроль переоборудование и включение в обмолот необходимого количества комбайнов, работу токов. Нам райисполкомовцам, поручил оказать помощь автотранспортом для вывозки хлеба на элеватор. Дело пошло как нельзя лучше. В положенное время директор явился в райком в хорошем настроении. Нель Адгамович тут же заказал телефонный разговор с Алма-Атой, а когда соединили, поручил лично доложить секретарю ЦК о выполнении пятидневки.

Мәскеу. Кызыл алан. Ұлы Женіс мерекесінде.



Н. Ә. Болатбаев мінбеде.

Н. Ә. Болатбаев соғыс ардагерлері ортасында





Н.Ә. Болатбаев орак озаттарына жулде тапсыруда.



Н. Ә. Болатбаев отбасы ортасында.



Н. Е. Болатбаев.



Н. Э. Болатбаев майдангер достарымен



Н. Э. Болатбаев улы Кадырбекпен бирге.



Отбасындағы әңгіме.



Н. Ә.Болатбаев КОКП XXVII съезінің бір топ делегаттарымен бірге



Н. Е. Болатбаев балаларымен шахмат ойнап отыр.

АСЫЛ АДАМ

Мен 1965 жылы Алматыдағы жоғары партия мектебін бітіріп, облыстық партия комитетінің насиҳат және үгіт бөлімі менгерушісінің орынбасары қызметіне кірістім. Нікеңді сол жылдан бастап жақынырақ біле түстім. Ол кезде "ұлтжандылық" деген үғымның қолданысқа түспеген кезі. Десе де ол кісінің бойынан бір байқағаным – нақ осы қасиет. Бірде біздің бөлімнің менгерушісі Сергей Пресняков бір жиналыста: "Сергеев ауданында кезбе молдалар көбейіп кетті", – деп сынап жіберсе керек. Өкініштің сол – ешқандай фактіге негізделмеген сын.

Айтқан сез – атылған оқ. Оны Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы бол жүрген Нікең естімей қала ала ма?! Естіген Нікең әрісі – ұлттың, берісі – діннің қорлануына жол бермей, облыстық партия комитетінің насиҳат және үгіт бөліміне қатты тойтарыс береді. Тұмысынан на-мысқой Нікең онысымен де тынбай, біздің менгерушінің атусті айтылған сынның кейіннен де қатты сынға алды. "Бізді неге сынай береді? Сен барып сөйлесіп келші", – деп менгерушім мені Сергеевка қаласына жұмсады. Сонда Нікеңнің маған айтқаны әлі есімде: дінді қорлаудың ар жағында ұлтты қорлау әрекетінің тәбесі қылтиып тұрған жоқ па.

1967 жылы Сергеев аупарткомының пленумына қатысуға бардым. Әрине, алдымен Нікеңе сәлем беруге кірдім. Амандақ – саулықтан кейін ол күн тәртібін айтты. Маған: сейле, деді. Мен 15 минут сөйледім. Жалпы алғанда пленум жақсы етті.

Пленумнан кейін Нікең: "Күте тұр", – деді маған. Сөйтіп тұрғанда қарт ақын Ахметжан Нұртазин қонақта шақырды. Мен: Болатбаевтан рұқсат сұрайын, дедім. Нікеңе айтып ем: "Бірге барамыз", – деді. Қасына прокурор Сапар Дүйсеновты да ертіп алды. Нікеңнің көнілі қандай кең болса, ақылы да сондай шалқар екендігіне сол жолы қозім жетті.

Намысты қолдан бермейтін кісі екендігін Нікең кейін де талай мәрте көрсете білді. Бір саты жоғары тұрған облыстық партия комитеті секретариатының облыстық атқару комитетіне нұсқау беруін тоқтатқан да Нікең еді. Оның принципшіл позициясына бірінші хатшы В. П. Демиденконың өзі қарсы тұра алмаған болатын.

Зердесі компьютерден кем емес еді. Бәрі де есінде тұратын. Соның нәтижесі болар, небір мәліметті жіліктің майын шаққандай қылып талдаушы еді-ау!.. Отырғандар таңдай қақпай қала алмайтын. Ел адамы ғой: беріле еңбек етті. Сонысына орай орасан зор беделге де ие болды.

Екеуміз зейнет демалысына шыққаннан кейін Целиноград ауыл шаруашылығы институтының осындағы өкілдері болып бірге қызмет атқардық. Бұрынғы облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бір бөлмесінде бірге отырдық.

– Әй, Қасеке, менің көрмегенім аз ғой. Ет комбинатында қара терім шығып, қара жұмыс істедім. Сол комбинаттың арқасында аштан өліп қалмадым,— деп сырын айтатын. Біз сияқты қарияларды үйіне қонақта шақырып, одан сайын актарылатын... Асыл адам екендігі ондайда анық көрінетін...

АҚЫЛШЫ АҒА

1965 жылы Петропавл педагогикалық институтының физикалық география кафедрасына конкурстан өтіп, оқытушылық қызметкө дең қойдым. Алматы университетінің физикалық география кафедрасына кандидаттық емтихан тапсырып, сонда қабылдандым. 1973 жылы Мәскеу мемлекеттік университетінде біліктілікті арттыру курсынан өтіп, онда профессор Соловьевпен диссертация жоспарын ақылдастырып, «Мәскеудегі Ленин атындағы кітапханадан диссертацияға қажетті материалдарды жинастырып қайттым.

Бірде ректораттан мені облаткомға, оның тәрағасы Н.Ә. Болатбаевқа шақыртып жатқаны жөнінде хабарлады. Мен ол кісіні түрлі облыстық жиналыштарда президиумнан көргенім болмаса мұлдем білмейтінмін. Алайда жолдасым Фалымжан Нұрғалиұлы ол туралы жақсы пікірлер айтатын. Себебі, ол сол кезде облыстық партия комитетінде үгіт және насиҳат бөлімі меңгерушісінің орынбасары болып қызмет істейтін. Ніл Әдғамұлы кабинетіне енгенімде орнынан тұрып қарсы алды. Институттағы қызмет жағдайын, үй-іші амандығын, Фалымжан Нұрғалиұлы мен балалардың денсаулығын, өзімнің алда қандай жоспарларым бар екендігін бажайлап сұрады. Мен оның өзін өте қаррапайым ұстайтынына, сөзді сендеріе, анық, нақтылы сөйлейтініне, келген кісіні қысылтып-қымтырылтпай, еркін ұстауға тырысатынына, айтып отырған сөзді бөлмей, мүқият тыңдайтынына таң қалдым. Сондықтан да болар, ол кісінің қалалық атқару комитеті тәрағасының орынбасары болу жөніндегі ұсынысына қарсы бола алмадым. Тек мәдениет саласын жете білмейтінімді, ал медицинаны мүлде білмейтінімді, сөйте тұра бұл салаларға басшылық жасауға қалай өрем жетеді дегендегі құдігімді білдірдім. Ол менің ашық пікір айтқанымды құптал, мақтап қойды да, менің бұрын қалалық комсомол комитетінің 2-ші хатшысы болып қызмет істегенімді, басшылық қызметте тәжірибесіз емес екенімді, қала активі мені бұрыннан билетінін көлденең тартты. «Көмектесеміз, ақыл-кеңес беріп отырамыз, тек қызмет істеуге ынтаң болсын», – деді ол қоштасарда. Сөйтіп ол кісі менің алғашқы ақылшы тәлімгерім болды және өз сезінде тұрып, әрқашан мені қолдап, ақыл-кеңес беріп, көмектесіп отырды.

Сол жерде бірден облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Петрович Демиденко телефон соқты. Сейтіп, ол кісінің де қабылдауынан өттім. Соңсоң мен қалалық қеңестің депутаты, қалалық атқару комитеті тәрағасының орынбасары болып сайландым.

Қызмет мансапты болса да, жұмысы да соншалық көп еді. Ніл Әдғамұлының сенімін актайын деп уақытпен санаспай еңбек еттім. Мүмкіндігінше білім беру, медицина, мәдениет, спорт, әлеуметтік қамсыздандыру мәселелерін зерттеп, игере бастадым. Қызмет барысында қөптеген шараларды жүзеге асыруға, қөптеген адамдармен жүздесуге тура келді. Сол тұста: «Орынбасарлық қызмет адамдармен жұмыс істеуге кең мүмкіндіктер ашады, ал ондай мүмкіндікті ешқандай да кафедра бере алмайды», – деген Ніл Әдғамұлының сөзін жиі еске алатын едім.

Біраз жыл осы қызметте істегеннен кейін, оны жете менгергендіктен, енді маған нендей бір ескертулер бола қоймас деген ойда жүрген едім. Сондай бір күні Н. Ә. Болатбаев телефон шалды. «Демек, жұмысымда кемшілік болғаны ғой», – деп ойладым ішімнен. Сол тұста қалалық паркке қайта құрулар жүргізіліп жатқан. Тегі біреулер паркті қалыпқа келтіру жұмысына мұлдем жегіп алды деп арызданған шығар деген де ой келді. Бірақ әңгіме барысы олай болмай шықты. Ол кісі әдеттегідей амандақтан соң қызмет барысын, немен шұғылданып жатқанымды, қандай проблемалар шешу үстінде екенімді сұрады. Мен бәрін баяндап айта бастадым. Ол бастық ретінде емес, аға ретінде алдымен мені мақтап қойды да, соңынан ақыл-кеңестерін айтты және сез арасында елеусіз ғана:

– Сені қазір Демиденко шақыртады, оның айтқан ұсынысынан бас тартушы болма, – деді.

– Телефон тұтқасын орнына қойғаным сол еді А. Н. Пенчук звандап, мені Демиденко шақырып жатқанын айтты.

Сол жерде мениң қандай жағдайда болғанымды білсеңіздер ғой. Біз Ніл Әдғамұлын сыйлайтынбыз, ал шынын айтқанда Демиденкодан қорқатынбыз.

Василий Петрович қысқа сөйлемді.

– Сізді жаңадан құрылатын Киров ауданының үйымдастыру комитетіне, соナン кейін сол аудандық партия комитетінің бірінші хатшылығына ұсынып отырмыз. Таңертенгі рейспен Алматыға ұшыңыз, онда Орталық Комитетте әңгімелесуден, содан кейін Д. А. Қонаевта қабылдаудан өтесіз, – деді.

Әрине, мен өз мүмкіндігімді асыра бағалағаным жоқ.

Құрамына ірі өнеркәсіп, құрылыш үйымдары, темір жол бөлімшесі, авиация кәсіпорны, қаланың барлық дерлік түрмистық қызмет көрсету орындары, сауда және т. б. кіретін ауданды қалай басқармақпын? Менің негізгі мамандығым педагог қой. Алайда соның бәрін қызмет барысында менгеруге тұра келді. Сейтіп, Киров ауданын 14 жыл басқардым, сол жылдары 6 рет партия конференцияларын өткіздім. Сол жылдар ауыр тигенімен, өмірімнің ең бір сәулетті де сәтті өткен жылдары деп есептеймін.

Шынында да жұмыстар ұшан-теңіз болатын. Сол жылдары қаншама құрылыш нысандары бой кетерді десеңізші. Солардың көпшілігі халықтық құрылыштар болды. Кейбіреулерін атар болсақ, сол тұстарда облыстық атқару комитетінің үйі, (қазіргі облыстық әкімдік үйі), саяси оқу үйі, аудандық партия комитетінің үйі, облыстық драма театры, «Есіл» мейрамханасы, әуежай үйі, қалалық сұт зауыты, «Динамо» фабрикасы, сырға зауыты салынды. Автовокзал, темір жол вокзалы, былғары, С. М. Киров атындағы шағын литражды двигательдер зауыттарына қайта құрулар жүргізілді. Осы нысандардың құрылышы тікелей Ніл Әдғамұлының бақылауында болды. Ондағы жұмыстар күніні түн жүргізілді. Ал, олардағы лездемелер кешкі сағат 9, 10-дарда өткізілетін. Жаз күндері кешкі сағат 11-де ауданды аралайтынбыз. Бұл нысандар тек облыстың бірінші басшыларының ғана емес сонымен бірге республика басшыларының да назарында болған еді.

Мәселен, сырға зауыты өзінің қуаты жағынан республика көлемінде ең үлкен кәсіпорын болатын. Оның құрылышын Д. А. Конев өзі келіп көрді.

Тағы бірде таңертек Ніл Әдғамұлы телефон соқты. Жұмыс жайын, былғары зауытында болғанымды сұрады. Өйткені, соның алдында ғана ол зауытқа қайта құрулар жүргізіліп, онда жаңа жабдықтар орнатылған болатын.

Мен зауытта болғанымды айттым. Ол кісі: «Онда қазір тез заутқа бар, онда директор екеуің Н. Назарбаевты қарсы аласындар. Ол кісі қайта құрулардың қалай жүргізілгенін, қанша өнім шығарылатынын көріп, өнім сапасымен танысқысы келеді. Таныстыруышы сен боласың. Цифрларды білесің ғой, білмесен жазып ала бар», – деді. Мен қиналыс білдіріп:

– Мен кейбір цифрларды ұмытып қалсам Шандров айтып жіберер (сол кезде Т. К. Шандров облыстық партия комитетінің хатшысы өнеркәсіп пен көлік салаларына жетекшілік ететін), – дедім. Өйткені, республикадан келген

лауазымды адамдардың жанына облыстық партия комитетінің тиісті сала бойынша хатшысы еріп жүретін.

Ніл Әдғамұлы даусын өзгертіп, байсалды түрде:

– Қазір әзіл айттын уақыт емес. Ол кісі жанына обкомнан да, қалалық партия комитетінен де ешкімді ертпейді. Тек аудандық партия комитетінің бір хатшысы ғана қасында болуын қалайды.

Нұрсұлтан Әбішұлы ол кезде жас болатын және соңынан «көш» ертіп жүруді жаратпайтын. Мен әбден қысылдым.

– Ніл Әдғамұлы, мені ауырып қалды деп айта салсаныз қайтеді? – деп қыылдым. Ол болса маған қайрат бере сөйледі.

– Керекті цифрларды жазып ал да, директорға телефон соқ. Сейтіп екеуін зауытты көрсетіңдер. Міне, сейтіп мен болашақ Президентпен бетпе-бет осылайша кездескен едім.

Ол зауытты тери қабылдайтын учаскеден бастап дайын өнім шығаратын жерге дейін түгел аралап, көріп шықты. Өнім сапасы ол кісіге үнады. Сейтіп соңында директорға ризашылығын білдіріп, «Жарайың!» деп мақтап та қойды. Ал, сонда болған тілшілерге суретке түсіруге рұқсат берген жоқ.

Ніл Әдғамұлымен тағы бір кездесуім есіме түсіп отыр. Бірде өзіне шақырып алып:

– Сіздің ауданнан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы С. Имашевті Жоғары Қенеске депутаттыққа кандидат етіп ұсынамыз. Оған арналған жиналысты өзің ашып, жүргізесін, – деп бірқатар ақыл-кеңестерін айтты. Жиналыс жақсы өтті.

Ніл Әдғамұлымен әрбір кездесу мен үшін үлкен оқиға, мектеп еді. Тағы бірде В. П. Демиденкоға шақыртты. Келсем, ол кісінің кабинетінде Ніл Әдғамұлы мен жазушы Габит Мұсірепов отыр екен. Василий Петрович Габит ағаға мені таныстырып, менің атыма біраз жылы сөздер айтты. Сол жерде Н. Ә. Болатбаев:

– Бұл кісі сіздің қарындасыныз – керей қызы. Өте бақытты адам. Өйткені, Сәбит, Габит сияқты ағалары бар, – деп сөз қосты. Бұл сөз әзіл түрінде айтылса да, маған сондай әсер қалдырып, ішім жылып, жүргегімді мақтаныш сезімі кернеді.

Габит аға менімен түреген тұрып амандастып:

– Саған ер кісінің атын қойғанда әке-шешен, осындағы қызмет істеп, ер адамның жұмысын атқаратаңынды біліп, көрегендік жасаған екен, – деп сол арада қолма-қол орысшаға менің атымды аударды. Ніл Әдғамұлы мен Василий

Петровичке қарап: – Ораз – ер кісінің аты. Ал, Оразбике деген – еркек атты әйел – деп түсіндірді. Сол кезден бастап Габит ағамен қашан кездессем де: – Еркек атты хатшы әйелдің хал-жағдайы қалай? – деп амандасатын.

Ніл Әдғамұлы мені кабинетіне бірнеше рет қана шақырды. Оның көбінде жұмыстың жай-жапсарын сұрап, ақыл-кенестер беретін. Көбіне жұмыс барысын телефон соғып, біліп отыратын.

Кезекті бір шақырғанында келсем, кабинетінде Бибігүл Төлегенова отыр екен. Бізді бір-бірімізге таныстырғаннан кейін:

– Бибігүл, Сізді Қазақстанның бұлбұлы екеніңізді елдің бәрі біледі, ал мына кісі біздің Киров аудандық партия комитетінің бірінші ҳатшысы, іскер, өткір де өжет тіпті одан кейір ерлердің өздері қорқады, – деп менің атыма біраз мақтау сөздер айтты. Бибігүл де менің атыма мақтау сөз айтып, әйелге ауыр тиетін жұмыстың қыын учаскесінде табысқа жете беруіме тілекtestіk білдірді.

Содан кейін Ніл Әдғамұлы маған Бибігүлге Киров атындағы зауытты таныстыруды тапсырды. Зауытты аралап жүріп, бір үлкен цехқа келдік. Онда 400-дей адам еңбек етеді екен. Бәрі түрегеп тұрып қарсы алып, гүл шоқтарын тапсырды және өздеріне Бибігүлдің бір ән салып беруін өтінді. Бибігүл маған бұрылып:

– Мұнда ешқандай музыка аспабы көрінбейді. Музыканың сүйемелдеуінсіз қалай ән саламын? – деді. Мен:

– Сіздің халық әртісі атағыңыз бар ғой. Ендеше мына халыққа да музыка аспабының сүйемелінсіз қарапайым халық тілінде айтып беріңіз, – дедім. Ол құлді де, халықтың ду қол шапалақтауы үстінде бірнеше әндер айтып берді. Зауыттан шыққан соң оның өзі де:

– Бірінші рет халық арасында осылайша қарапайым түрде ән салдым, – деп толғаныс білдірді.

Әдette Ніл Әдғамұлы осындан женіл тапсырмалар берерде мені өзіне шақыртатын. Бір жолы Сафуан Шаймерденов келгенде шақырып алып, жерлес жазушыға бір зауытты көрсетіп, оқырмандармен кездестіруді тапсырды. Ол кездесу де жақсы өтті. Онда жазушы өзінің творчестволық жоспарлары жайында жан-жақты айтып берді.

Бір жылы «Оқжетпес» санаторийінде дем алдым. Менің дем алатын уақыттым бітуге таяп қалған еді. Сол кезде онда дем алуға Ніл Әдғамұлы да келді. Бұл нағыз халықтың ең көп келетін маусым айы еді. Сол себепті Алматыдан ғалымдар,

ғылым докторлары, профессорлар, Орталық Комитет пен Министрлер Кеңесінің лауазымды қызметкерлері, соғыс және еңбек ардагерлері дем алып жатты. Менің бір таң қалғаным, сол лауазымды адамдардың бәрі дерлік біздің Ніл Әдғамұлын билетін болып шықты. Ол кісінің өзі де солардың әрқайсысын аты-жөндерімен атап, кімнің қашан, қандай тақырыпқа диссертация қорғағанына дейін сұрап жатты.

Қазақстан Компартиясының съездерін қалай еске алмассын. Мен ХІҮ, ХҮ, ХҮІ съездердің делегаты болдым. Сол съездер 4 ақпан күні ашылатын. Осы жерде де Ніл Әдғамұлы өзіне тән жарасы әзілмен Василий Петровичке: – Съезд біздің үш қызметкердің – Мәркен Ахметбековтің, Оразбике Сақтағанованың және В. Савченконың туған күн мерекелеріне орайластыра ашылып отыр, – деді.

Съездің алғашқы күні жұмысы аяқталған соң біз Ніл Әдғамұлынан кешке «Қазақстан» мейрамханасынан ас ішуге рұқсат сұрап, оған Василий Петровичті ала келуін өтіндік. Туған күн кеші өте қызықты да көнілді өтті. Бұлар өмір бойы есте қаларлықтай туған күндер еді. Мен осы съездерде өзімнің 40, 45 және 50 жасқа толған мерейтойларымды атап өттім. Үкімет тараапынан құттықтаулар болып, елден өз ұжымдарымнан да съезге менің атыма құттықтаулар келіп түсті.

Тағы бір жай еске оралады. Ол кезде «Орақ пен Балға достығы» деген ұранмен жыл сайын орақ науқанына қаладан жүздеген адамдар қатысатын. Әрине, жұмыс болған соң кемшіліксіз болмайды. Сондай сәттерде кейбір басшылар обкомның бюросында талқыланып, онда барлық бюро мүшелері сөйлеп, қатты сөздер айттылып, ол басшыны жұмыстан босату керек деген пікірлері де айттылатын. Сол бюро отырыстарына қатыса жүріп, ол кісінің ешқашан дауыс көтергенін, біреуді ұрысқанын естіген емеспін. Әдетте ол кісі ең соңында сөйлейтін. Тағдыры қыл үстінде тұрған адамнан:

– Жұмыс істегің келе ме? – деп сұрайтын. Әрине, жауап: – Истегім келеді, – болатын. Сонда ол бюро мүшелеріне және Василий Петрович Демиденкоға қарап:

– Кәне, бұл кісіге істі түзеуге тағы бір мүмкіндік берейік, өзін тағы бір қырынан көрсетіп көрсін, – деп талаиды жұмыстан босатудан құтқарып қалған еді.

Ол кісі менің әрбір демалыстан оралғанымда немесе обкомның бюросында кездескенде қалай дем алғанымды, қай жерде болғанымды, ол мен болған нешінші шет ел екенін сұрайтын. Өйткені, Ніл Әдғамұлы менің шет елге баруды

жақсы көретінімді білетін. Бір жолы кезекті бюро мәжілісінен соң, әдеттегі қуақы мінезімен өзіл араластыра, Василий Петровичке қарап:

– Оразбек дүниежүзінің ондаған елдерінде болып, біздің Қазақстанымыз, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы атынан елімізді таныстырыды. Оның осынау еңбегін ескеріп «Халықтар достығы» орденімен марапаттауға болар еді? – деді. Кейіннен мен осы орденмен марапатталдым да. Мен бұл орденді мақтан тұтамын және жоғары бағалаймын.

Ніл Әдғамұлының зердесі, есте сақтау қабілеті керемет еді. Ол бүкіл облысты, әрбір елді мекенді, әрбір қесіпорынды, ондағы басшы және еңбек адамдарын аты-жөндеріне дейін жатқа айтқын. Әсіресе, ол аға үрпақ өкілдеріне өте бір ілтипатпен қарайтын. Олардың аты-жөндерін атап, қалай тұрып жатқандарын, қандай проблемалары барын, қандай көмек көрсетілгенін сұрап, біліп отыратын. Барлық өткізілетін мәдени шараптарға оларды шақырып, қатыстырып отыруды міндеттейтін. Олармен өзі де жиі кездесіп, денсаулық, тұрмыс жағдайын, жас басшылардың оларға қамқорлығы жайында сұрап отыратын. Егер өзі білетін қарттардың бірі белгілі бір шараға келе алмай қалса, ол шақырылмай қалды ма, әлде ауырып қалды ма деп сұрап, қайткенде де ол адамның жағдайын білуге тырысатын.

Ніл Әдғамұлын тірі кезінде де халық қатты силайтын. Арамыздан кеткен соң да оған деген халық құрметі кеміген жоқ. Ал, маған ол туған адамдай жақын, қамқор ақылшы, ұстаз болған еді. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын. Артында қалған Мәриям жеңгей мен балаларына мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеймін. Әсіресе, ол кісінің Гүлнэр есімді қызын өте жақсы керемін.

Естелік соңында бір ұсыныс айтқым келеді. Мен көп жыл республиканы басқарған Дінмұхамет Ахметұлы Қонаевтың мұражайы ашылғалы жатыр дегенді естідім. Мұндай құрметке халық сүйіспеншілігіне бөленген адамдарғана ие болады фой. Біздің Ніл ағамыз да облыста сондай қадірменді басшы болған еді. Сондықтан оны мәңгі есте қалдыру үшін облыстың мұражайында ол кісіге арналған бір бұрыш ашылса дұрыс болар еді.

ОН БЫЛ НАМ КАК ОТЕЦ РОДНОЙ

О БОЛАТБАЕВЕ можно писать много, но все равно словесный портрет будет далек от живого оригинала. Это был действительно человек с большой буквы – приятно одинаковый в деловых и житейских отношениях. Настоящий человек.

Впервые с Нелем Адгамовичем я встретилась на сессии Возвышенского районного Совета депутатов три десятка лет назад. Меня, как и многих его новых знакомых, поразила его исключительная, сказать по-нынешнему, «компьютерная» память. Он подходил к любому участнику встречи и приветствовал его по имени-отчеству, расспрашивал о производственных и личных дела, интересовался здоровьем членов семьи и учебой детишек.

На перерывах был среди участников сессии, поддерживая любую тему разговора, начатую собеседником. А оказавшись в президиуме или на трибуне, по-деловому «раскручивал» обсуждаемую проблему, говорил просто, доходчиво, словом, так, как говорят руководители, когда сами убеждены в возможности решения вопроса и умело убеждают в этом других.

Ни одно его выступление из услышанных за годы работы не было декларативным, уложенным в прокрустово ложе бюрократических оборотов. Казалось, что он не на трибуне, а рядом, и беседует ни со всем залом, а только с тобой, «ввинчивая» свои мысли в собеседника, помогая жестами и мимикой. Так было, потому что слушатели воспринимали речь, что называется, с открытым ртом и, как водится в таких случаях, согласно кивали головами, как бы непосредственно участвуя в разговоре.

Председатель облисполкома знал производство лучше, чем порою те, кто им занимался. Он свободно беседовал с любым специалистом, механизатором, дояркой, скотником, работником культуры или иной сферы. Людям, не знающим его стиля общения, вопросы могли показаться слишком «каверзными», сказанными с какой-то подковыркой. Но со временем собеседники убеждались в его желании дойти до

истины, понять уровень знаний и мышления того или иного человека, помочь ему и его делу. Они навсегда оставались благодарны за откровенность и глубину разговора, который мог бы быть по форме безучастно-вежливым, а по сути пустым. С чем пришел человек – с тем и ушел. От Неля Адгамовича уходили обогащенными, взбудороженными новизной мысли, желанием работать и работать.

Однажды в период моей службы секретарем по сельскому хозяйству Булаевского райкома Болатбаев приехал в качестве куратора района, как член бюро обкома партии, для детального ознакомления с состоянием хлебов, ходом подготовки к жатве и общей обстановкой в «войсках» перед большим наступлением. Как было ему положено по должности и интересно по характеру, поездил по полям и мастерским, элеваторам, вник во все тонкости главного, зачем приехал. Но это был бы не Болатбаев, если бы он не заглянул в каждое село-ауыл, миновал школу, клуб, библиотеку, ФАП и все, что служит селянину.

Поехали мы и на пастбища вблизи села Красного, где нагуливало вес стадо овец совхоза им. Калинина. Нам не требовался бегущий впереди Кот в сапогах для оповещения работников о приближении «его величества» и наущения достойным ответам. Болатбаев вышел из машины, огляделся и направился к чабанам, приветствуя их как старых знакомых. В таком же стиле, с юмором-«подковырками» состоялся разговор о состоянии пастбища, привесах, оплате труда и семейных делах весь день оторванных от дома работников.

Беседовали без секундомера обо всем, что волнует человека труда, и просто человека. На прощанье Болатбаев обменялся с чабанами небезразличными рукопожатиями, обращаясь, как и при встрече, по имени-отчеству, пожелал каждому здоровья и успехов. Он всегда жаждал таких встреч, которые питали его аналитический ум, давали основания для широких обобщений, конкретного подхода к решению той или иной проблемы в масштабах области.

Сколько же было таких проблем! Своей властью и душою он содействовал строительству в каждом селе школ, домов культуры, лечебных блоков, бань и всего того, что хотелось иметь для полного счастья сельскому человеку, долго стоявшему вдали от столбовой дороги социального прогресса. Государство требовало все больше и больше аграрной продукции, а социальные блага доставались ему последними. Только годы спустя после военного лихолетья и

через полвека установления советской власти деревенка увидела «свет в окошке» в прямом и переносном смысле и постепенное исполнение провозглашенного лозунга о социальном сближении города и села.

Исполнительные органы и ведомства наряду с партийными комитетами все настойчивее занимались развитием производства, проводили всевозможные семинары – совещания с показом новой техники и технологии в полеводстве и животноводстве. Сотни людей собирались на такие «летучки», чтобы освоить опыт, который уже был у других. Я никогда не видела, чтобы Болатбаев стоял, как некоторые партийные лидеры, заложив руки за спину или безучастно сложив в запястье. Ему до всего было дело, что происходило вокруг. Он переходил от группы к группе, живо беседовал, убеждал в целесообразности скорейшего внедрения нового, умело вставлял «лыко в строку», детализируя, усиливая внимание к тем или иным проблемам.

Нель Адгамович всегда был сам собою, работал с полным включением души, за громадой дел видел людей, трудом которых и для которых делалось порою непосильное. Мы нередко шутили, что после пребывания в коллективе Болатбаева... подымались надоли молока. Прямо магия какая-то... Дело было, конечно, не в буренках, а в людях, с которыми поговорили так, как они этого жаждали. Стали работать энергичнее, честнее, своевременно накормили – напоили молочниц – вот они и отблагодарили. Любая живая душа на заботу отзывчива. А что уж говорить о человеке.

Я нередко подмечала и завидовала, как рабочие-производственники с восторгом и воодушевлением реагировали на выступления и живое общение с «большим человеком». Вот, думала я, и мне бы бог дал такое умение говорить с людьми!

Жизненной потребностью Неля Адгамовича были встречи с бывшими руководителями, ветеранами, аксакалами, не говоря уж о действующих вожаках хозяйств, специалистах, его сослуживцах. Подстать главному организатору работы были его боевые помощники М. Ю. Верткин, а затем П. Ф. Ходеев, Т. К. Шандров, З. С. Беева... Любой вопрос, с которым обратишься к ним, решался с успехом. Наверно, в каждодневной круговерти «шеф» и поругивал своих подчиненных за какие-то упущения, но публично всегда отзывался о них с большим уважением.

Для решения сложных для нас проблем многое поручал своим заместителям и руководителям подвластных структур, подключался сам, буквально на следующий день и через какое-то время «докладывал», в какой стадии решения находится этот вопрос. Не за нас решал, а с нами решал, помогал, а не устранился. Так может поступать действительно настоящий руководитель, уважающий свое дело и людей, которые не считали его богом, но все могущим другом считали. Все вместе и каждый по отдельности.

Многие из нас, теперешних ветеранов, были и остаемся признательны ему за его неугомонный труд, обаятельность и любовь. Потому ценим и помним. Он всегда выступал в защиту, поддерживал молодых специалистов. Ну прямо-таки отец родной. Не без его помощи происходило и мое продвижение по служебной лестнице. Чтобы из меня, в прошлом рядовой работницы вышел районный руководитель, нужно было кому-то разглядеть во мне то, чего я и сама не видела, помочь в овладении знаниями, поддержать в практической работе. Мне до сих пор радостно сознавать, что таким «зорким» человеком и оказался Нель Адгамович.

БЮРОДАН СОН

1977 жылдың ақпаны болатын. Редакция жаңадан салынған ғимараттың төртінші қабатына көшіп орналасып жатқан. Редакторымыз Үәп Әшімұлы Рақымжанов еңбек демалысына шығып Мәскеу түбіндегі курорттардың біріне тынығуға аттанып кеткен. Күнделікті газет алтасына бес рет шығатын да, редакция қызметкерлері дамыл таппайтын, күндіз запас беруден (газет материалдарын дайындаудан) қолдары тимейді, ал кезекшілік келіп қалғанда таң атқанша баспаханада дайын болған беттерді окудан бас қөтермейді. Таусылмайтын қарбалас.

Осындаған күндердің бірінде редактордың бірінші орынбасары Сұлтан Темірханов творчестволық құрамды шақырып алды да, шұғыл тапсырма берді.

—Қазір обкомнан кісі келеді. Коридорда шұбырмай бөлмелерде жұмыспен айналысындар. Бөгде жүріс, бөтен сез болмас,— деді ол түсін сұтыып. Тәртіп туралы айтқанда қаны қызып шыға келетін адам еді, сөзді шегелеп тастағандай шығарлады да, бәрімізді таратып жіберді.

Обком десе зәре-құтыймыз қалмай қалтырайтын заман емес пе, бір тықыр таялғандай сескеніңкіреп кабинеттерімізге барып отырдық. «Жайшылық па? Обкомнан кім келеді еken? Біреу-міреу шағым жазды ма еken? Тексеріске келетін шығар?»

Осындаған сұрақтар әркімнің басында шынылдалап тұрды. Ол тұста облыстық партия комитетінен жоғарыдағы үлкендерін былай қойғанда тәменгі сатыдағы нұсқаушыларының өзі редакцияға сирек келетін. Бір тапсырма бергісі келсе, яки басқа шаруасы болса шақырып алатын. Бастығымыз Сүкең обком өкілінің келу себебін біліп отырса да айтпады.

Мен жауапты хатшы болып істейтінмін. Кабинетке кіріп ойланып отырғанымда телефон шылдыр ете тұсті. «Келіп кетші»,— деді арғы жақтағы дауыс. Сүкең еken. Әлгі айтқан кісінің келіп қалғаны үнінен білініп тұр.

Темірхановтың кабинетінде обкомнан келген кісі екеудің сөйлесіп отыр еken. Қонақ орнынан ұшып тұрып амандастып жатыр. Екеуміз Алматыда университетте журналистика факультетінде бірге оқыған едік, ол — орыс бәлімін, мен — қазақ бәлімін бітірдім. Ол «Ленинское знамя»

газетінде, республикалық радиода біраз тілші болып, обкомға жоғарылап кеткен болатын. Виктор Васильевич Вихляев.

—Мына кісі біздің редакциямен танысуға келді, — деп Сүкең ресми қалыппен дәттеп жатыр. — Өзіміздің әріптесіміз ғой. Былтырғы жылдың тігіндісін, биылғы жылдың басын қарайды.

—«Ленин туын» ба? — дәллін мен.

—Ия, Бақытжан, — деді Виктор Васильевич күліп, ол мені осылай «Бақытжан» дейтін. Екеуміз бірге оқып, журналистік өрісте бірге қызмет істеп жүрген досжар көнілді жандармыз ғой бұрыннан. Тек обкомға ауысқан соң ол да салмақтанып, ресмилеу бола түскен сияқты, мен де бой сақтаңқырап, басымдығана изеп, айтқанын мақұлдаймын.

—Біздің редакцияны обкомның бюросында қарайды екен. Виктор Васильевич сол мәселені дайындаумен айналысады. Біздің газетті қарайды. Редактордың бөлмесі бос қой. Сонда отырып қарайтын шығар, — деді Сүлтекең.

—Сапа туралы, — деді Виктор Васильевичтің өзі қазақшалап. Ол өзі біраз қазақ сөздерін білетін, қазақша ән салатын, университетте оқығанда хорға қатысып, «Шолпан», «Он алты қызы» әндерін үйреніп алған.

—СОКП Орталық Комитеті сапа туралы қаулы қабылдады ғой былтыр, біздің газете жарияланған. Енді сол қаулының орындалуын біздің газет қалай жазып жатыр. Міне сол мәселе облыстық партия комитетінің бюросында қаралады. Мынау соған дайындық, — деді Сүлтекең.

—Бақытжан, сен маған көмектес. Мен осында отырып газетті біраз аударып шығамын. Соңсоң өзімізде қарармын. «Ленин туының» тікпесі бізде бар ғой, — деді Виктор Васильевич.

—Осылай обкомның бюросына дайындық басталып кетті. Обком кісісінің келіс мәнісін түсінген соң редакция қызметкерлері сабыр сақтап, салмақтана түсті. «Сапа туралы не жазылды, қандай материалдар берілді, кімдердің мақаласы шықты?» деген сауалдар тәңірегінде ойланып, тындырған істерімізді саралап, салмақтай бастадық. Әр бәлімдер бойынша анықтамалар жазылып жатты. «Бос сез, селтеңбай, шылым тартуды қойындар. Анықтамаларды нақтылы жазындар, құр суды құя бермендер. Бюроның қарсаңында бірінші бетке топтама хабарлар берсек. «Сапа-басты көрсеткіш» деп айдар берейік. Истеп жатқан жұмысымыз көрініп тұрсын. Бюroда жасайтын баяндаманы мен жазып жатырмын. Редактор келетін шығар. Сол кісіге дайындал қояйық», — деп Сүлтекең тағы бір жинал алып,

журналистерді нығарлап қойған. Екеуміз оңаша қалғанда өзінің үйреншікті әдетімен мырс етіп, күлімсірей маған қарады да басын шайқады. Бір нәрсені ұнатпағанда осылай қыбылжықтайтын.

—Партия да қызық өзі, осылай атусті мәселе қарай сала маекен? — деп бір тоқтады. — Бюорода қарайды. Обкомның бірінші хатшысы Василий Петрович Демиденко жоқ, екінші хатшы жоқ, редакторымыз жоқ. Бәрі демалыста. Біз үшін бұл маңызды мәселе. Газет жұмысының обком бюросында қаралуын осында ширек ғасырдан аса қызмет істеген мен бірінші рет естіп тұрмын. Оның үстіне қазақ газетінің ескеріліп, еске алынуы, бірінші рет бюорода қаралуы.

—Бюроның басқа мүшелері бар емес пе? — дедім мен өзімше бастығымның ренішін баса түскім келіп.

—Бірінші хатшы болмаған соң басқалары немене?

—Болатбаев бар ғой. Ол да бірінші басшы.

—Ол кісі дұрыс. Бізге жаны ашиды ғой.

—Басқалары ше?

—Әй, білмеймін. Жандары ашыса қазақ газеті туралы сөзді бюроның төрт көзі түгел отырғанда талқылар еді ғой. Бұл жай «галочка» үшін ғой. Жарайды, не болса, ол болсын. Әйтеуір бюорода қарасын. Үмыт қалмайық.

—Бюорода қараған соң, бюордан соң көмектесер...

—Не көмек берер дейсің. Обком хатшыларының, бөлім менгерушілерінің қазақ газетінің редакциясына келгенін ғұмыры естіген емеспін, көрген емеспін... Обком бізге ғұмыры жаңа машина берген емес қой, қазақтарға осы жарап деген сияқты өздерінен қалған салдаманды сырғыта салады.

—Ілияс Омаровпен түскен суреттеріңіз бар ғой...

—Ия, ия... құдай кешірсін, кінәлі болмайын, ол кісі келген, суретке түскенбіз. Ол ғажап кісі ғой.

—Болатбаев редакцияға келіпті ғой.

—Келген. Ол облатком тәрағасы. Мен обкомды айтып отырмын. Мына бір фактінің айттын,— деді де ол орнынан әдейі тұрып барып кабинетінің есігін қаттырақ тартып, жапты. Күлді. Сонысымен жақын тартып, кейде осылай ашыла ақтарылғанда сырын да жасырмайтынын аңғартты.— Мениң осы айтқандарымды біреуге айттып қойма. Өзімсініп ашынғанда айттып қаламын да. Ешкімге айтпайсың ба?

—Оныңыз не, Сүке? Мен өсек тасып, соншама кім дедініз?— дедім мен де күліп.

—Саған сенемін, сенемін. Сақтанбасаң да болмайды. Осы сөздерімді бюорога біреу жеткізсе мені де ондырmas.

– Менен қорықпаңыз.
– Қорықпаймын. Өншейін айтқаным ғой.. Сені бала кезінен білемін.

– Ендеше айта беріңіз.

– Айтайын, басқа біреуге айтып жүрме. Редактор жоқта обкомның бюросына мені шақырады. Сонда орыс газетінің редакторымен қатар отырамын. Бірінші хатшы бізге тапсырмалар беріп, алдымызға атап-атап міндет қойып жатады да орыс газетінің, оның редакторының аты-жөнін толық айтып, қадала қарап, көніл бөліп, ықыласпен назар аударады да: «и дальше казахская газета и редактор» деп иегін қаға салып, басқа жаққа қарап күбірлейді. Тіпті біздің газеттің, өз газетінің атын білмей ме, редактор орнына орынбасары келіп отырғанын білмей ме? Осынысы ұят қой.

– Енді не істейсіз, көнесіз де қоясыз. Орныңыздан тұрып шығып кетпейсіз ғой.

– Ия, солай, іш қыжылдайды. «Амал жоқ қайттым білдірмей» дегендей боласың... – деп Сүкең енді қатты күледі. Мен де күлемін. Екеуміз де өзіміздің дәрменсіздігімізге, қауқарсыз қылығымызға күлеміз әрине. Ал, шынында қазақ газетіне обком тарапынан титтей де көніл бөлінбейтініне қынжылатынбыз, ренжитінбіз. Бірақ ашық айта алмадық. Сонымызға күлеміз, анда-санда осылай шер тарқатып алып, өзімізден-өзіміз қорқатынымызға күлетінбіз.

Журналисттер ортасында да осыған үқсас әңгімелер кеукеуледі. Біреулері газет жұмысының обком бюросында қаралуын, көзге ілінгенін, назар аударғанын онға жорып, көнілге демеу көріп, мархабат санап жатса, екіншілері онша елл ете қойған жоқ. «Бюро мүшелері түгел орыс тілді, біздің газетте не жазылып жатқанын да білмейді. Қазақ тілін білетін жалғыз Болатбаев. Басқасы аузын да ашпас. Біздің газетті ақтарып бюроға материал дайындал жатқан нұсқаушының өзі орыс. Бюрода қаралудың, бюрода талқылаудың қорытындысы қандай болатынын осыдан-ақ аңғару қын емес», – десіп сырттан тон пішулер күңкіл-күңкіл сыйыс беріп жатты.

– Болатбаевтың өзі біздің газетті оқи ма екен?

– Бюро мүшелерінің арасында «Ленин туы» туралы нақ партиялық тұрғыда талдау жасап пікір айтатын кісі жоқ.

– Сонда несін талқылайды?

- Әйтеуір қазақ газетін үмітпаймыз, ол біздің органымыз, бюрода тыңдал отырамыз деп жоғарыға ақпар аттандырудың амалы ғой бұл.

- Қой, олай демендер. Болатбаев ағамыз отырган жоқ па?! Қазақ тіліне судай, жорғалай жөнелгенде небір шешенінді шаң қаптырып жібереді. Біздің газетті де оқып тұратын сол кісі ғана шығар.

Кейде коридорда алқа қотан тұра қалып шылым шегіскенде осындаі ойлар алмаса айтылып, бюроның қалай өтеріне, кімнің қалай сөйлеріне дейін болжам соғылып жатты.

Қалай десекте, «Ленин туы» газеті жұмысының обком бюросында қаралуы үлкен оқиға еді. Қашшама толқыдық, толғандық, істі ширатып, тағанды-ақ әзірлендік.

Ал, обком нұсқауышы Виктор Васильевич те дамыл таппай дайындығын күннен-күнге үстелей түсті. Редактордың кабинетінде қамалып редакцияда газетімізді біраз олай-былай ақтарған болды. Блакноты жаюлы, қаламы қолында. Бірдемелерді тұртіп алып әуреленеді. Кейде мені телефонмен шақырып алып шүқшиған мақаланың мазмұнын, авторын сұрайды. Қанша айтқанмен алымды, алғыр журналист емес пе, ойы да, қаламы да жүйрік, ұшқыр. Әккі, сұңғыла. Өзі еркін сөйлемесе де қазақшаны ептеп түсінетін. Газет бетіндегі мақалаларды сүзіп шығады да: «Ия, мында сапа рубрика есть» деп қадала қалып, ежіктеп оқып, бірер сөздің мәнін түсінген соң ой ағынын одан әрі өзі тарқатып алады. Сыр білдірмей, ізденген, үйренген қалыптан айырылмайды.

Өзінің тығырықта тұрғанын, қын жағдайда қалғанын қапысыз түсінетін ол іштей күйіп-піскен халде шығар, «Қазақ газетіне мені жібергені несі, әріптестеріме не ақыл-кеңес айта аламын, ол үшін сынап та тастау керек қой, мынауың не, былай істе деп нұсқау да беруім шарт, соның бәрін қалай атқарамын, өзім қазақ тілін білмеймін, әттеген-ай» деп бастығына ренжіген де болар. Соның бәрі іште алақұйын арпалысқан, ал сырты сап-саяу.

- Рубриканы қазақша айдар дейсіңдер ғой, Бақытжан, - деді ол қалың дәптерін жауып жатып. - Осы айдарда «сапа» деген сөз көп екен. Сапа, сапа дей берген соң бірсарынды, схематизм болмай ма? Басқа сөзбен ауыстырып қолдануға болмай ма?

- Болады. Сапалы жемшөп демей құнарлы жемшөп десек тіпті жақсы.

- Солай неге істемейсіңдер?

– Онда, «сапа» сөзі қайда, сапа неге жоқ дйсіздер ғой, Виктор Васильевич.

– Ол да жән екен.

– Егер қажет болса тігінділерді обкомға кабинетімізге апарып берейік.

– Тігінділерді қарал болдым. Енді ой қорытуым керек. Біздің бюрода Болатбаев Ніл Әдғамович сіздің газет туралы біраз пікір айтуды тиіс. Бюро мүшелерінің басқаларын білмеймін не айтарын?

– Ол кіcis газет жайын біле бермейді ғой?

– Біледі. Менен сұрап тұрады. Телефон соққан сайын буюрова дайындалып жатқанын аңғарамын. Бір қызық факті айтайдын, бәріміз журналиスピ兹 ғой. Ніл Әдғамович соңғы аптада маған бес рет телефон соқты. Ал бұрын бір жылда бес рет телефон соғатын. Осы фактіге ой жіберіп көріңіз.

– Онда дайындыққа ондаң кіріскең екен.

– Солай, солай. Нық болыңыздар.

* * *

Бюро ақпанның жиырмасы төнірегінде өтетін болып белгіленді. Ұмытпасам 24-і яки 25-сі-ау деймін. Редактор қатыса аямайды, әлі курортта. Баяндаманы Темірханов жасайтын болды. Ол кабинетті жауып алғып дайындалып жатыр. Не айтпақшы, қандай проблемаларды қозғамак, не ойлары бар – бәрі беймәлім. Тотолитарлық тәртіптің дәуірлеп түрған тұсы емес пе?! Басшылар айтса бас шүлғумен біtedі бәрі. Басқалардың пікірімен санаса қоймайды. «Бастық кетерде айтып кеткен жобасын, одан кейін телефон соқты. Соның айтқандарын жазып шықтым» деді де қойды біrде жігіттердің тапсыруымен сыр тартып көргенімде

– Жігіттер пәтер мәселесін айттып өтсе деп жүр, – дедім акырын ғана тамырын басып.

– Сапа туралы есеп беріп тұрып, пәтер сұраймыз ба? Бұл қалалық атқару комитеті емес қой. Не сөйлеп тұрсың? Сенен сапа туралы сұрап тұрмыз ғой. Сен сұрамайсың, біз сенен сұраймыз. Соны түсінесің бе өзің деп төбемнен төпелесе не деймін? – деп Сүкең аңтарылып өзіме қарады. – Бюrolарда болып жүрміз ғой. Сен пәтер сұрауға келдің бе, әлде есеп беруге келдің бе? Бұл обкомның бюросы емес пе? Сен өзің бара-бара осы жерде тұрып пәтердің ордерін сұрапсың. Неғылған коммуниссің деп талайларды мінбелерден қуып түсіргенін көзім көрді. Пәтер туралы айтсан, пәлеге қаласың.

– Жігіттерге не дейміз?

- Қының екенін мен де түсінемін. Бюроға пәтер сұрауға бармаймыз фой. Соны түсініу керек.

Сүкенің айтып отырған сөзінің де жаны бар. Обком бюросында, жалпы обкомда пәтер сұрау туралы сөз қозғалса қытықтарына тиіп қалатынын Үәкең редакторымыз да талай қынжыла әңгімелеп отыратын. Жақсы, жайлы, онды пәтерлердің бөлінің обкомның билігінде екені баршаға белгілі әрине. Ал, пәтер туралы арыз айтып барғандарды «біз білмейміз, қала басшыларына барыңыз, кезекте тұрсыз ба, кезегіңіз келгенде аласыз үйлер салынып жатыр» деп сырғытып шығарып салатыны да обком басшыларының бір жалпақ шешейлік алдамшы тәсілі.

Ал, пәтер мәселесі редакция үшін үлкен проблемаға айналған. 1963 жылы сәуірде Қазақстанның солтүстігіндегі қазақтары аз, орыстары басым бес облысының (Қостанай, Қекшетау, Ақмола, Павлодар, Солтүстік Қазақстан) облыстық қазақ газеттері тиражы тапшы, өзін-өзі актай алмайды деген сылтаумен жабылып қалған болатын. Журналистер сенделіп, далада қалып, дал болған далбаса қалпымен жан-жаққа көшіп кеткен. Әйтте үй Н. С. Хрущев орнынан түскен соң әйгілі «жылмық» кезеңі жақсылық әкеліп жабылған газеттер қайта ашылды да, қайтадан журналистерді жинауға тура келді. Сонда сырттан келіп редакцияға орналасқан қызметкерлерге қала басшылары пәтер тауып бере алмай біраз созбақтаған. Берген пәтерлері түгелге жуық қаланың шетінде, бірінші немесе бесінші қабатта болатын. Біраз қызметкерлер пәтер жалдап тұрып жүрді. Амал қांша, осы ең күрделі мәселенің бюорода қозғалмайтын түрі бар. Сол себептен де ұжым мүшелері бұл бюородан сондай бір иглікті жаңалық күте қойған жоқ.

Әрине, басшылар жағы бас сауғалайтыны көрініп тұр. «Осыдан аман шықсақ» деп дірілдеген дәрмені дауыстарынан да танылады. Әрине, несін жасырайын басшылардың арасында мен де жүрмін. Менің алдында редактор, оның екі орынбасары бар, кейде дау-дамайда партия үйімінің хатшысы мен кәсіподақ тәрағасы да папкаларын қолтықтап алға түсіп кетеді. Қалай бұлталактасаң да партиялық тартілтің, уысынан ауытқи алмайтын заман еді.

Жауапты хатшы газеттің күн сайын мезгілінде шығуына, оның беттерінің оқырмандық материалдармен толтырылуына, барлық осыған байланысты мәселелерге жауап береді. Бәлімдерден материалдар сұрайды, жетпеген жерлеріне шүғыл түрде хабарлар жазып беруді үйімдастырады.

Күнделікті газет шығарудың бүкіл қарбаласы соның мойнында. Сондықтан ол редакторат (редактор, оның екі орынбасарларын осылай атайдын) пен бөлімдер арасын жалғастыруши сияқты. Екі жаққа да жақын. Бөлімдер менгерушілерінің, тілшілердің бастыққа білдірер өтініштерін, тілектерін менен бастауының да сырьы осында болатын.

- Облыстық партия комитетінің бюросына редактордың бірінші орынбасары Сұлтан Темірханов, партия үйымының хатшысы, партия бөлімінің менгерушісі Серік Қасенов, кәсіподақ үйымының төрағасы, ауыл шаруашылығы бөлімінің менгерушісі Амандақ Жантеміров және жауапты хатшы мен баратын болдық.

Белгілеүген уақытта обком ғимаратының төртінші қабатына көтерілетін шағын залға келсек есік алдындағы қалта тәрізді алаңшада қабырғаға қатар-қатар тізіліп қойылған орындықтарда ешкім көрінбейді. Әдетте бюро мажілісінде бірнеше мәселе қаралып, оған шақырылғандар осы жерде тым-тырыс тізіліп отыратын. Бұл жолы олай емес. Біз ғана шошайып-шошайып, томсырайып орындарға жайғастық.

Бір кезде шағын мажілістер залына кіруге шақырды. Онда да кісі аз. Бюро мүшелерінің үш-тертеуі ғана отыр. Арасында Н. Ә. Болатбаев бар. Бірінші хатшының орнына отырып бюро мажілісін жүргізген облыстық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы А. А. Цыганков. Осы көріністің өзі-ак қазақ тіліндегі газеттің жұмысына бұл шаңыракта аса мән беріле қоймайтынын тағы бір бетімізге басқандай еді. Көnlіміз қоңылтаксып қалса да, бюро деген бір сөздің өзінен зәrezat болып қалғанбыз-ау сірә жүргегіміз лүпілдеп, қыптықтап отырмыз.

Мінбеге өзіміздің бір кездегі әріптесіміз, нұсқаушы В. В. Вихляев шығып, «Ленин туы» газетінің беттерінде СОКП Орталық Комитетінің сапа туралы қаулысының орындалу барысының жазылуы туралы хабарлама жасай бастады. Бәріміз қалталарымыздан қойын дәптерлеріміз бен қаламсалтарымызды алып, ескертпелері мен сындарын, нұсқауларын тұртіп алып, беріле тындаған, құлай ынтықкан қалыптамыз. Хабарламашы өзінің де мүшкіл халін жақсы түсінетін жігіт емес пе, жалпылама сөздерді, жалаң нұсқау, тілектерді нөпірледіп, нақты не айтқысы келгенін білдірмей жаба тоқып, сылдырлатып тартты. Мүшкіл халде екені сол, қазақ тілін білмей қазақ газетіне шолу жасағанына өзі де қысылып, қызараптап тұр. Бар айтқан сынны-газет беттерінде

«сапа» деген сөз көп ұшырасады екен, тақырыпта да, айдарда да, басқаларда да, жай мақалада да қайталана береді деді. Бірақ бұл сынды бюро мүшелері байқамай да қалды, біреуі де елең еткен жоқ. Хабарлама аяқталған соң оған да сұрақ қылмады. «Қазақ газетін қалай оқыдың?» деп біреу сұрауы керек-ақ еді, бірақ бюро мүшелерінің бәрі де үнсіздікті қалағаны көрініп тұрды.

– Сөйлеуші бар ма? – деді бюроны жүргізуши. Ешкім қозғала қоймады. Болатбаевқа жұз тоқтатып, өтінгендей болып еді, ол басын көтермей алдындағы қағазына шұқшиып қаламсаппен бірдемелерді жазып жатты. Дайындалып отырғанын аңғарған А. А. Цыганков:

– Э, Ніл Әдғамовиң дайындалып жатыр екен ғой, мен бірекі ауыз сөз айтайын, – деп өзі бізге қарап баяу үнмен сөйлей бастады. Алғашқыда нeden бастарын білмегендей бұлталақтап қалып еді, сөз сөйлеуге тәселең алған әккі, қу емес пе, СОКП Орталық Комитетінің Сапа туралы қаулысы тікелей сіздерге арналып отыр, қымбатты журналистер, деп бір қайырып алған соң партия шешімдерін мұлтіксіз орындау біздің міндеттіміз екенін жаттап алғандай біраз соғып, жарты сағат уақытты алды.

– Енді сіз сөйлейсіз бе, Ніл Әдғамовиң? – деп ол сөзін аяқтай беріп Bolatbaevқа қарап тоқтады.

– Менің де біраз ойларым бар еді, – деп Ніл Әдғамұлы орнынан баппен көтеріліп, көзілдірігін түзеп залға қарап, бізге көз тоқтатты. Қолында жазба қағаздары. Сүбелі сайланғаны сезіледі.

Осы болмысының өзі бізге жылы ұшырап тұрды. Жанарында жұмсақ нұр. Жүзінен жанашыр жанының іштей толқыған сезімі сәлғана дем шашқандай. Баппен сөйлеп әр сөзін салмақтап жеткізетін дағдысына баққандай орнында қозғалақтап ыңғайлы сәт тапқан тұрмен сөйлей бастады.

– «Ленин туы» газеті біздің облыста шығатын жалғыз қазақ газеті, сондықтанда бұл газет маған соншалық ыстық. Ол менімен менің ана тілімде сырласады. Сондықтанда мен оны үйге жаздырып алып, әр нөмірін оқып шыққанша асығамын, бұл – бір, – деп ол бюро мүшелеріне қарады. Олардың ешқайсысы елп етпеді. Сұлық, селсоқ. Әддettегі бір жайдақ сөздер айтылып жатқандай естілген шығар оларға сірә. Ал бізге майдай жағып барады. Төртеуміздің де көзіміз шырадай жанған болар. Bolatbaevқа қадала қарап қалыппыз. Ол толқуын басқандай болып сәлғана іркіліп барып, сөзін әрі жалғады. – Екіншіден, «Ленин туы» деген тақырыптың

астында «Облыстық партия комитеті мен облыстық атқару комитетінің органды» деген жазу түр. Бұл – міне бізге үлкен міндеп жүктейді. Сондықтан мен көптен толғанып жүрген ойларымды түгел жеткізсем деймін. Уақытты қебірек алып қойсам кешірім сұраймын. – Осы кезде ғана бюро мүшелері бастарын изеп, мақұлдан жатты.

Облыстағы екі басшының бірі болған соң лауазым тұғырынан сейлем Ніл Әдғамұлы алдымен партия съезінің шешімдерін, СОКП Орталық Комитетті Пленумының қаулысын атап-атап алды, онсыз қандай ағып тұрған шешен болсаң да сөздің тұзы татымайтыны белілі. Завод, фабрикалар жақсы жұмыс істеп жатқанын, облыс экономикасы қөтеріліп, мәдениеті гүлдене түскенін бізге жеткізді. Орталық Комитет сапа туралы қаулы қабылдан жедел бір биікке қөтеріп тастағанын да айтты. Журналистердің міндепті осы жақсы істерді халықта жеткізу болып табылады деді.

Сөзінің екінші бөлігінде ол бізді тіпті тәнті етті. Сапа туралы газет бетінде жарияланған мақалаларды талдай бастады. Жақсы жақтарын айттып, кемшіліктерін атап көрсетті. «Эрине, мен журналист емеспін, оқырман ретінде айттып тұрмын, кішкене болса да жетілдіре түссе деген ниетпен айттып тұрмын» деп кешірім де сұрап алды. Көрсеткен кемшіліктерінің бәрі дұрыс. Экономиканы терең зерттеп, ейтінімізді, жеңіл-желлі қалқытынымызды дәл басты. Бұл сындың біз мойындан отырмыз.

– Журналистер бал тілейтін халық, – деп бізге бір көз тастап алды да, жымиып қойды. – Бұлар шыбыты келгенде бүркіратып жазып тастайды. Сондықтанды жақсы жақтарын да айтқан жөн. Мен өзім жақсы мақалаларды оқығанда редакцияларға телефон соғып отырамын. Сіздерге Үәп Әшимович айтатын шығар.

Бұл тұста біз ептең көтеріліп қалдық. Ніл Әдғамұлы редакцияның бірқатар журналистерінің атын атап, жақсы мақалаларына дейін тізді. Бұл сөздері бізге бір-бір ат мінгізгендей әсер етті.

Осылай бюро мәжілісінің соңы біздің алғашқыда Құлазыған көнілімізді бір сертіліп жадыратып тастады. Болатбаев орнына отырған соң биороны жүргізіп отырған обком хатшысы басқа сейлеуші жоқ екенін, қаралған мәселе бойынша қаулы қабылданатынын айтты. Осы тұста Ніл Әдғамұлы реті келіп тұрған соң тағы бір сез қосып қалды.

– «Ленин туы» газетінің мәселесі обком биоросында жи қаралып жатқан жоқ қой, – деп әріптестеріне жағалай көз

жүгіртіп, оларға бас изеткізіп сөзін мақұлдатып алды. – Ендеше қазір мына журналистерге не тілегің бар деп сұрасақ, бәрі бірауыздан «пәтер керек» деп жамырап қоя берер еді. Бұлар міне бізді сыйлап, тәртіп сақтап үндемей отыр. Бір рет өзіміз инициатива көрсетіп қаулыға редакцияға пәтер бөлу жөнінде жазып жіберсек.

– Пәтер бөліп отырған жоқпыз ғой.

– Сапа туралы Орталық Комитет қаулысын айтып отырып, редакцияға пәтер бөлінсін деп қаулыға қалай қосамыз, десін күбірледі бюро мүшелерінің кейбірі.

– Ретін тауып, пәтер демей-ақ журналистердің тұрмыстық жағдайын жақсарту ескерілсін деп қосып жіберіп, артынан өзіміз нақты көмектеспейміз бе? – деп Болатбаев та өз ұсынысын өткізуге тырысып бақты.

– Басқа бірде оның ретін табармыз, – деп бюро жүргізуши қолды сілтей салды. Партия басшыларында нағыз өткір пәтер мәселесін осылай жылы жауып, созбақта жіберетін жылпос тәсіл болатын. Бюро соның шылауында кетті.

Ұсыныс иесі үндемей қалды. Ендігі ұмтылыс мәні болмайтынын ол да түсінді.

– Осымен мәселені қарау аяқталды, сіздер боссыздар, – деді бізге идеология жөніндегі секретарь.

Бюородан шығып, есікті жапқан соң бір-бірімізге қарап, мырс-мырс еттік. «Бюро, бюро, бюро деп зәре-құтымыз қалмап еді, ол да етті. Осы ма?» дегендегі сұраулы пішінде едік әрқайсымыз. Әртүрлі әсердеміз. Ніл Әдғамұлының сөзі ғана бізді серпілтті. Өзіміздің ойларымызды қозғады, нағыз сыздаған тұстарымызды сипалап өтті. Ол кісіге де кінә қоюға болмасын біз түсінеміз. Ол заман талабынан асып түсе алмады. Дегенмен оның, «менің ана тілімдегі газет» деген сөзі бізге қатты әсер етті. Бюорода бұлай айырықша атауға әркімнің батылы бара бермейді. Ұлтшылдық айып тағама деп сескенеді. Ал, Болатбаев сескенбеді, ана тіліндегі газетті өқитынын, сүйеттінін анық, ашық айтты. Сонысына сүйсіндік.... Бюорода бұлай айырықша атауға әркімнің батылы бара

* * *

Редакцияда біздің бюородан оралуымызды бәрі тағатсыз тосып отыр екен. Жамырай қарсы алысты. Айнала сұрақ.

– Бюро мүшелерінен кімдер бар?

– Қандай сұрақтар қойылды?

– Кімдер сөйледі?

– Не айтты?

– Сын айтылды ма?

- Бюроның бізге, газетке пайдасы тиетін түрі бар ма?
- Артынан осы тақырыпта әңгіме өткізейік, обком бюросының қаулысы келеді артынан. Сол бойынша партия жиналышын өткіземіз. Редактор келсін. Жамырамандар, бөлмелеріңе барындар, жұмыс істендер, - деп Сүкең кабинетіне кіріп кетті. Бәріміз де орындарымызға барып, енді шағын топ болып әр кабинетте әсерлерімізді айтысып жатырмыз. Қазақ тіліндегі газеттің мақалалары орыс тілінде талқыланды. Сала туралы СОКП Орталық Комитеттің қаулысын қайта-қайта ауызға алып, тілге тиек ете отырып, осылай талқылаудың сапасы жайлы бізден басқа ойланған кісі болмады. Бұл сұрақ бәріміздің көкейімізде тұрды, бірақ айтылмады. Партия не айтса – соңы істедік. Ішімізде өкініш қана тұншықты.
- Бірінші секретарь демалыста.
- Екінші секретарь қайда?
- Ол да демалыста.
- Сонда бюроны кім өткізді өзі?
- Үшінші секретарь өткізді.
- Мәссаған.
- Оның да құқығы бар бюро өткізуге.
- Құқығы бар ғой, бірақ ондай бюроның мәні қандай дейсін. Жетім қыздың тойынданай.
- Тек ондай сөзді қойындар.
- Шындығы солай ғой.
- Ніл Әдғамұлы Болатбаевтың сөзінің өзі бір бюроға тұратын болды. Сөзі де, өзі де нар. Соған сүйсіндік, көмек көрсететін түрі бар, – дегенімізде қызметкерлеріміз желлініп, серпіліп қалды.
- Нікең десенші өзіміздің ағамыз сияқты тұлға тұтып. Біздің арқа сүйеріміз сол кісі ғой. Несін жасырайық, – деп үлкендер жағы қопаң-қопаң етті. (Расында да бұрын жақын әңгімелесіп, жиі барып көрмеген соң сол кездегі ресми әдетпен көбі орысша «Ніл Әдғамович» дейтін. Мына сөзден кейін редакция жігіттері Болатбаевты «Нікең» деп атауға көшті. Ол кісіні өмірінің соңына дейін солай атадық).
- Ал ол кісі не деді?
- Сол кісінің сөзін айтшы; – дескен соң кабинетімде жиналғандарға бюродағы сөзді қысқа әңгімелеп бердім.
- Бәсе, тусаң ту.
- Қазақтың мұнын қазақтан басқа кім айтты дейсің.
- Байқап сөйле. Үй артында кісі бір деген.

- Қойшы осы, бұға бермейік. – Осылай бір тасып, бір басылып дегендей кешке дейін редакция кабинетерінде гу-гу әңгіме басылмады.

– Бюроның жақсылығы бола ма?

– Ол бізге қашан жетеді?

– Бос сөз болмаса жарар, – дескен үндер де естілді көп әңгіменің соңында.

Арада бірнеше күн уақыт өткенде обком бюросының қауалысы да келді. Апыл-ғұптыл дайындалып осы қауалыны орындау жөнінде ашық партия жиналысын да өткізіп жібердік. Қауалыны бірауыздан құптаап, мұлтіксіз орындаймыз деген қауалыны біз де қабылдап, хаттап мықты жерге салып тастадық та, содан қайтып біз де, жоғарғы жақ та еске алмадық. Мүмкін редакторға айтып жатқан щығар, бірақ бізге еш хабар жетпеді.

Тек редакторымыз ілездемелерде Ніл Әдғамұлының тапсырмалар бергенін айтып, сол бойынша жігіттерді іссапарларға жіберіп жатты. Бюроның біз үшін ең үлкен пайдасы сол – облатком тәрағасы Болатбаев бізге бұрынғыдан жақындай түсті. Газетімізден оқыған материалдарын айтып редакторға телефон соғады. Оңдысына разылығын, олқысына ренішін білдіреді. Сонысының өзі қалам иелерін ширатып, жауапкершілкі арттыра түсті. Газетіміздің жоғарғы жақта оқылып жатқанына қуандық.

Нікеңнің біздің редакцияда қызмет істейтін достары да болды. Ол кісі Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеген кезде «Ленин туы» газеті жабылып қалып, редактордың орынбасары Мұхамедқали Нұргожин Сергеев ауданына құрылыш үйимы бастығының орынбасары болып ауысқан. Ал Тұрысбек Кәдіров сол аудан бойынша меншікті тілші болып бұрыннан істейтін. Үш үйдің отбасы аралас-құралас тату-тәтті тұрса керек, Петропавл қаласына көшіп келгеннен кейін де Нікең екі досын ұмытпады. Кейде телефон соғып, редактордан сұрап алып, іссапарға өзімен бірге біреуін ала кетеді. Әрине, бұл да газетке абырай, бедел болатын. «Нікең» шақырып жатыр деген хабар жеткенде екеуі де күлімсіреп, құстай ұшып жөнелетін. Оларға қызыға қарап біз қалатынбыз. Кейін Нікең екеуіне де көмектесіп, жақсы пәтер алып берді.

Басқаларымызды да назардан тыс қалдырмады. Облыстық семинарларға, конференцияларға шақыртып, журналист келді ме, жоқ па соны қадағалап, қамқорлық жасап отыратын. Бірде бір үлкен жиналыста біздің жас қызметкер

жасқаншақтап артқы жақта қалып қойыпты. Семинарды жүргізіп отырған Болатбаев залды олай-былай шолып, іздегенін таба алмаған соң:

– Осында «Ленин туы» бар ма? – депті даусын көтеріп. Жас жігіт түкпірден созалаңдап тұрып әрең керінгенде:

– «Ленин туынансың» ба? – «Ия» дейді анау. – Ендеши сенің орның мында, – деп алдыңғы қатарды нұсқапты. – Андағы жерден не естисің? Шала-пұла бірдеме құлағына шалынып, өртең қате жазасың. Кел, үялмай өз орныңа отыр. Отырар жерінді біл, – депті. Әлгі жігіт осы ықылас-ілтифатты талай жerde ризалықпен айтып жүрді. Алдыңғы қатарда отырған орнынан нұсқаушы-ұйымдастырушылар қуып шыққан. «Тілшімін» дегенімді тыңдаған да жоқ. Артқа жөнелтті. Қазақ газетінен болғанымды білген соң солай болды ма, кім білсін. Әйтеуір, құдай қалауымды бергендей, Нікең шіркін бір ауыз сезімен түкпірден суырып алып, ілгеріге әкелгенде әлгі нұсқаушы-ұйымдастыруши кіржип, амалсыз өз орнын босатып берді», – дейтін ол.

Маған да бір рет ескерту жасап, ағалық ақылын айтты. Шілденің жазы. Құн ыстық. Әдемі құндердің бір еді. Сәбит Мұқанов Алматыдан келіп, «Восход» қонақүйіне тоқтаған. Түс кезі болатын. Сәбенә Мәриям апаймен екеуі келіп бөлмеге орналасыпты. Облыс басшылары отырса керек. Редактор: «Жазушының келгені туралы хабар бер, реті келсе қысқа сұхбат ұйымдастыр», – деп мениң жіберген еді. Сәбенә жуыр маңда босайтын емес. Бір кезде есік ашылғанда Нікең мені көріп қалды да: «Бақыт, кір, бері кел. Сәбенә келгенде сендер отыруларың керек қой қасында, – деп шақырып алды да мен кіріп келе жатқанда жазушыға бұрылды. Сәбе, мынау біздің осындағы жазушымыз», – деді. Мен қос қолымды созып сәлем бердім. «Амансың ба, айналайын, Бақытты білеміз, келген сайын осылай сәлем беріп, сұхбаттасып, газетіне жазып қояды. Мен бұған газетінді қой, кітап жазуға кіріс, қолыңнан келіп тұр, газет адамды қажытып, жеп қояды деп едім. Ия, ештеме жазып жүрсің бе?» деп Сәбенә маған қарады. Үндей алмадым. Расында да газет жұмысы мұрша келтірмейтінін несіне айтайын, Сәбенә өзі де біліп тұр. Мәриям апайға да сәлем беріп амандығын сұрап жатырмын.

Жазушымен қысқа сұхбатты тез бітіріп, газетке қажетті хабарды алған соң сыртқа шыққанымда Нікең де бізден бұрынырақ кеткенмен есік алдында тұр екен. Біреулермен сөйлесіп тұр. Мені көріп қасына шақырып алды.

- Әй, Бақыт-ай, состиып сырт жүресіңдер-ау, сендерді не деуге болады? - деп Нікең күлімсіреп жақын тарта сейледі. - Кісікіксіңдер. Таудай Сәбен әлыстан келгенде жақыннан табылып жүгіріп журу керек қой. Ол күнде келе бермейді ғой. Оңтүстіктің жігіттері болса ғой ендігі он орап алып, Сәбенің оң тізесінде отырады. Солардай неге болмайсыңдар. Ертең тұста осында бол. Мен редакторыңа айтамын; - деп ол кісі маған қадағалап тапсырды да, машинасына отырды.

- Жарайды, раҳмет, Ніке, - деп мен де редакцияға қарай жүгірдім. Ойланып келемін, қуаныш лүпілдейді кекірегімде. Бір жағынан ұлы жазушының алдында Нікеңнің мені қолпаштап көтеріп қойғанына сүйсінемін. «Білгір кісі-ау, жөн сез айтты. Состиып сұық тұратынымыз рас-ау. Жақындармаймыз, алыс тұрамыз», деп өзімді кінәлаймын. «Апырмай, кітаптарды бірінен соң бірін баспадан шығарып жатқандай мені жазушы деп қопырайтып қойды-ау» деп те қысыламын. Әйтседе ертең Сәбенмен бір жерге баруға шақырғанына разы болдым.

Нікеңнің осындаған мейірімін, жан жылуын талай көрдік. Кіммен болсын үлкен-кішілігіне қарамай тез үйіріле кетіп, еркін сейлесетін. Қолынан келген көмегін аямайтын. Бүкіл облыс болып «ел ағасы» деп сыйласп, құрмет тұтқан білікті басшы, талантты ұйымдастырушы, бірнеше рет Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланған халық қалаулысы еді.

* * *

Құрметті еңбек демалысына шыққан соң бос уақыты молайып, Нікең көшеде көбірек көрінетін болды. Ленин көшесінің басындағы үйінен шығады да, орыс драма театрына дейін ақырын аяңдал бара жатқанын көзіміз шалатын. Қаншама адамдармен кездесіп, амандастып, бөгеліп қалып, сейлесіп тұрғанын байқайтынбыз. Жолшыбай біздің редакцияға да анда-санда соғып, кейде жоғары көтеріліп, журналистермен әңгіме шертісетін. Қонаев қоры құрылып, соның тәрағасы болды да, осы қоғамдық ұйымның мән-мақсатын түсіндіріп мақала жазды, сұхбат берді. Сонда байланыс жасайтын адамы Мереке Тұралин болатын. Оның әкесі Сексенбаймен бір тұста қызмет істеген екен. Секең «Баян» колхозының тәрағасы, Нікең Преснов аудандық партия комитетінің екінші секретары болғанда араласып тұрыпты. Маған телефон шалып, Мерекені сұрап оны облыстық агроОнеркәсіп комитетінің бір бөлмесіне орналасқан Қонаев

қорына шақырып алатын. Мерекенің жігітшілігін, журналистік қабілетін сыйласап, мінезін бағалап, кездескенде жұмсақ жарасымды әзіл айтып қоятын.

«Қазақ» тілі» қоғамының облыстық филиалы жанында облыстық ақсақалдар алқасы құрылып, Нікең оның терағасы болды. Бұл да бір өте орынды орайласқан онды қоғамдық құрылым қатарына қосылды. Сырт көз қызыға қарайтын, құрмет тұтатын. Алқа мүшелері кілең бұрын ел басқарған, билік басында адал қызметімен халқына жаққан аса қадірлі, ардагерлер-ақсақалдар еді. Олардың кешегі соңғы қызметтерінің лауазымын атағанның өзінде риза болып бас иесіз. Ақсақалдар алқасының терағасы Ніл Әдғамұлы Болатбаев – Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің терағасы, оның орынбасары Жақсылық Габдоллаулы Ысқақов Павлодар облыстық атқару комитетінің терағасы болып қызмет істеген, ал алқа мүшелері кешегі аудандық партия комитетінің бірінші секретарълары, аудандық атқару комитетінің терағалары, қалалық, аудандық партия комитеттерінің екінші, үшінші секретарълары.

Нікең ақыл-ойдың, білім-тәжірибелің осынау орасан күшін қоғамдық іске бағыттауды қолға алып, шебер ұйымдастырыды. Ақсақалдар белсенділігі бәрімізге өнеге, үлгі бола бастады. Олар өз мәжілістерінде қазақ тілінің мәртебесін көтеріп, қалада қазақ мектебін ашу сияқты маңызды мәселелерді қозғап, мемлекеттік органдардың алдына проблемалар қоя білді. Жұрт өтініш, тілекпен ақсақалдар алқасына барып жатты. Мұның бәрі алқа терағасы Болатбаевтың іскерлігінің, біліктілігінің, бай тәжірибесінің арқасында мүмкін болған иғі істер еді.

Ақсақалдар алқасы біздің редакцияға көмектесу жағын да ойластырганын атаған орынды. Нікең өзі мені көрген сайын редакция жағдайын сұрап отыратын. Бірде газеттің тараулы туралы сұрады.

– Қалада «Ленин туы» аз тарайды. Өсіреле оқыған жоғары білімді қазақтар ана тіліндегі газет-журналға менсінбей қарайды. Бұл – халқымыздың қасиretі fой, – дедім.

– Орыс болып кете жаздадық қой. Әйтеуір аман күнімізде – орыс болып кетпей тұрғанда ес жинап, ел боламыз деп жатырмыз. Оған тәубә, шүкіршілік деймін. Саспа. Бес-алты жылда мына қала қазақта толады, сонда газетінді алушылар да көбейеді, – деп ағалық ақ пейілмен аңқылдан жұбытап қойды.

– Айтқаныңыз келсін, Ніке, – дедім.

- Ал «Солтүстік Қазақстан» газетінің қалада таратылуын ақсақалдар алқасында қарайық. Әрбір ұйымдарға, мекемелерге ақсақалдарды бекітіп, барып тұруын, қазақтардың өз газетіне жазылуын қадағалауды сұрайық.

- Үлкен кісілерді жұмсау қыын фой.

- Сен жұмсамайсың, мен жұмсаймын. Барып келсең қайтеді, бірер қазақпен сөйлесіп көрші, неге қазақ газетіне жазылмайды еken деп ақырын ғана тілек айтамын. «Бет көрсө жұз ұялар» дегендей үлкен ақсақал келіп тұрғанда қай қазақ қарсы келіп дау айтар дейсің, жазылады газетіце.

- Мына сөзіңізге рахмет, Ніке. Арқаға батқан жұкті бірге көтеріскендей болдыңыз.

- Осы жақында ақсақалдар алқасында бұл мәселені сейлесеміз. Ұлтымыздың намысын жыртпағанда қайтеміз, қартайдық деп қол құсырып отыруға болмас, - деп үлкен кісі адамға қайрат-жігер беретін, қанатынан қомдап жіберетін аталы сөз айтты.

Арада көп уақыт өтпей ақсақалдар алқасы өз мәжілісінде қаладағы қазақтардың біздің «Солтүстік Қазақстан» газетіне жазылуы туралы мәселе қарал, ардақты ардагерлер мекемелерге, ұйымдарға баратын болды. Кейін олар өздері тындырган шаруаларын бізге хабарлап, көп көмек көрсетті.

Үлкен адамның үлкен істері осылай ұмытылмай есте ұзак сақталары анық. Біздің ұжым мүшелері Нікеңнің сол жақсылықтарын жырдай әңгімелеп отырады.

... Нікеңмен соңғы кездесуіміз ұмытпасам 1996 жылдың біші тамызы. Жаздың жаймашуақ күндерінің бірі. Сенбі болатын. Облыстық филармонияда бір мәдени шара ұйымдастырылып, сонда Нікеңмен бірге тәралқада отырдым. Мәдени шара аяқталған соң бізді филармонияның бір түкпіріндегі үлкен бөлмесінде жасалған дастарханға шақырды. Облыс әкімінің бірінші орынбасары Құдайберген Қалиев, «Қазақ тілі» қоғамы облыстық филиалының тәраасы Қосыл Омаров, облыстық мәдениет басқармасының бастығы, филармония директоры және басқа өнер адамдары болды. Дәл сол күні сапармен біздің облысымызға келіп қалған белгілі композитор, әнші Алтынбек Қоразбаевты құрметті қонақ ретінде ортамызға алып, дүйлдап отырдық. Кешті Нікең жүргізіп, әркімге рет-ретімен сөз беріп отырды. Сөзге шешен еді, сөздің қадірін көтеріп, сөздің дәмін келтіріп сейлейтін. Шешендікке салып, сөзді сұйылтып та алмайтын. Біреуге сөз берерде орнынан көтеріліп, аса мәдениетті, сыйрайы қалыппен әлгі кісіге құрмет көрсете қарал алып, жылы-жылы алғысөз

айтатын. Мәртебесін, мерейін көтеріп, жүзіне жылы шырай жүгіртетін. Кешті өте әдемі жүргізіп отырды.

– Бұғін біздің ортамызда қазақ елінің ғажап композиторы, әншісі Алтынбек келіп, мына кешімізді көркейтіп отыр. Алтынбек айналайын, сенің әндерінді естіп өзінді бір көруді арман еткен қалың тыңдаушыларың ортасында біз де бар едік. Ойламаған жерден ортамызға келгеніңе қуаныштымыз, – деп ағамыз Алтынбекке ықыласпен бұрылып күлімсіреп шын көңілден қуанған райын аңғартты. Композитор қонағымыз қызылшырайлы жүзі дуылдан, басын қайта-қайта изеп, «рахмет, аға» деп ақырынға тіл қатып ризалығын білдіріп жатыр. Нікең азғана таныстыру сезімен музика саласынан да мол хабары бар екенін байқатып тастанды. «Қара шал», «Қара кемпір» әндерімен Алтынбек біздің ата-аналарымызға арналған шексіз махаббатымызды жеткізгенін айтты. «Қара шал», «Қара кемпір» деп бадырайта атаудың өзі алғашында тым оғаштау, қарадүрсін көрініп қалуы мүмкін, бірақ жүректің қыл пернесін нәзік басқан ғажап әуен осынау қарапайым адамдардың бойындағы асыл қасиеттерді ашып, бізді оларға ынтық етеді, оларға деген сүйіспеншілік мұңын тербетеді. Ол неғылған мұн? Ол сол қара шалдар мен қара кемпірлерді сағынған мұн дей келіп Нікең бәрімізді толқытты. Алтынбек те баппен сөйлеп, дана ойлар тастаған дастархан ағасынан кірпік қасқырай қадала қатып қалыпты. Таңырқаған түрде. Мына кісінің жалпылама соқпай білгірлікпен шыншыл көңілін дөп жеткізіп тұрғаны таңырқатқан тәрізді.

– Мына кеш мені де ерекше қуанышқа бөлеп отыр, – деді рәмкесін қолына ұстап орнынан көтерілген Қоразбаев. – Осы өңірге жолым түскен алғашқы күннің алғашқы кешінде Нікең сынды асыл текті ағамызға, оның мынадай тамаша іні-қарындастарына жолыққаныма қуаныштымын.

Қанша айтқанмен сезімтал өнер адамы ғой Алтынбек ағасының шын пейілден ақтарылған ақ тілегіне майдай еріп, еркін ашылып, әдемі әңгімелерге көшті. Өзі ішкіліктің ешқайсысының дәмін де татпайды екен. Қолына рәмке алып, аузына апарған ишарағана жасайды. Дастархан басындағылардың өзіне аударылған ерекше назарын сезініп, бәлсініп-бәлденіп шегіншектеп алмай-ақ бірден қолына домбыра алып көпшіліктің тілегіне орай әндерін орындауға ауысты. Алдымен әрбір әннің шығу тарихын әңгімелеп береді де, одан соң әуелетіп ән шырқайды. Бәріміздің риза болғанмыз сол – кішігірім дастарханымыз атақты композитордың концерттік кешіне айналып кеткен сияқты.

Шіркін, Нікең-ай, көсем де, шешен де бола біледі, Алтынбектің кілтін оңай тапты. Алтын сандықты сыңғырлатып қалай аша білді десеңіші. Нікең болмаса Алтынбек Қоразбаевты көрдік, бірге отырдық деп кете барамыз. Нікең бастап, бабын тауып еді Алтынбек те алтын жігіт екен ашылып сала берді. Кімнің алдында отырғанын ол да түсінді. Оған да рахмет. Адамды түсіне білген, тани білген азамат та асыл, – деп Құдайберген Қалиұлы көвшіліктің көңіліндегі ойды жеткізді.

Нікең дастрахан басында отырғандардың біреуін де назардан тыс қалдырыған жоқ. Бәріне де сөз беріп, тілек айтқызды. Әркімге сөз беруінің өзі үлкен адамның кішіге арнаған ықыласын, ақ қөнілін жеткізіп жатты. Бір мезгіл Алтынбекке үзіліс беріп, өзіміздің әншілерімізге кезек беріп отырды.

Уақыттың қалай зырлап тез өткенін байқамай сыртқа шыққанымызда күн екіндіге еңкейіп барады екен. Бірақ әлі жарық. Сол жерде редакцияның фотоаппарат ұстаған жігіттері кездесе кетті де Нікең бәрімізді тоқтатып жиып алды.

– Әңгіме шерттік, ән салдық, енді ескерткіш болсын суретке түсейік. Алтынбекпен ғажап кеш өткіздік деп еске алармыз бір заманда, – деп ол Алтынбекті ортага алып, өзі қасына тұрып жұртты қатарға келуге шақырды.

Сол суретке қарап отырып бүгін Нікеңді еске аламыз. Мениң шамалауымша сол сурет Нікең түскен соңғы сурет, немесе соңғыларының бірі шығар. Бірге болған сол кештен кейін екі-үш күн өткенде Ніл Әдғамұлы қызметтес болған достарының бірі қайтыс болып Мәскеуге ұшып кетті. Одан орала сала өзі қатты ауырып құлап түсті де, көп ұзамай дүние салды.

Міне осылай елімізге белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, үлкен жүректі аяулы ағамыздың жер үстіндегі дәмі таусылып, оның асыл бейнесі жүректе қалды.

СОЗИДАТЕЛЬ

ПРИ ОТКРЫТИИ мемориальной доски на доме по ул. Павла Васильева, 63, где многие годы жил Нель Адгамович Болатбаев, среди присутствующих была и учащаяся молодежь, видимо, направленная одной из школ для «массовости», как это случалось во все времена. Чувствовалось, что происходящее не очень-то их волновало, так как они, несмотря на замечания педагогов, переговаривались на свои темы, явно не прислушиваясь к душевным словам выступавших ветеранов, которых было предостаточно и без этого безучастного «десанта».

И тогда я повернулась к стоявшим за спиной и осведомилась, а знают ли они, кем был человек, имя которого собрало столько людей, пожелавших лично присутствовать при открытии мемориальной доски, навсегда закрепляющий память о деятельном, сильном духом человеке. Нет, они ничего о нем не знали. И тогда я не удержалась и тут же тихонько рассказала подросткам о Неле Адгамовиче, который всю жизнь посвятил заботам о своей малой родине и действительно многое сделал в качестве руководителя областного исполнительного комитета.

Драматический театр, первоклассный кинотеатр «Казахстан», который теперь именуется культурно-развлекательным комплексом «Домино», стадионы, больницы, детские сады, производственные и жилые корпуса и многое-многое другое – все это сотворено, пусть не его руками, но его заботами, его беспокойной душой. И новые здания многих школ – тоже. В одно из них переселилась из обветшавшей «избушки» и старейшая школа города под № 1, в которой, как выяснилось, и учатся невольные участники этого собрания общественности.

Глаза ребят светились интересом. Мифический для них образ Болатбаева проявился в конкретных действиях, оставленных на пользу потомкам. Им стал понятен смысл этого собрания и настенной мемориальной плиты с именем человека из другой эпохи, который имеет право духовного существования в настоящем и будущем. А для этого новое поколение должно проникнуться к таким людям тем же-

уважением, каким обладаем мы, его современники, сподвижники и во многом ученики.

Было время, когда имя Неля Адгамовича было для меня только одним из многих имен руководителей сельской глубинки. Потом, уже будучи секретарем горкома комсомола, присутствовала на заседании актива, где Болатбаев представили в роли областного руководителя – председателя облисполкома. В президиум поднялись первый секретарь обкома В. П. Демиденко – крупный, величественный лидер и внешне контрастный с ним Н. А. Болатбаев. Для глаз «объект», прямо скажем, не впечатляющий, но душа разглядела больше. В нем чувствовалось внутренняя сила, добрый нрав, физическое и духовное подвижничество.

Некоторое время Болатбаев производил на меня впечатление серьезного, даже сурового человека. Но оценка менялась, когда в его глазах пробегали веселые искорки, звучали оригинальные, порою колючие реплики, выражение лица при этом выдавало человека остроумного, темпераментного, дружелюбного. Встречаясь на различных мероприятиях, в «коридорах власти» или просто на улице, я старалась первой поздороваться с ним, как старшим и малознакомым человеком. Он всегда отвечал приветливо, с характерной улыбкой на устах. И каково было мое удивление, когда однажды Нель Адгамович поприветствовал меня по имени, заговорил о делах городской комсомолии и вообще о жить-бытье. Так быстренько, мимолетно, но не формы ради, а изучающе и как бы преподнося себя. Я, дескать, способен на товарищество, а как ты...

Прошли годы, и бывшая Неля-комсомолочка стала партийным секретарем по идеологическим вопросам, естественно, членом бюро обкома партии. Теперь на проводимых бюро мы сидели напротив друг друга. Как всегда, наиболее памятно первое событие, первый день прихода к этому ответственному рабочему столу. Понимая мое естественное волнение, Нель Адгамович подошел ко мне, искренне улыбнулся и как-то по-отечески произнес: «Все будет хорошо». Эти три слова и поддержка «аксакала» стали для меня пророческими...

И в новой должности я продолжала учиться у старших товарищей по бюро и в первую очередь у Неля Адгамовича. При рассмотрении вопросов и принятии решений Болатбаев умел выделить главное, так сказать, фундамент проблемы. Слушал, говорил, соглашался и настаивал на другом

решении. Он не угрожал сиюминутной расправой по партийной линии с попавшим под «пресс», но и соглашался с наказанием за явные погрешности в деле.

Человек математического склада ума, он требовал аналитических размышлений о выполненной и предстоящей работе, а не поверхностного отчета. Пустомелям от него крепко попадало. Компетентность, зрелость суждений, природная мудрость – вот объяснение его безошибочных решений, отвечающих конкретным обстоятельствам с учетом «человеческого фактора». К его замечаниям и поправкам прислушивались даже многоопытные члены бюро, включая В. Т. Степанова, возглавившего обком после отъезда В. П. Демиденко.

Как Болатбаев умел слушать собеседника, даже если позиция говорящего была диаметрально противоположна его взгляду! Так выяснялась основательность или поверхностность суждений. Потом высказывал свою точку зрения, аргументируя ее, убеждая в правоте своей мысли или в конце концов находил золотую середину, или даже принимал сторону инакомыслящего. Он любил разнообразие мнений, тот самый плюрализм, которого иные боялись как огня. Но он бывал и резким, мог высказать нелицеприятные замечания. Но его прямота не была уничтожающей. Она побуждала к активным действиям, в итоге помогала человеку взять новую высоту.

Психологи, изучая личность, используют для определения характера такие научные понятия, как экстраверты, интроверты, конструктивисты, конформисты, то есть те люди, чей ход мыслей и действий направлен на внутренний или внешний мир, люди деятельные или довольные «теплым местечком».

На мой взгляд, Нель Адгамович был истинным созидателем экономических и духовных благ, помогал людям понять и усовершенствовать свой характер. Тем и дорог этот человек тысячам и тысячам североказахстанцев, и не только им. Мы можем только согласиться с немецким писателем Г. Оберсон, который писал: «Кто жил так, что его память сохраняется в душах людей, которых он любил, тот, я думаю, сделал свое дело для продолжения своего существования и после смерти».

ВЫСОТА ЛЮДСКОГО ДОБРА

Я ВСПОМИНАЮ Неля Адгамовича Болатбаева как человека добра и понимания значимости каждого слова, любого вопроса, будь он государственным, хозяйственным или частным. Все это было в нем и без труда воспринималось с первой встречи. Его не нужно было долго «раскусывать». Он был всегда одинаковым – по-деловому настроенным, улыбчиво – сосредоточенным, конкретным в вопросах и ответах, аналитичным.

О нем нельзя было сказать, что он просто «посетил» хозяйство. Он вживался в твои заботы, думал, рассуждая подсказывал, и решения находились как бы сами собою. В трудных для собеседника случаях сам предлагал выход и обещал помочь своей властью, содействием, а чаще своим рассудительным воздействием на человека, который был не в состоянии развязать «узелок».

Скажу без рисовки, для меня многие годы Нель Адгамович был верным старшим товарищем, а может быть, даже отцом. Его честные жизненные уроки я не забывал никогда. Может быть, потому и прошел без тяжких потерь свой нелегкий трудовой путь, что всегда сверял свои действия с Уроками Болатбаева.

А они просты: уважение к людям, деятельное участие в их судьбах, обдуманность своих решений, предвидение последствий, твердость, деловитость, а не отсутствие таковых во имя спасения своей «шкуры». О ней Нель Адгамович беспокоился меньше всего. Он берег собственную душу и оберегал души дугих от озлобления, черствости, трусости. Жить для него значило действовать во имя общественного, а не личного добра. Только с добром содеянное дает право на долгую память.

Теперь немногие помнят, а иные и вообще не знают, как строилась школа № 3 в Сергеевке. Городок новый, население прибавлялось, ученических мест не хватало. Нужно было срочно строить. Но райком и его первый секретарь Болатбаев такого решения по статусу не могли принять, значит, это должен был сделать и всю ответственность внепланового строительства принять на себя райисполком и его руководитель. Стало быть, это выпадало на мою долю. Мало

того, для ускорения работ Нель Адгамович своим неофициальным распоряжением поручил мне лично контролировать копку котлована, подготовку фундамента и все работы вплоть до сдачи здания в эксплуатацию. Зная, что у молодого председателя незримо поджилки трясутся и думается о горьких последствиях, Болатбаев гарантировал защиту в случае осложнений. Если потребуется, сам был готов лечь на «рельсы», потому что не построить школу – значит заставить страдать сотни детей. Школа была построена. Нель Адгамович редкий день не заглядывал на объект, помогал «увязывать» многие проблемы, подбадривал строителей, как это умел делать только он.

Помнился и тот ответственный момент, когда пришлось принимать собственное решение о строительстве канала Ишим – Малый и Большой Тарангул. Ждать санкций от вышестоящих органов – потерять годы, а два усыхающих озера могли превратиться в болота. Были сомнения и опасения, но Нель Адгамович снова подставил свое крепкое плечо, прислав разрешающее письмо за своей подписью председателя облисполкома. Так начинались «стройка века», позволившая подпитать и до сих пор живущие озера, заняться малой и большой мелиорацией, обводнить более десяти тысяч гектаров земель, создать надежную кормовую базу для растущего животноводства. Практически ни один вопрос не решался без личного участия Болатбаева. Иногда только он мог открыть дорогу к министерским «кладовым». Помню, как напутствовал меня Нель Адгамович перед командировкой в Москву, на «поклон» к первому замминистра мелиорации, которого он знал лично. По мнению Болатбаева, должно было сыграть свою роль и то, что я мог объясниться с вице-министром- азербайджанцем на его родном языке.

Все эти «тонкости» оказались на положительном решении нашей проблемы внепланового оснащения участков средствами мелиорации. Я вернулся с настроением победителя, потому что следом шли на платформах 80 «Волжанок», более десятка «Фрегатов» и «Кубаней». Конечно, старший товарищ меня подхвалил и в следующий раз я потерял «бдительность». Отправившись в Баку за насосами для поливных участков и встретив вузовского друга (мы заканчивали здешний сельхозинститут), задержался, и только спустя три дня позвонил Болатбаеву, гордо сообщив, что звоню из ЦК Азербайджана. Наверно, я недеялся произвести этим соответствующее впечатление, но услышал

по-болатбаевски острый вопрос: «А что, ты уже там работаешь, а не у нас в области?».

Я понял свою оплошность, не сообщив о причинах задержки в первый же сверхплановый день. У меня горели уши, потому что я допустил не только дисциплинарное прогрешение. Я не подумал о старшем товарище, который с простой человеческой заинтересованностью ждал результатов поездки...

К этой теме должностной и человеческой взаимоответственности относится и другой случай в пору работы в Сергеевке. В присутствии Болатбаева члены бюро райкома договорились разъехаться по хозяйствам, чтобы раненько провести собрания в коллективах. И вот мы с Болатбаевым уже возвращались, а один из членов бюро только направлялся в соседний совхоз и попался нам навстречу. Думаю, реплика Болатбаева о молодом члене бюро, который «поспать любит», последующее тихое собеседование с ним один на один сделали свое воспитательное дело. У него тоже горели уши, но в глазах светился беззлобный огонек прозрения и очищения.

Постоянная деловитость и требовательность к себе, своевременная похвала по заслугам или тонкий, беззлобный упрек сотоварищу по серьезному поводу, искренний интерес к любому человеку, как личности, его думам, делам, семейной жизни и добрым увлечениям – в этих и других проявлениях Нель Адгамович остается в памяти многих сотен североказахстанцев. И чем становишься старше и опытней, чем больше ведаешь и рассуждаешь о прошлом, настоящем и будущем, тем больше вечному человеку-ученику не хватает его, первого учителя, который помог правильно прочесть многие страницы жизненного букваря.

БАСАҒА

1955 жылдың жазы болатұғын. Ұмытласам тамыздың тұсы. Ол кездегі ауыл өмірі әлі күнге көз алдында. Біздің жер бір табиғаттың тамаша тамылжыған ортасында еді. Ауылымыз бұрын Бике аталған, Ленин атындағы колхоздың орталығы. Екі жағында айдан көл. Айнала орман. Ауыл дөңестеу жерде. Жері қандай құйқалы құнарлы, шіркін. Ол кездегі өмір ырғағы сылбыр еді ғой. Мимырт тыныштық тұнып тұратын.

Соғыстан кейінгі он жыл халықтың жан жарасын да, тән жарасын да жазып, сонау ауыр күндердің қайғысын кекіректен әлі айықтыра қоймаған. Соғыстан оралған жаралылар, мүгедектер сүйектері сырқырап, ыңырып отырып, тынысы кеніген бір сәттерінде майдан әңгімелерін шертіп, маңына балаларды, жастарды үйіріп алатын. Ауылда әйтеуір әңгіме таусылмайды. Үлкендер бір үйір болып қарт ойнап, у-шу болып жатса, әйелдер де бас қосып алқа қотан үйисқан жиындары, әңгіме-дүкендері бір таусылмайды, Тұні бойы үйқытамайды. Күн арқан бойы көтеріліп, сәскеге тармасқанша көшеге қыбырлап ешкім шыға қоймайды. Қебі үйқыда жатады. Кенседе қызмет істейтін біз ғана ертерек барып орнымызда отырамыз.

Менің ағайым Бейсенбай Оспанов колхоз басқармасының төрағасы болатын. Сол кезедегі әдетпен жүрт оны басқарма дейді. Оның орынбасары Жалмұқан деген кісі. Қайролла Мұқанов бас есепші, мен оның көмекшісімін, Кузьма Терентьевич Рубас кассир. Ауылдағы бірен-саран орыс ағайындардың бірі. Қайролла да, ол да істеріне мығым, мектептің оқуынан басқа ештеме көрмеген мені екеулеп үйретіп отырады.

Ол кезде ел басқару оңай емес еді. Колхоздың күші де шамалы, дәүлеті де тақұл-тұқыл, тапшы болатын. Техника деген бірен-саран. Бары ескі-құсқы, алқам-салқам. Негізгі көлігіміз - ат пен өгіз, арба. Әйтеуір еттеп егін шығып, халықтың соғыс кезінде қалжырап қалған қуатына нәр бара бастады. Әйтеуір 1954 жылы тың игеру деген ұран шығып, ол дүрмектің де шала-пұла ықпалы болып, жым-жырт ауылды үйқысынан оята бастады. Бір-бірлеп болса да еттеп техника да келіп жатты.

Сол тамыздың аяғына таман бір күні ағайым баптап жүретін желісті атын сәнді арбаға жекті де, аудан орталығы Пресновкаға жиналышқа жүріп кетті. Жиналыш ұзақтау созылса керек, таңертен өртелең асығыс аттанған ол інірлетіп оралды. Кешке шай үстінде отырып жаңалығын да айтты.

- Колхозға жаңа басқарма келетін болды. Мен де шаршаңқырап жүр едім, дұрыс болды. Жасым да келіп қалды, дем алған да дұрыс шығар. Мойным босайтынына өзім де қуанып отырмын, - деп ол үстел басында айнала отырған бізге қарады. Біз үнсіз томсырайып қалдық. Ол кезде басқармалықтың тізгінін басқа біреуге беру жардан құлаумен бірдей саналатын. Ауыл адамдарының түсінігі солай еді. Кейде тіпті басқармалықтан түскен адамның әбден масқаралыққа ұшырағандай бір түнде басқа жаққа көшіп кеткенін де естідік қой. Қызық еді заман. Ал, ағайым, өте сабырлы, салмақты, ақылға кен адам еді. Орнын басқа біреуге бергеннен ешқандай сорақылық, қорлық болардай қысылған жоқ. Өмірдің өз заңы, орынды тәртіп деп түсінді.

- Немене, қабактарың салбырап кетіпті ғой? - деп ол құлімсіреп, бәрімізді тағы бір шолып, қолындағы шай кесесін дастарханға қойды. Әңгімесін әрі жалғастырап қалып аңғартып, ойланған түсті.

- Орныңа кім болады? - деді жеңгеміз жұлып алғандай. - Осы ауылдан ба? Кімді қоймақ?

- Жоқ, ауылдан болмайды, - деді ағайым жақын адамдардың әлгі жаңалығын жақтырмай қарсы алғанына тағы да құлімсірей түсіп.

- Басқа жақтан келе ме?

- Селеншік шығар? - десіп қалдық біз. Дастанхан басында бас есепші Қайролла екеуміз де отырғанбыз. Басқарма ауданға кеткенде не жаңалық әкелер еken деп алдынан шығатын әдетімізben келіп қалған едік.

- Басқа жақтан келеді, селеншік емес, жақсы кісі, Болатбаев деген кісі. Ніл Әдғамұлы дейді.

- Қашан келеді?

- Қайда істеген өзі? - десіп жатырмыз.

Орнынан түсіп қалдым-ау деп қапаланып қабырғасы қайысып отырған Бейсекең жоқ. Көнілі көтерінкі. Иығы босағанына разы сияқты.

Арада бір аптадай уақыт өткенде ауылға аудандық партия комитетінің бірінші секретары Александр Васильевич

Долженко келіп, колхозшылардың жиналысын өткізіп, Ніл Әдғамұлы Болатбаевты басқарма сыйласп кетті.

Ол тұста бүкіл Совет Одағы бойынша отыз мың білімді, тәжірибелі мамандарды жоғарыдан ауыл-селоға колхоздарды басқаруға жіберу туралы партия үран тастаған болатын. Бізге келген Болатбаев солардың бірі. Оларды отызымыңдықтар деп атады.

«Ніл Әдғамұлы істі жетік біледі, жас болса да тәжірибесі мол. Тың игеру жорығы басталғанда осындай білімді жастың басқаруға келгені дұрыс. Бейсенбай Оспановичті елді басқара алмады деп орнынан алған жоқпыз, жасы жеткен соң, өзінің өтініші бойынша босаттық. Ол кісі өлі де қатардан қалмайды, шама-шарқынша жаңа басқармаға көмектеседі. Ертең-ақ миллионер колхоз боласыңдар», – деді бірінші хатшы колхозшылар жиналысын жапқанда.

Болатбаев орта бойлыдан сәл төмендеу, толықша, келбетті кісі екен. Шашын оң жағына қайырған, қалың қара қасты аққұба өнді, жүрісі ширақ. Асықлай сабырмен сөйлейді, көп тыңдайды. Ауыл адамдарының алғашқы өсері осындай болатын.

Жаңа басқарма алдымен колхоздың шаруашылығымен танысты. Мал қораларын, қоймаларды, қырманды, техника тұратын алаңды аралап көрді. Ауыл адамдарымен танысты. Іркілуді, қысылуды, сасқалақтауды білмейді. Еркін, кең. Ішкі сенімі нық, мығым адамның кейіп аңғарылады. Ол кездегі ауыл сиқы да онша емес, мал қоралары да жыртық-тесік. Оңып тұрган ештеме жоқ еді ғой. Бірақ жаңа басқарма соның бәрін көзben көріп, көңілге түйген соң кейіп, налып, «мыналарың не, не бітіргенсіндер» деп кінәлап, кісімсіп ертең бәрін бір өзі аударып-төңкөріп тастайтындей сыңай танытпады. Бәрін ішке түйген, ойға салған, толғанған қалыпта болды дәйім.

Шаруашылықпен әбден танысып, ой саралап болған соң бізді - бас есепшіні, есепшінің көмекшісі мені, кассирді шақырып алып оңаша біраз әңгімелесті. Есепке де жүйрік екен. Цифрларды сұрап, олардың неге тәмен, немесе неге жоғары екенін түсіндіруді талап етті, білмей қалсақ өзі үйретіп, жетелеп отырды.

- Есеп дұрыс болмаса жүрт жұмыс істемейді. Оны білесіздер ме? - деп бізге тікелей сұрақ қойып, жауап тосып үнсіз қалды.

- Білеміз.

– Әрине, солай, - дедік күбірлеп. Даусымыз да онша ашық шықпады. Мұндай сұрақты осы үақытқа дейін ешкім алдымызға қойған жоқ еді.

– Осы қазақ ауылдары көп үйықтайды. Әне қарашы, – деп ол бәрімізді тереzege бұрылтты. – Міне күн көтерілгелі қашан. Бригадир әркімнің есігін қағып, үйқысынан оятып, жұмысқа шақырып жүр. Жұмысқа жүрт өзі бармай ма? Жүртты осыған үйрету керек. Ол үшін есеп мықты болу керек. Жұмысқа бәлен сағат кеш келдің, сенің еңбекақың да сондықтан кемітіледі деп шотқа қағып, есепші сартылдатып отырса ол жүрер еді. Осыны істеу керек.

Сонда барып іс алға басады. Ол үшін айғай-шудың тіпті қажеті жоқ. Түсіндіру керек. Біздің адамдардың түсінігі әлі аз. Есеп мықты болса олар тез түсінеді. Ал сендер соны түсіндідер ме? – Ол бізге қадала қарал, отырды да, жүзі жұмсарып, күлімсіреді. – Басқа бірдеме барды ма өзі. Әлде манадан бері айтқанның бәрі далаға кетіп жатыр ма? Түсінікті ме?

– Түсінікті.

– Солай істейміз.

– Айғай-шумен, қамшы үйіріп, тоқпақтаумен іс өнбейді. Ол тек жүйкені құртып, бәрімізді қалжыратады. Одан да бірігіп, түсініп жұмыс істейік, – деп өзінің ойларын бір түйіп тастады.

Арада біраз күн өткеннен кейін ауданға, облысқа қайтакайта шапқылап дамыл таппай жүрді де, сол сапарлардың қорытындысындей етіп жиналас өткізді де, өзінің жоспарын, жұмысты жүргізу жөніндегі ойларын ортаға салып, бәріміздің алдымызға міндет қойды. Тәртіп болмай – табыс болмайтынын айтты. Жүрттың намысын оятып, үмтүлдірып, талпындырып, жігер бере сейледі. Бәрі орынды, бәрі көңілге қонымды.

Бір ғажабы Ніл Әдғамұлы осы алғашқы қадамдарын жобалап, жоспарлап іске асырарда, жүртқа жария етерде, алдын-ала әзірленгенде бұрынғы басқарма Бейсекенде бір сәт ұмытпады. «Бейсеке, әдейі сәлем бере келдім», – деп үйіне барып, хал-жағдайын біліп, кенесіп, ақылдасып жән сұрап отырды. Көмектесуді өтінді. Жүрт жаңа басқарманың осы адамгершілігіне, кішіпейілдігіне, білімділігіне таң қалып, разы болып, оның бүкіл ісін құптай бастады. Бейсекен де өресі тәмен кейбіреулер сияқты жүзі сынып, қыбыжықтамай, тартыншақтамай басқарманың кенсесінен өзі де келіп, кенесіп, қолынан келер көмегін ұсынып жүрді.

Ауыл адамдары осылай Болатбаевтың басқармалық тізгінді ә дегенмен нық ұстаудың разы болып оны «Басаға» дейтін болды. Біздің ауылда қызмет істеген кезеңде бәріміз осылай атадық. Бұл – құрметтің, сыйластықтың, тындырған істеріне сүйіспеншілкің белгісі болса керек.

Басағаң басқарушылық қызметінде дауыс көтеруді мүлде білмейтін, қандай қының тұста, ашу шақыратын шиеленістің өзінде айғайға берілмей ақырын сөйлеп, құлкі араластырып, мысқылмен шымшып алғып мысын басып, сілесін құртатын. Оның алдына келген адам дауыс көтере алмайтын, қаншама қыстығып, қаны қайнап туладап жетсе де тез басылуышы еді. Осыны талай көрдік. Ол кісі адамдармен табыса билетін. қандай түйік адам болса да сөйлесе билетін, оған сөзін жеткізе алатын, ұқтыратын.

Әрине, алғашқы сөз, алғашқы қадам қаншама жақсы, ұнамды, үмітті болғанмен жұрт оның соңына, нәтижесіне қарап баға берері анық. «Сөзі түзу, ақыры не боларын кім білсін», «Анда-мында шапқылап, жанталасуы жаман емес, байланысы, танысы көп екен, бірдеме бітіріп жүрсө жақсы» деушілер де болды. Үмітке құдік араласып жататын әдет емес пе?! Ал Басағаң тізгінді босатпады, қайратты жігер танытып, құннен-құнге ысылып ширыға тұсті.

Колхозда жақсының нышаны да байқала бастады. Колхоз басқармасына су жана «ГАЗ-69» машинасы сатып алынды. Қысқа қарай «ЗИЛ-150», «ЗИЛ-5», «ГАЗ-51» маркалы жүк машиналары келе бастады. Жұрт қуанып қалды. Жігіттер шоферлікті оқып, жаңағы жана машиналарға мініп жүйткітіп жүрді.

«Талтаңдасаң - талтаңда, ақшаң болса қалтаңда» деген мәтелді Басағаң жиі айтуды еді. Көшеде бостан-бос селтеңдеп, қылжан-қылжан жүрген жігіттерді көргенде кенсе терезесінен қарап тұрып, біздің қасымызға келіп, құрсінгендей болып кейіп қалатын.

—«Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық аздыrap адам баласын» деп Абай атамыз айтуды па еді осы. Қандай данышпан жарықтық. О заманда да мынадай селтеңбайлар болған ғой, соларға қарап айтқан ғой шіркін. Бос жүріп шаршамай ма екен осы. Жүрістерін қараши. Одан да отынын жарып, шөбін неге тасып алмайды. Біз неге жұмыс бермейміз, біз неге жұмысқа жұмсамаймыз. Осы бір ойланатын нәрсесе, — деп мазасызданып, өзінен-өзі қажып қалатын кейде.

Сол бір тұста, колхоз кезінде жұрт жұмыстар қашқақтап тұратын. Әсіресе әйелдер жағы жұмысқа бара қоймайтын. Сауыншылар, бұзау күтушілер қатарына кісі жетпей жатты. Сиырлар сауылмай, төл күтілмей айғай-шу болып қалатын. Сонда кейбіреулер: «Басқарманың ақсаусағын неге жұмсамайсыңдар» деп айтып қалып та жүрді. Сол сөз құлағына жетіл қалса керек, бір күні басқарманың үйіндегі Мәриям жеңгей де аяғына резенке калошты пима, қалың күпәйке, биялай киіп бұзау күтуші болып жұмысқа шықты. Бұкіл ауыл болып таңырқап одан қалыспай басқа әйелдер де фермаға барып жатты. Мәриям жеңгей жай санат ушін қатыспай қораның сазын кешіп жүріп, жас төлдерді құшақтап көтеріп, сауыс-сауыс болып жан салып, адал еңбек етті. «Шіркін-ай, қандай кішіпейіл, өзіміз сияқты жұмыскер еді» десіп сол тұста Мәриям жеңгеймен бірге бұзау күткен әйелдер бүгінге дейін сүйсініп жырдай әңгіме етеді.

1956 жыл бұкіл республиканың тарихында ерекше қуанышты болды. Қазақстан Отан қоймасына бір миллиард пүт астық құйып үлкен ерлік жасады. Басаған басқарған біздің колхоздың егіні де орасан болды. Жұрт жанталаса еңбек етіп, мол ырысты шашпай-тәкпей жинал алды. Колхозымыз миллионер атанды. Табысымыз миллион сомнан асып тұсті. Бұл – нағыз ерлік еді. Бұрын жан-жағымыздары орыс колхоздары Қызыл ту алып, миллионер болып қуанып жатқанда: «Шіркін-ай, бізге де осындей күн келер ме екен. Біз әйтеуір ілегіп-салағып көштің соңында жүреміз-ау» деп екінуші едік. Енді орыс ағайындар бізді құттықтады: «Болатбаев келіп еді көкке көтерілдіңіздер ғой!» деп шындығын айтты.

Айтса айтқандай айналасы бір жылдың ішінде көтеріліп қалдық. Ауылдың сырт көрінісінің өзі соны айтып тұрды. Ауыл адамдарында жаңа серпін, ұмтылыс пайда болды. Жұрт бірінен бірі қалыспай ағаш үй салуға кірісті. Мыжырайған шым үйлер бірте-бірте жоғала бастады. Басаған үй салмаққа талпынғандарға көмегін аямады. Берене тасуға жүк машинасын берді. Іштен қарағай әкелісуге кіслер де бөлді. Колхоз движок сатып алып, оны орнатып қойғанда халықтың қуанғанын айтсаңызшы. Мектепте, бұкіл үйлерде, көшелерде, қырманда электр шамдары самаладай жанып тұрды. Әр үйге радио сымдары тартылып, сөйлеп жатты. Осының бәрі Болатбаевтың басшылығымен ауылға келген жақсы жаңалықтар болатын.

Біз, есепшілер, көбіне кеңседе тапжылмай отырамыз да жоғары жақтан – ауданнан, яки облыстан келген басшылар колхоз тәрағасы жоқ болып қалса бізben әңгімелесіп жағдайды сұрап жатады. Бірде аудан басшысы Долженко келіп қалды. Көктем туып, қар еріп жатқан. Басағаң біздің бір белімшеміз Октябрь ауылына кетіп қалған. Кеңседе біздің белмеге кіріп жағдайды сұрап жатыр.

– Басқарма қалай? – деп сұрады қазақша. Ол кісі қазақ арасында көп болған, кейде қазақша сөйлей беретін.

– Жақсы, – дедік, басқа не айтамыз, сұраққа ғана жауап береміз, артық сөзге бармайтын әдетіміз қалыптасқан.

– Басқарманың сиыры бар ма? – деді бізге қарап. Біз анырып қалдық. – Білмейсіңдер ме?

– Білмейміз.

– Қойы бар ма?

– Бар шығар.

– Күмілжімей дұрыс айтпайсыңдар ма?

– Білмейміз ғой.

– Сонда кім біледі? – Біз үндей алмай мелшиіп қалдық. Неге сұрап тұрғанын түсінбедік. Анырып тұрмызы. «Нендей қулықпен сұрап тұр?» деп іштей қыстانا бастадық.

– Басқарма жақсы ма? – деп ол тағы қадала сұрады.

– Жақсы адам.

– Колхоз өрге басып келеді, – дедік Қайролла екеуміз бәсек үнмен. Үлкен бастықтың алдында қаттырақ сөйлеуге де жасқанамыз. Алыстағы ауылда бұқтырылып, ұяңдан қалған әдет емес пе?!

– Бастық жақсы болса, бастықтың тұрмыс жағдайын неге білмейсіңдер. Оның ең жақын адамдары сендерсіңдер. Ол жаңа адам, сендерден жасқанатын шығар. Ол да мүмкін ғой. Солай ма?

– Әрине, солай.

– Ендеше сұрау керек. Осы сіз дамыл таппай шапқылап жүрсіз, үйінізде сиыр, қой бар ма, шөп, отын бар ма? Біз апарайық, деп неге сұрамайсыңдар? Оның қолы да тие бермейді ғой үй шаруасына.

Осы тұста барып біз аудан басшысының сұрақтарының мәнісін түсіндік. Ол да Болатбаевтың колхозға келе сала құнітүні жарғақ құлағы жастыққа тимей жүгіріп жүргенін біліп отыр екен. Айтуының да жөні бар. Үйінде отын-шебі бар-жоғын расында да білмейміз, сұрап жатуды ыңғайсыз көреміз. Ал мына кісінің айтуы, сұрауы тіпті орынды. Қарапайым адамгершілік жолымен ептеп сұрауға болады ғой

расында да. Бұл кемшілігімізді түзеттік артынан. Бірақ Басағаң бәрін де жаздырып алдырып, ақшасын артынан жалақысынан үстіттіктерден отырды. «Колхоздың бір грамм шебін де, етін де өзім де тегін алмаймын, басқалар да тегін алмасын. Талан-таражға салуға болмайды, бұл халықтың мүлкі» дейтін. Біздің елден ауысқанша солай істеді де.

Біз артынан үкіткіш: Долженколар жас басқарманың іскерлігін, алғырылығын алғашқы қадамынан-ақ таныған екен-ау. Халық деп жүріп оның өз үйінің жайын да ұмытып кететінін білген. Артынан бұл әңгімені біз жиналған жерде сүйсінген сезіммен айтып жүрдік.

Еңбек далаға кеткен жоқ. Сол 1956 жылы біздің колхоз жыл қорытындысында миллионер атанды. Бәркімізді аспанға атып қандай қуандық десеңізші. Басағаң халықты жинап алып қуанышты хабарды жария етті. Ақ түйенің қарны жарылды. Тойлап, думандаттық бірер күн. Басағаң Төлеп, Нұрмолда, Қази, Жетен, Сәку, Бейсенбай сияқты үлкендерді жинап алып әңгіме-дүкен құрып, ақыл-кеңестеріне қанықты. Қарттар риза болып батасын берді. «Бізге жасаған жақсылығың Құдайдан қайтын, нағыз ер азамат екенсін, бірер жылда жаман ауылды жайнатып жібердің фой. Жарайсың, шырағым. Еңбегің осылай жемісті бола берсін» десті олар. «Әй сен бала, бізге тұрақтамайсың фой. Мынадай қайрат, жігер, білім жоғары жаққа да керек шығар. Сені бізден алып кетеді фой. Ұзатпайды, алып кетеді» деп олар құліп разылықпен ақ тілек айтқан: «Қайда болсаң да аман бол, сендей азамат бір ауылды емес, бүкіл елді басқарып, жақсылық жасауға жаратылған, жұлдызың жансын!»

— Ақсақалдар-ау, сіздер Басағанды қазір жөнелтіп жатқан сияқтысындар фой. Құтыла алмай отырысындар ма, оларың не? — деп үлкендердің бірі тоқтау айтып ара түседі. Бәрі жарасып жатыр. Үлкендер алғыстарын ақтарғаны емес пе?! Біз жібермейміз, елімізге құт болдың. Бізден жоғарғы жақ тартып әкетпесе болды, — дейді ақсақалдар рахаттана мәз болысып.

Ақсақалдардың мензеуі дәл келді. Арада көп уақыт өтпей жатып, колхоз таратылатын, жаңадан совхоз құрылатын болды. «Болатбаев директор болады екен» деген қауесет біразға дейін жүртті дүрліктіріп естілді де, артынан басқа сез шықты. «Біздің Басағанды жоғарылатып әкетеді екен», «Бәсе, солай болар, директор дегенің берідегі жұмыс қой, ол кісі әріге қарай көтерілетін шығар. Зады солай болар. Сөзі де, ісі де соны танатады» деп жатты ауыл адамдары. Бұл сөз ірілеп-ірілеп барып расқа айналды. Ніл Әдғамұлы Болатбаев

біздің колхозда екі жыл тәраға болып қызмет істегендे өзін нағыз іскер басшы ретінде танытып, жоғарыға өсіп кетті.

Басаған ауылдан көшерде халықтың қимастықпен қайысқанын көрсөніз. Екі жылда туысымыз, нағыз қамқоршымыз, ақылшымыз болып кетті. Мәриям жеңгей де, балалары да қимай-қимай ауылдан аттанды. Жұрт жылапсықтап қызық болған. Сонда үлкендер айғай салып ұрысқан: «Жылағандарың не, қуану керек. Мерейі үстем болып, есе берсін. Ертең-ақ ортамызға келіп қонақ болмай ма? Жолың болсын, азamatым!» деп ақ тілек арнасқан. Ел қуанғанынан жылағаны да рас.

Ніл Әдіғамұлы біздің ауылды ұмытқан жоқ. Қайда жүрсе де бір бүйірінде ыстық сағыныштай сақтады. Қай қызметте жүрсе де бір соғып, ақсақалдармен, үзенгілес болған әріптестерімен әңгімелесіп, мәре-сәре болып бір қонып кететін.

Ауыл адамдары да оны бәйтеректей тірегі көретін. Қандай бір қыын жағдай болып қалса сол кісіге жүгіретін. Сонау бір жылдары «Миролюбов» совхозынан бөлініп, біздің жерде жаңа совхоз ашылатын болды. Дачное селосы, Ленин, Октябрь ауыдары кіреді екен. Жоба бойынша орталық Октябрь ауылында болмақ. Өйткені үлкен жолға жақын. Ленин, Дачное ауыл-селоларының адамдары дүрлікті. «Совхоз орталығынан алыста қаламыз, жүріп-тұру қыын болады» деп делегация Болатбаевқа барды. Ақыры жолдары болып, орталық Ленин ауылына орнықты. Оның дұрыстығын артынан өмірдің өзі көрсетті.

Басқа мәселелерде де Басағамыз көмек қолын созудан тартынған жоқ. Облыстық атқару комитетінің тәрағасы, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болған ұзақ жылда Ленин ауылына бірнеше рет келіп, кездесулер өтізіп жүрді. Ол кездесулер мәнді, маңызды болғаны және анық. Оларда жүртшылықты толғандырып жүрген проблемалар, құрделі мәселелер шешіліп жатты. Сонда ауыл адамдары бұрынғы әдетімен Басаған десіп еркін сейлесетін, сұрақтарын ашық айтатын. Жарықтық бір қабақ шытпай, күліп отырып, мәйда сейлеп-ақ бар мәселені шешіп беруші еді. Алды кең, әріден ойлайтын көреген, әркімнің пікірімен есептесіп, сезін ықыласпен тыңдайтын ілтиппатты, жүзі ашық адам болатын.

Біздің колхозда істеген Нікең міне осындей асыл қасиетерімен, аса биік адамгершілігімен, ұйымдастыру-шеберлігімен, іскерлігімен бәрімізді баурап алған асыл текті жан еді. Ауыл адамдары осы күнге дейін оның ігі істерін

ауыздарынан тастамай жырдай әңгіме етіп, алғысын арнал отырады.

Менің ол кісіден екі-үш жас үлкендігім болатын. Екеуміз де соғысқа қатысқан адамдармыз. Анда-санда бос уақыт болғанда майдан әңгімесін де шертіп қоюшы едік. Ол кісі Сталинград шайқасына қатысқан екен. Әңгімеміз жарасып, шер тарқатып қалатын күндерді ұмытпаймын.

Қазір өзім Петропавл қаласында тұрамын. Анда-санда жол түскенде зиратқа барып Нікенің басына құран оқимын. «Жатқан жерің торқа, алдың жарық, иманың жолдас болсын, халқыңа сінірген еңбекің зор, елің сені ұмытпайды» деймін ішімнен күбірлеп қабірі басында. Ұлайым солай болсын.

ПАМЯТНЫЙ ПОДАРОК

О разном мечтает человек на склоне своих лет. Я мечтаю о том, чтобы не иссяк свойственный мне оптимизм, хватило сил не покидать свой трудный пост минимум... три года. Очень хотелось бы встретить полувековой юбилей жизни в Северном Казахстане в полном здравии и в той же роли – руководителя в прошлом совхоза «Восход», а ныне крестьянского товарищества с тем же названием. Ведь мой целинный стаж исчисляется с 1955 года.

Много с тех пор пройдено дорог и пережито тревог, немало разных людей пришлось перевидеть, да не обо всех сохранилась память. А вот Нелья Адгамовича Болатбаева я поминаю про себя и прилюдно при всяком подходящем случае только добрым словом. Удивительный был человек. Сколько в нем было человечности, деловитости, умения этаким своеобразным манером сказать, чтобы душу пробудило, ум расшевелило, в будущем пригодилось. Это я о том, как однажды и на всю жизнь Нель Адгамович «проучил» меня, тогда молодого директора.

Как-то летним днем поехали мы с ним, как председателем облисполкома посмотреть зреющий урожай. Хлеба, как всегда, у нас были хорошие, и той осенью намеревались тонны по две с гектара взять. Болатбаев опытным глазом оценил состояние посевов и вопросов не задавал. А вот о выполнении полугодового плана по молочку, мясу, чего я больше всего побаивался, спросить не забыл. Не вдаваясь в подробности, я ответил по-крестьянски просто, как говорят многие, когда не все в порядке. «Туго, говорю, Нель Адгамович»... Он загадочно промолчал.

В два часа дня началось собрание актива в райкоме партии и, конечно, же слово взял Болатбаев. «Я тут побывал в ваших хозяйствах, спрашивал некоторых руководителей, как складывается полугодие по животноводству. А мне отвечают «туго». Объясните мне, в какой политэкономии они отыскали такое слово?»

При этом Болатбаев с хитрой улыбкой смотрел в глубину зала, а, мне, всегда сидящему в третьем ряду по центру, казалось, что он смотрит на меня и только на меня. Но это только казалось, но меня явно касалось, хотя фамилия не

была названа. И я навсегда сделал для себя вывод и советовал другим: хозяин должен знать назубок состояние дел в точных физических цифрах, процентах, а не «тужиться» в ответе на конкретный вопрос.

Не всякий руководящий «гость» бывает к радости. Иной такого наговорит, что потом неделю ходишь как в воду опущенный. Приезд Болатбаева привносил в душу праздничное настроение, хотя он тоже не всегда по шерстке гладил. Но говорил в такой манере, что услышанное не отторгалось умом, а воспринималось с интересом, анализировалось и зачастую быстро находилось решение для пользы дела.

Я много раз ловил себя на сходстве своих мыслей с высказываниями председателя облисполкома в личных беседах, на заседаниях исполнкома, на сессиях областного Совета депутатов, в работе которых довелось участвовать в качестве народного посланника. Выступления Болатбаева не были крикливыми, трибунными, брошенными в зал, а там хоть трава не рости. Высказанную мысль – предложение он умело комментировал, заходил и с одной, и с другой стороны, показывал и доказывал, каким будет результат оперативного исполнения принимаемого решения, и что потеряет экономика и общество, если проволынить, вовремя не решить выдвинутые самой жизнью проблемы. Он умел слушать. Советоваться и ответственно советовать, строго спросить с нерадивого и поблагодарить человека инициативного. По моему, такой стиль руководства приходился по душе всем, кто действительно радел за свое и общественное дело, как и сам глава ведомства, которое называлось ответственным словом – исполнительный комитет.

Оказать помощь, выполнить какую-то просьбу Нель Адгамович был всегда готов. А потом откровенно радовался экономическому укреплению хозяйства, большому жилищному и культурно-бытовому строительству. При случае был готов завезти на «экскурсию» кого-либо из республиканских лидеров. Помню, однажды предупредил и заехал с секретарем ЦК республиканской компартии Саттаром Имашевичем Имашевым. Было что показать. Хлеба – по грудь, колос – в ладонь, в делах лад и порядок, а за лето вырастали по два-три десятка новых домов, строился торговый центр и прочее необходимое в сельском быту. Вижу – гости довольны. Ну, думаю, пора и на обед пригласить, о делах поговорить.

О них-то получившие неплохое впечатление гости больше и не говорили. Темы были, что называется, житейские. Когда я к слову сказал, что закончил Ростовский сельхозинститут и навсегда уехал на казахстанскую целину, Нель Адгамович аж засиял. Оказалось, он воевал на Сталинградском направлении, затем участвовал в освобождении славного града на Дону. Немало минуло лет, а он без запинки произносил названия городов и поселков, через которые пролегала линия фронта, имена боевых товарищей. Этому стоило бы удивляться, если бы я не знал об этой примечательной способности Болатбаева. Широкая эрудиция, «маршальское» владение обстановкой, знание людей, душевная расположленность – вот чем был славен в добродой памяти живущий наш областной «староста».

А еще он умел «набиваться» в товарищи. Какой-то мальчишеской выходкой со стороны Болатбаева показался мне случай с «пятаком на память». А дело было так. В 1986 году мне довелось быть участником 27-го съезда КПСС. Возвращались под впечатлением начавшейся перестройки, веры в нового стратега, перспектив обновления экономики и всей жизни. Словом, говорили о высоких материях. И вдруг сидевший рядом со мной Болатбаев, полуобернувшись ко мне, ни с того, ни с сего спросил: «Алексей, у тебя есть пять копеек?» Ничего не понимая, я выгреб из кармана оставшуюся от столицы мелочь и отдал запрошенный пятак. И в тот же миг Нель Адгамович протянул мне свой перочинный нож. «Бери, Алексей, на память об этом событии, о нашей совместной работе в области. Может, когда-нибудь вспомним вместе или порознь»...

К горькому сожалению, я вспоминаю об этом один. Простенькая вещица, дарованная в обмен на «весомый» советский пятак, всякий раз напоминает о человеке, который, как никто другой, хотел быть и был дружески расположенным к людям из какой-то внутренней потребности, а не из примитивных побуждений. Остается только пожелать, чтобы в нашей сегодняшней жизни было побольше таких деловитых, жизнелюбивых людей, истинных демократов, как Нель Болатбаев. И, глядишь, новые поколения тоже смогут пройти через тернии к неведомым капиталистическим благам.

ПАРАСАТЫ – КІСІЛІГІНДЕ, КІСІЛІГІ – КІШІЛІГІНДЕ

Бұл бүгін былай, ертең тұлқінің құйрығындаған сиқыр дүниеде жақсы атандып, еліне елеулі, халқына қалаулы жақсы адам болып өту әркімнің пешенесіне жазылмаған өнер дер едім. Күнбек-күнгі күйбен тіршіліктің шаттанарлық шақтарында өте шарықтап кетіп шашылып қалмай, қынқыстау сәттерінде табан астына түсіп басылып қалмай, жүзіне тат тұрмайтын кесек алтындаі жарқырай беру-тек дарындар мен данышпандардың бойына біткен қасиет. Ондайлар – мыңдан біреу ме, әлде миллионнан біреу ме, әйтеуір, құмырыскадай қыбырлаған көп тобырдың ортасында айналасына нұр шашып, айшықтана көрінетін сирек құбылыс, ерекше жаратылыс. Сондай аспан жүзін тіліп өткен ақсан жұлдыздай артында айшықты із қалдырып, жақсы адам атандып кеткендердің бірі, бірі емес, бірегейі Ніл Әдғамұлы Болатбаев еді.

Ол өзінің бүкіл саналы өмірін ел басқару ісіне арнады. Ал, егер білім қуып, ғылым жолына түссе, мына тылсым тіршіліктің нешеме жұмбақты сырларын ашып, ғұламағалым болуы да мүмкін еді. Бірақ ол қарапайым халықтан үзап кетпеді, қайнаған еңбек майданында қындықты да, женілдікті де көппен бірге көтерді. Көптің көш бастаушысы ретінде бүгінгі ісін талдап, ертеңгі ісін болжап қаншама толымды жұмыстар атқарды.

Ніл Әдғамұлы облыстағы Сергеев, қазіргі Шал ақын ауданын, ұмытпасам, он екі жыл басқарды. Бұрынғы Октябрь ауданының орталығы Марьевка селосы су астында қалып, жаңа орынға қоныс аударуы, аумағы ондаған шаршы километр Тың теңізінің өмірге келуі, көптеген кеншарлардың шаңырақ көтеруі дәл осы Ніл ағамыздың басшылық жасаған кезі еді. Тың теңізі сол аймақтағы халықты ауыз сумен қамтамасыз етуі үшін қаншама игілікті істер атқарылды. Бұл «өткен күнде белгі бар» дегеннің дәлелі емес пе? Осының бәріндегі Ніл Әдғамұлының өзіндік үлесі, өшпес ізі бар екендігінде дау жоқ. Қаншама күнді күлкісіз, қаншама түнді

үйкісіз өткізгенін кім есептепті. Әйтеүір, мұндай қурделі істердің ауданының бірінші басшысына оңай соқпағаны анық.

1961 жылы Преснов ауданында ғана емес, бүкіл облыс көлеміндегі ірі үжымшарлардың бірі – біздің «Баян» үжымшары республика Үкіметінің шешімімен көрші «Приишим» кеңшарына бөлімше болып қосылды да, Сергеев ауданының қарамағына ауысты. Мен Ніл Әдғамұлын сол кезден бастап білемін. Бұл менің техникумды жаңада бітіріп келген, балаң жігіт кезім еді. Сол кезден бастап Ніл Әдғамұлының тәрбиесін, жеке қамқорлығын көп көрдім. Өз өмірімде азды-көпті қол жеткізген деңгейім болса, бастауы сол асыл адамның қамқорлығында жатса керек. 1962 жылы жиырма екі жасымда өз туған ауыльма басшы болып тағайындалып, он жылға тарта еңбек етуім де Нікеңнің әсері еді. Ауылға келген сайын:

– Әй, Тілеш, (мені ол кісі солай атайдын) сенің жоғары білім алуың керек. Келешегің алдында, – деп ақыл қосатын. Целиноград ауыл шаруашылығы институтына сырттай түсіп, ғалым-агроном мамандығын алып шығуыма да сол кісінің себебі болған шығар.

Біздің ауылдың адамдарымен кездескенде:

– Апыр-ай, бұл «Баян» үжымшары кезінде бүкіл Республикаға, әрісі Одақ көлеміне атағы шыққан ел еді. Енді басқа кәңшарға бөлімше болып қалуы дұрыс болмады-ау, – деп шындығын айтып, қынжылатын.

Расында да, біздің «Баян» үжымшары өзі бөлімше болып қосылған «Приишим» кеңшарынан шаруашылықтың қай саласынан болсын кем емес, терезесі тең шаруашылық еді. «Айыбы» тұрғындарының дені, тіпті, бәрі десе де болады, қазақтар екендігінде жатса керек.

Біздің ауылда көп жылдар шаруашылық және партия-кенес органдарында елеулі қызметтер атқарған Сексенбай Тұралин, Үақлан Тәжін, Исабай Қалин, Қажымұрат Үмітбаев, Сұраған Нұргожин, Ахмәдия Бошатаев, Әбілқайыр Жекебатыров, Қажахмет Еркалин сияқты көпке сыйлы ақсақалдар болушы еді. Нікең бұл кісілерді ертеден жақсы билетін. Сондықтан да олармен кездескенде өткен-кеткенді, алдағы өмірді айтып, көңілі тасып қалатын. Осылар сияқты ел ақсақалдарымен «мен біріншімін» демей, інілік ізет білдіре сөйлесетін. «Кісінің кісілігі – кішілікте» деген сөз осы Ніл Әдғамұлына арналып айтылған ба дерсің. Жалпы, Нікеңмен әртүрлі жағдайда кездесе жүріп, ол кісінің әлденеге асып-сасып байбалам салғанын, қызмет бабын пайдаланып, дауыс

көтере есіре сөйлегенін естімеппін. Қайда көрсөң де байыпты салтынан, өзгермес қалпынан бір айырылмаған жайсаң жан еді фой.

Әлі есімде, 1967 жылы қоқтем ерте шығып, егіс жұмыстары ерте басталды. Бөлімшеде үш егіс бригадасы бар да. Адам күші де, техника күші де жеткілікті. Жұмыс бір қалыпқа келіп, қарқынды жүріп жатты. Күн жексенбі еді. Таңғы ілездемеден кейін, бөлімше кеңесінен шыққаным сол еді, есіктің алдына «біріншінің» көгілдір «Волгасы» келіп тоқтай қалды. Сонау жұз шақырымға тарта аудан орталығынан неге ертелеңіп жүр екен, деген ой секем алдырып қалса да, жүгіре басып келіп үлкен кісіні қарсы алдым. Машинадан ықшам денелі, кеспелтек Ніл Әдғамұлына ілесіп, еңгезердей алып денелі, кеңшар диекторы Андрей Васильевич Донченко да түсті. Екеуінің де жүэздері жарқын, кәңілдері шат. Сәлем беріп ұсынған қолдарымды кезектесе қысып, араларына алып, арқамнан қайта-қайта ризалық білдіре қағып қояды. Ара-арасында:

– Молодец, жарайсың, – десіп қояды. Мен түкке түсінбедім.

– Біз саған әдейі қайырлы болсын айтуға келдік. Елінің қуанышы қайырлы болсын, – десіп жатыр. Менің әлі түк түсінбей тұрган қалпымды енді аңдағандай:

– Өй, мынау, әлі ештеңе естімеген екен фой. Бүгін таңғы радионы тыңдамап па едің? Сіздің ауылдан, біздің ауданнан жалғыз Социалистік Еңбек Ері шығып жатқан жоқ па?! Мана таңғы сағат жетіде радиодан естіп, келіп тұрганымыз осы емес пе? – деді Ніл Әдғамұлы жағдайды түсіндіріп.

Расында да, ауылдан Еңбек Ері шығу дегеннің қандай мақтаныш екендігін мен сонда түсіндім. Таңғы радио хабарларын тоспай, үйден ерте шығатынмын. Мына хабар мен үшін өте тосын, өте үлкен қуаныш болды.

– Таңғы радио хабарларынан: – Сергеев ауданына қарасты Баян ауылшының механизаторы Құрманғали Сұрағановқа Социалистік Еңбек Ері атағы бейлді, – дегенді естігенде ішіп отырған шайымды тастай беріп, машинамды шақырдым. Біле білсөн, бұл-біздің ауданда бұрын-сонды болмаған жағдай. Құрманғали біздің ауданнан шыққан алғашқы Еңбек Ері, – деді Нікең жүзіне мақтаныш ұялағандай жайрандай сейлеп. – Ал енді тұрмайық, сол батырымыздың өзіне барайық.

Құрманғали екінші трактор-егіс бригадасының механизаторы еді. Бригададағы бар тракторлар ауыл

сыртындағы Жанымбет қыстауының алдындағы егіс алқабында ылғал жабуда жүрген. Жеңіл машинамен қас қағым сәтте жетіп келдік. Құрманғалидың ДТ-54 тракторының маңдайшасынан қызыл жалауша түспейтін. Нікең күзден жыртылған ылғалды жерге батып қаламыз деп сескенбестен жүргізушісіне: «Тура тарт» деп, жалаушасы бар тракторды нұскады. Әйтеуір, көздеген тракторымыз егістіктің шетіне жақындал қалған еді. Көгілдір «Волга» қатарласа бегенде трактор арқыраған дыбысын бәсендетіп, тоқтай қалды.

Ол кезде «Волга» жеңіл машинасы аудан көлемінде жоқтың қасы болатын. Ал мына «біріншінің» «Волгасын» біздің ауылдың жігіттері жақсы білетін. Құрманғали отыз тоғыз жастағы кесек тұлғалы, апайтес алып жігіт еді. Кабинаның есігінен кептетіле шығып, «не болып қалды» дегендей, алаң жүзбен басшыларға жақындей берді. Нікең Құрманғалидың үстіндегі шаңы бүркүлдаган киімінен ешқандай да жиіркенбестен оны айқара ашқан құшағына алып, шаңға тотыққан ақсары жүзінен сүйіп-сүйіп алды. Оның жасағанын кеңшар директоры А. В. Донченко да қайталады. Құрманғали мінезі ауыр, көп сөзге жоқ, елден ұзап онша шыға қоймаған бұйыры жігіт болатын. Басшылардың, әсіресе, бүкіл аудан халқы құрметтейтін Ніл Әдғамұлының мына қылықтарына есі шығып, абдырап қалғаны анық.

- Құрманғали, саған Кеңестер Одағының ең жоғары наградасы - Сциалистік Еңбек Ері атағы берілді. Жоғарғы Кеңес Төралқасының Жарлығын таңертен радиодан естідік. Сен енді бүкіл ауданымыздың мақтанышысын. Аудандық партия комитетінің атынан, өз атынан сені шын жүректен құттықтайдың! Өзіңе деңсаулық, еңбегіне табыс, отбасыңа бақыт тілеймін! - деді Нікең тап бір өзі сол үлкен атаққа ие болғандай масайрай сейлеп.

Егістік басынан оралғанда Нікең Құрманғалидың үйіне соғып, оның зайыбы Сәбира жеңгейді, бала-шағасын да қуантуды жөн көрді. Құрманғалидың үйі екі-ақ бөлмелі жұпнығанда еді. Сол жылы Нікеңнің нұсқауымен Құрманғалиға кең де көрнекті үй салынды. Құрманғалидың атақ-данқы бүкіл облыс, республика көлеміне тарады. Тіпті, сонау Мәскеу қаласында өтетін жындарға жолдама алатын болды. Мұның бәрі Құрманғалидың ел көріп ысылуына, алдымен бригадир, содан соң бөлімше басқарушысы болып абыройлы еңбек етуіне себепкер болды.

Жалпы, Ніл Әдғамұлы өзінен гөрі өзгенің өскеніне, өзінің қарашаудағылардың абыройы артқандығына шын жүргегімен

қуанатын, ақжолтай адам еді. Нікеңнің кезінде Сергеев ауданынан көптеген облысқа, республикаға белгілі лауазым иелері шықты. Солардың ішінде республика Жоғарғы Кеңесі Тәралқасының тәрағалығына дейін көтерілген М. Р. Сағдиев, обком хатшысы болған марқұм М. А. Ахметбеков, аудандық партия комитетінің бірінші хатшылары В. А. Митронин, П. И. Науменко, Г. М. Бубнов, Б. В. Изосимов, Е. И. Викторов және көптеген кеңшар директорлары бар еді. Сол кезде Сергеев ауданын «кадрлар ұстаханасы» деп те атایтын. Расында да, Нікең кадр таңдай билетін. Қалаған адамына әкелік қамқорлық жасап, оның табысты еңбек етуіне барлық жағдай жасауға тырысатын.

Нікең көзбояушылықты, даңғазалықты, ақпаратшылдықты үнаптайдын. Істе тиянақтылықты, ұқыптылықты, нақтылықты қолдайтын.

- Қандай істе болсын, ұсақ-лаң деген болмайды. Тәрт аяғын төң баспайтын ақсақ атпен ұзаққа шаба алмайсың, - деуіші еді.

Әлі есімде, 1960-шы жылдары ауылда бөлімше басқарушысы болып жүрген кезім. Ауылда үш трактор-егіс бригадасы болатын. Қапан қыстауындағы № 2 бригаданың басына кештетіп келдім де, егін орағының жай-күйі жөнінен қабырға газетін жаза салдым. Тап бүгін бригадаға сырттан ешкім келе қоймас деген ниетпен, газет басына ертеңгі күнді қойдым. Газетті «Жаңалықтар» тақтасына іліп, вагоншадан шыға бергенім сол еді, көгілдір «Волга» сырғып келіп, дәл алдыма тоқтай қалды. Ніл Әдғамұлы жүргізушісімен екеуі ғана. Вагоншаға кіре берісте Нікең егін орағының жай-күйімен танысып, менің өз есебімше қай күні науқанды аяқтайдынымызды кішкене блокнотына жазып, түртіп алды.

Сөйтті де, қабырғада ілулі түрган көрнекі үгіт-насихат парақшаларын оқи бастады. Өзімде де бар, газеттегі ертеңгі күннің санын «мен мұндалатып» баттитып тұрып жазыппын. Нікең үн-түнсіз қабырғадағы бар парақшаларды түгел оқып шықты да, ойлы жүзін маған бүрдуды. Оның тұра қараған өткір көздерінен: «Мұның қалай?» - деген сөгісті сұрақты айтпаса да түсініп, жаңарым жыпылықтап, жүзім қызыарып кетсе керек:

- «Өтірік өрге баспайды» деген осы. Сен ертеңгі атқарылар жұмысты бүгін бітіріп тастап, өзінді өзің алдағанда не табасың? Мұның жарамайды, - деді Нікең әдетінше қысқа да нұсқа сөйлеп.

Міне, содан бері қырық жылға тарта уақыт өтсе де, сол бір ыңғайсыз жағдайға қалғаным ұмытылмайды. Жалпы, өз

бойыма біткен турашылдық, шыншылдық, адалдық сол құрметті Нікеңнің тәрбиесінің әсері ме деп те ойлаймын. Ал шыншыл боламын, қоғам қозғалысындағы келеңсіз жағдайларды тура айтамын деп жүріп, талай таяқ жеген кездерім де аз емес. Жасыратын не бар, шамалары келсе, темір тордың арғы жағынан шығарғылары келіп, тұп ізіме түскендер де болды. Бірақ менің онай дүниеге қызықпайтын ақтығым, адалдығым әрқашан да өз басыма қорған бола білді. Сондықтан да мен ешкімнен де, ештеңеден де қорықпай өмір сүрудемін. Тегінде адап ішіп, ақ жүргенге, адап енбегінмен күнкөргенге не жетсін!

1970 жылдардың бас кезінде Ніл Әдғамұлы аупарткомның бірінші хатшылығынан облаткомның тәрағалығына бірден сайланды. Бұл ол кісіге көрсетілген Үкіметтің де, халықтың да орынды сенімі еді. Нікең бұл қызметті де еңбек демалысына – зейнеткерлікке шыққанға дейін көп жылдар бойы абыраймен атқарды. Сол кездерде облыста көптеген халық игілігіне жааралық құрделі істер атқарылды.

Бірде бір кездескенде:

– Міне, сенің ауылышы да кеңшар орталығы қылдық, – дегені бар. 1978 жылы біздің Баян ауылы – «Баянауыл» кеңшарының орталығы болып, жаңа шаңырақ көтерген еді. Нікең қызметі өсken сон да, өзінің көптен ойында жүрген біздің ауылдың да тағдырын ұмытпапты. Мұның өзі Ніл Әдғамұлының заман саясатының қандай қыын кезінде күйлері кетіп бара жатқан қазақ ауылдарына деген жанашырлығының бір көрінісіндегі емес пе?

Нікең қандай үлкен қызметте жүрсе де, өзінің кішіпейілдігінен, қарапайымдығынан бір айныған жоқ. Сергеев ауданын өзінің шыққан қара шаңырағындағы көргені анық. Бұл ауданға келерде ол басқа лауазым иелеріндей «мен бара жатырмын» деп, елді аяғынан тік түрғызып, әулекіленбей-ақ қарапайым келіп, кете беретін. Бұған өзім «Ступин» кеңшарында директор болып жүргенімде егін алқаптарында, мал фермаларында талай рет Нікеңмен күтпеген жағдайда, тосын кездескенім дәлел.

Нікең облыстың сол кездегі бірінші басшысы В. П. Демиденкомен де жұбы жарасқанда келісті жұмыс атқарғаны бүкіл облыс халқына мәлім. Екеуі де ел құрметіне бөлөнген ардақты жандар еді, бірін бірі толықтырғандай білікті де білімді, адамгершілік қасиеттері де, өнегелі істері де үпаққа үлгі боларлық асыл азаматтар еді.

Қазір өз жасым алпыстың асқарына шығып, ата болған шағымда Ніл Әдғамұлы Болатбаев сияқты үмітшілмас тұлғаның алақанының қызуын сезініп, тәрбиесін алып, қарауында хал-қадірімше еңбек жасаған жылдарымды ерекше мақтаныш тұтамын.

Ніл Әдғамұлы қандай құрметке болса да өте лайық адам еді, сондықтан да ол үшін бір ауыз да болса сез қосып қалу, оның атына шынайы жылы лебіз білдіру менің азаматтық парызын дер едім.

АҚЫЛМАН АҒА

Ежелден қазақ жері тұнып тұрған қазына байлығымен ғана емес, тамаша тарихымен, ардақты азаматтар, айтулы адамдарымен, кісілік келбеті келіскең, рухы бай қасиетті, қадірлі қарияларымен белгілі. Олардың өнегелі де өрісті өмір жолы бүгінгі жетігі келе жатқан жастар үшін үлгі бола алады.

Тұған еліне адал қызмет етіп, бар күш-қуатын, білімін, жігерін еліміздің экономикалық және рухани өркендеуіне жұмысаған ағаларымыздың бірі Ніл Әдғамұлы Болатбаев.

Ніл Әдғамұлымен менің тұңғыш кездесуім 1975 жылдың күзінде болған. Сол бірінші кездескеннен бойындағы іскерлігі, жұмысқа берілгендейдігі өте үлкен әсер қалдырыды. Ол кезде мен Возвышен ауданының Ұзынқөл кеңшарында парторт болып қызмет етіп жүретінмін. Құзғі егін орағы жүріп жатқан кез. Тұс ауа кеңшарға облыстық атқару комитетінің төрағасы келеді деген хабар жетті. Кешке жақын қасына Қ. М. Мағазов (ол кезде аудандық атқару комитетінің төрағасы) пен В. В. Ткаченконы (аудандық партия комитетінің екінші хатшысы) ертіп, Н. Ә. Болатбаев та жетті. Амандық-саулықты сұрастығаннан кейін Ніл Әдғамұлы менен егін орағының барысы, науқан кезінде туатын проблемалар, жұмысышылардың көңіл-күйі туралы сұрақтар қойды. Еңбек жолын 17 жасымда бөлімше есепшісі болып бастаған мен ол сұрақтарға жауапты қиналмастан бердім.

Әңгіме үстінде үлкен кісінің жүзінде аңдатпай ақырын ғана елеусіз көз жүгіртіп өтемін. Келген беттегідей емес, жүзінде жылыштық шырайы жүгіріп, өзгеріп келеді. Мана машинадан түсken бетте жүрісінде, сөзінде ресмилік рәсімнің сәулесі шалынатын. Егін алқабын шамалап өлшегендей айнала шолып, одан кейін комбайндарды санағандай әрқайсысына көз тоқтатып, орақ барысының жағдайын барлағандай болған еді. Енді маған жақындағы түсіп, іш тарта бастаған сыңай байқатты.

– Өзің осында көптен істейсің бе? – деді Нікең өзіме тура көз тастап.

– Он бес жыл, – дедім.

– Тәжірибе жеткілікті екен ғой. Ал білім қалай?

- Жоғары білімім бар. Алдымен Петропавлдағы есеп экономика техникумын бітіргемін. Бөлімше бухгалтері болдым.

- Туған жерің?

- Осы өңірдікімін.

- Жарайды екен. Бөлімшеде көп істедің бе?

- Біраз ысылдым. Одан кейін совхоздың бас бухгалтері болдым. Соңғы жылдары осында партия үйымының хатшысымын.

- Ал, орақтың барысын айтшы. Сөзің жаман емес сияқты, соған ісің сай болып жатса, онда сендей жігіттерді айналып кетейін деп айтуға болады.

Ніл Әдғамұлының жүрегім үнатып қалған жылы қабағы, жақсы сөзі мені дे жібітіп жіберді білемін, өзімді еркін үстап шешіле сөйлемдім. Қысылып, қамтырылған жоқпын. Үлкен кісінің өзі жетелегендей болып, қысқа сұрақтармен жебелеп, бас изеп қостап, қоштаған қалып білдіріп тұрды. Қасымызға десте бастырып жүрген комбайн тоқтаған еді. Нікең қолын көтеріп комбайшыны шақырды. Бүкіл бет-аузы, қас-қабағы шаңдан көрінбейтін комбайншы іле зде биіктен жанталасып түсіп, үсті-басын қағынып, сілкініп, сыпайыланып қасымызға жетіп келіп амандасты. Облатком тәрағасы ата-жөнін айтып, танысты да, жағдайын сұрап жатыр.

- Комбайнның жөнделуі қалай болып еді? - деді ол бір тұста комбайншыға тұра қарап.

- Өзім жөндердім, сапасы жақсы болуға тиіс, - деп комбайншы құлімсіреді. «Оны неге сұрадыңыз?» дегендей кейіпте.

- Ысырап жоқ па? Бидай шашылып жатқан жоқ па?

- Болмауы тиіс, - деді комбайншы нық үнмен.

- Ендеше тексеріп көрейік, ренжімесен, - деп Нікең оған құлімсірей қарады да, анадайда тұрған «Волгаға» қарап шоферына иек қақты. Іле женіл машина бері қарай ақырын сырғып келіп, дәл комбайнның қасына қатарласа тоқтады. Біз оның не үшін келгенін, облатком тәрағасының не істейін деп тұрғанын алғашында түсінбедік. Шоферы «Волганың» бағажнігін ашып, үлкен болықты сурырып алып, комбайнның астына қарай сүйрей жөнелгендеге ғана мәселенің мәнісін үғынып қипыжықтап қалдық. Нікең комбайнның астына болықты төсетіп, астық ысырабын тексергелі түр екен. Комбайншы кабинаға көтеріліп, моторды іске қости, бүкіл барабан, елеуіштер зырқылдалап шаңдата жөнелді. Әйтеуір

саңылау, олқы жерлері жоқ екен. Шашылған дән көрінбейді. Нікең комбайн астына кіріп, сыйалап көріп шықты да:

– Өтірігің жоқ екен. Жарайсың, жігітім. Жолың болсын, іске сәт. Осылай байқап-байқап алғанның артықтығы жоқ шығар. Сен бұған ренжіме. Бәріміздің илейтініміз бір терінің пұшпағы деген бар емес пе? Ысырап болып жатса оған мен де жауап беремін, – деп Нікең комбайншыны арқасынан қағып, еңбегіне риза болып, ак тілек арнап қоштасты.

Осы күннің кешінде қонақтарымыз көршілес «Александров» кеңшарында болып, күн бата кейін қайтты. Ас үстінде де, кейінгі әңгімемізде де Ніл Әдғамұлы шаруашылықтың жағдайы, экономикасын өркендету мәселелері туралы көп өз ойларын жеткізді. Жеке менің жұмысым, отбасым, туған-туыстарым туралы көп сұрастырып, әңгіме соңында болашақты бүгін ойластырып, қызмет бабында өсуге, біліктілікті артыруға тырысадың қажеттігін аса баса айтты.

Тұған өлкенің шаруашылығының алға басуы, көркеюі Ніл ағамыздың есімімен, ерен еңбегімен тығыз байланысты екендігі барлық облыс тұрғындарына белгілі. Сонымен қоса халқының әл-ауқатын көтеруге, тұрғын үй, мектеп, денсаулық сақтау мекемелерін салуға да нәтижелі еңбегін сінірді.

Арада бір жыл өтпей жатып, дәлірек айтсам 1976 жылы маған шаруашылықты басқару ұсынылды. Ол кездегі Бескөл ауданындағы «Андреев» кеңшарының директорлығына бару туралы әңгіме жүріп жатты. Әрине бұл ұсыныстың төркіні Ніл Әдғамұлы екенин ішім сезеді. 1975 жылғы күзде егін жинау кезінде кездескеніміз, сондағы ұзақ әңгіме менің ілгері тағдышыма жол ашқаны айқын еді. Сол бір әңгіме үстінде Қиалаж Мағазұлы ағамыз да менің атыма сондай бір жылы сездер айтып еді. Ол кісінің Возвышен ауданын басқарған тұстағы беделі де жоғары болатын. Ауданың бүкіл халқы оны іскерлігі, кісілігі, адамгершілігі, адалдығы, адамдарға қамқорлығы үшін керемет сыйлайтын. Өзіме жасаған ағалық қамқорлығы да шексіз болатын.

Директорлыққа бекіту үшін облыс басшылығында әртүрлі баспалдақтарда әңгімелесуден өтуің қажет. Сол жөнінде шақыртумен жолға шығып, қалаға келе жатқанда көп ой толқынын кештім. Ақыл берушілер көп болды. «Қираған жер, ол жерден көтерілуің қыын. Ойлансан қайтеді. Бір батпаққа кіріп кетіп, шыға алмай жүрме» деушілер де болды. Көп ойландым.

Облыс орталығында көп кабинеттерге кіріп біраз ақыл-көңестерге қанықтым. Ең соңында Болатбаевтың қабылдауында болғаным әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Жұзі жарқын, алды кең, сөзі жан жүргегіне жылы тиіп жететін өзгеше сипатты ғажап жан еді-ау.

Кабинетке кіріп барғанымда орнынан сәл көтеріліп, күлімсіреп, жақын адамы келгендей ықыласты ілтифатпен іштарта амандасты. Елдің, отбасының амандығын сұрап жатыр. Бірден баурап алды. Өзімді сондай еркін сезініп ағамның алдына келгендей актарылдым.

— Амантай, енді сен ел басқаруға, елдің бірінші басшысы болуға бара жатырсың, — деп баппен бастады әңгімесін. — Мен жасың кіші болған соң Амантай деп қазақшылықпен өзімсініп, інім санап отырмын, оған кешірім сұраймын. Ертең совхозыңа барғанда Амантай Бөкілбайыч дейміз.

Алдымен соған үйрен, соны сезін. Ол үлкен жауапкершілік жүктейді, сен бүкіл елге жауап бересің, сен сол совхоздың, жасың кіші болса да, елдің ағасысың, елді басқарасың деген сөз. Осы сөзге ие бол, осы сезіндің қадірін биік ұста.

— Түсінемін, Ніке, — деп басымды изеп, алдымдағы блокнотқа қаламсаппен айтылған ойларды түртіп алып жатырмын.

— Блокнотқа түртіп алғаның дұрыс, бірақ үйге барған соң, директор болып бекідім деп андағы блокнотты бір бұрышқа лақтырып жіберіп жүрме, анда-санда бір қарап қоярсың, — деп ол құлді.

— Жоқ, ағасы, ондай әдетім жоқ. Мамандығым – есепшілік қой, қойын дәптерді қалтамнан тастамаймын. Қарап отырамын, — деп мен де шынымды айттыйм.

— Ендеше мен саған ол совхоздың жайын білгенімше айтып берейін, — деп Нікең кең отырып әңгіме сабактады. Осыған дейінгі болған кабинеттерде әңгімелесу қысқа қайырылған еді. «Директор болуға шамаң жете ме?», «Ол совхоз қирап жатыр, көтеретін бол», «Бүгін барып, ертең қашып жүрме» деген сияқты сөздермен тықсырып алатын да, соңында қамқорсып, қолын созып, құттықтап, сәттілік айтатын. Олардан тез шықкан едім. Ніл Әдғамұлы шаруа жайын, адам тағдырын тереңнен ойлаған нағыз жанашыр көңілмен беріле әңгімелесті. Алғашқы қадамды қалай бастау керек? Ол совхоздың елі қандай, жері қандай? Әйгілі адамдардан кімдер бар? Соның бәрін зирек зерттеген адам сияқты. Бес саусақты бүгіп отырып санамалап айтып береді-ау.

- Онда үш қазақ ауылы, үш орыс селосы бар, - деді Нікең.
- Бостандық, Бексейіт, Үшкөл, Андреевка, Владимировка, Рябиновка. Орыс, қазақ деп бөлмей, тізгінді бірдей ұста - ісің сонда жүреді. Үлт мәселесі қашанда нәзік нәрсе ғой, осыған сақ болғайсың. Біздің жерде, құдайға шүкір, таласып жатқан ештеме жок, тату-тәтті тұрмысы бар, соны сақтағайсың.

Қазақшылығың бар шығар? - деп қулана қарады.

- Енді қазақ емеспіз бе? - дедім алғашында сұрақтың арғы сырын іле аңғара қоймай.

- Қонақ шақырмайсың ба, қонаққа шақырса бармайсың ба?

- Барамын.

- Оның да орны, тәртібі болады. Балаша елпілдеп жүгіре берме. Салмағыңды біл. «Бөтен жерде екі шоқып бір қара» дейді қазақ. Сол сөздің терең мәнін түсінетін бол.

- Оның дұрыс. Біздің ағайындар қонаққа шақырса - мойныңа бір міндет артып қоятыны бар. Оны да түсінемін.

- Ел басқарудың өзіндік саясаты, өнері бар. Соны жетік билетін бол, - деп бір түйіп тастады да, орнында қозғалақтап қойып, ұмытқанын есіне түсіргендей сөзін әрі жалғастырды. - Мен өзім барып тұрамын. Қолдан келген көмек көрсетіледі. Тек өзің үялшақтама. Өй, білмеймін үялшақтайтын жасық текten емессің-ау! Солай ма? - Нікең дәл түстім бе дегендей өз сөзіне өзі қарқылдалап күлді.

Маған ақжол айтып, он тілек арнаған осы әңгіме бойыма құш-қуат дарытып, жігерме қайрат қосқандай болды.

Қоштасып кабинеттен қуанып шықтым. Көңілім көтеріңкі. Қандай ақылман аға десеңізші. Айтқан ақыл-кеңесінің бәрі көкірегіме қона кетіп, жанымды жадыратты. Осындаған адамның басшылығымен қызмет істеу де қызықты екенін, сондай-ақ жауапкершілік жүгі де салмақты соғатының сезіндім.

Үлкен басшының әр сөзі қайтадан жадыма оралып, оның сырына үңілгендей боламын. «Қазақ ауылдарын жүдетьп алма. Өзің барған соң көрерсің. Қазақ ауылдарында жаңа салынған үй де, мал қорасы да аз. Ауылдың бейнесі де көз тартпайды. Осыны бір ой елегінен өткізіп көрши. Бірден тау қопарып тастаймын деп шаңы мен шуын қатар көтеріп жүрме», - деп еді. Сол ескертүі де бір бүйірде әбден орнықты.

Сол совхозда алты жыл еңбек етіп Ніл Әдғамұлы тапсырған біраз мәселелерді орындағандай болдым. Андреевкада орта мектеп, Бостандық ауылында көркіті клуб, орталық жылу

қазанын салып, әр үйге жылу тараттық. Қазақ ауылдарына жаңадан үйлер салып, бытырап жан-жаққа көшіп кеткен отбасыларын қайта шақыртып алдық.

«Жаңа жердің адамдары сыншыл келеді. Жаңа бастық қалай екен деп бір-бірінен сұрап жатады. Той болып жатса орыс, қазақ деп алаламай бас көрсетіп, кіріп шық, құтты болсын айт, қаза болып жатса көніл айтып көмек көрсет, жұрт оны да байқап отырады», - деп Болатбаев ағамыз ұсақ-түйекке дейін айтып, әбден ысылтып дайындал еді ғой.

Кейінгі сексенінші жылдары Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы басқармасы бастығы, Возвышен аудандық атқару комитеті тәрағасы болып жүрген кездерде де әрдайым Ніл Әдғамұлын ұстаз тұтып, осы кісіден көптеген маңызы зор сабактар алып жүрдім.

Ніл Әдғамұлының бойына сіңген тағы да бір қасиетіне таң қалмауға болмайды.

1982 жылдың күздінде жұмыс бабымен Ніл Әдғамұлы Возвышен ауданына келді. Егін даласын аралап жүріп «Восточный» кеңшарына келдік. Әдептегідей ол кісінің жұмысшылармен әңгімелесетінін біліп, еңбек озаты, көп жылдар бойы жұмыс істейтін жүргізуі Игнатенко мен кездестірдік. Мен әлгі жүргізуіні таныстырып, оның жетістіктерін атап жатқан сәтте Ніл Әдғамұлы.

- Тоқтай тұр, Амантайжан, мен бұл жұмыскерінді білемін, - деп мені кенеттен тоқтатты. - Осыдан 5 жыл бұрын, Игнатенко жолдас, Қарағанды кеңшарының даласында жұқ машинасына сабан артып жатқан сәтте сені кеңшар директоры Миллер қолға түсіріп, сол сабанды сұраусыз алғаның үшін қайта түсіртіп еді ғой, сол есінде ме? - деген сұрақ қойды. Қызырып сасқан жүргізуіміз:

- Иә, Ніл Әдғамович, есімде. Кешіріңіз, - деп жауап қайтарған еді. Міне осылай игі жақсылардың бірі Ніл ағамыз бір көргенін есте мәңгі сақтай алатын азамат еді. Ол кісінің осындағы қасиеттеріне көптеген жерлестеріміз күә бола алады...

Ніл Әдғамұлы заманының ақылды, парасатты, іскер басшыларының бірі болғаны сезсіз. Кезінде қызмет бабымен басқа облыстарға, орталық атқару органдарына, сол кездегі кең байтақ Совет елінің астанасы Мәскеуге де шақырулар түсken болатын. Бірақ нағыз ел азаматы, туған өлкесінің ұлы, шын патриоты Ніл Әдғамұлы Болатбаев өмірінің соңғы күніне дейін өз елінде еңбек атқарды.

...Дүниеде қалаған тас пен қыш қалады. Елге еткен еңбек
пен іс қалады, – дейді еken ғұламалар. Осының бәрі де қалды
Ніл ағамыздың артында.

Ніл Әдғамұлының есімі, үлгілі істері жүргегімізде, үрпақ
жадында да мәңгі сақталады деп сенемін.

ЕСТЕН КЕТПЕЙТИН ЕСІМ

Өзінің тірі кезінде көпшіліктің ерекше құрметіне бөленген Ніл Әдғамұлы Болатбаев жайлы бүгінде естелік айту, ол кісі туралы жылы лебіз білдіру азаматтық парыз деп есептеймін. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп халқымыз тегін айтпаған фой. Сонау бір ықылым заманнан бері айтылып келе жатқан осынау аталы сез дәл Ніл Әдғамұлына арналғандай. Мен Нікенді табаны күректей жарты ғасыр уақыттан бері жақсы білемін. Оның адамгершілігі, ерекше кішіпейілдігі, адамға деген қамқорлығы, байыпты да байсалды мінезі менің көз алдыма күні бүгінгідей елестейді. Кездескенде айтқан талай ақыл-кеңестері, мектеп директоры болған кезімде көрсеткен қемегі мен қамқорлығы жадымда сақталған, ешқашан да ұмытылмайды.

Ніл Әдғамұлы біздің өнірде әртүрлі деңгейде басшылық қызмет атқарғаны белгілі. Ол қандай қызметті болсын ерекше жауапкершілікпен атқаратын, партия ісіне адал берілген азамат еді. Сөзіміз дәлелді болуы үшін бұған нақтылы мысалдар да келтіруге болады. Мәселен, сонау елуінші жылдары ұжымшарлардың әлеуметтік-экономикалық жағдайларын көтеру, ұжымшарларды ірілendіру, ұжымшарлар басшылығына қолынан іс келетін білімді де білікті кадрларды жіберу туралы партия ұран тастап, бастама көтерді.

Партияның осынау ұранына алғашқылардың бірі болып Ніл Әдғамұлы үн таstadtы. Ол кезде Н.Ә. Болатбаев Преснов аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болатын. Осындай лауазымды қызметіне қарамастан Нікең партия бастамасына орай «отзызыңдықтар» қатарына өзі тіленіп, аудандағы ең артта қалған, экономикасы тәмен Ленин атындағы ұжымшарға басқарма төрағасы болып барды. Қолына алған істі қашан да оңға бастыратын Ніл Әдғамұлы бұл жолы да ерекше іскерлік көрсетіп, артта қалған шаруашылықты аз уақыттың ішінде барлық экономикалық көрсеткіштер бойынша алға шығарды.

Әлі есімде, 1969 жылы Лениннің 100 жылдығы қарсаңында, Ніл Әдғамұлы онда Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болатын. Дәл сол кезде Солтүстік Қазақстан облысының таңдаулы насихатшылары Лениннің туған, жүрген, болған және қызмет істеген

жерлеріне арнайы сапарға шығуға даярланып жатқан болатын-ды. Біздің Сергеев ауданынан осы іссапарына таңдаулы деген 35 насихатшы баратын болдық. Мен ол кезде «Приишим» кеңшарының Баян ауылы бөлімшесінде насихатшы едім. Бір күні аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Н. Ә. Болатбаев Ленин болған жерлерге баратын насихатшыларды қабылдап, біздің облыстан үйымдастырылған «Насихатшы» деп аталатын арнаулы үгіт поезымен барып келетінімізді айта келіп былай деді:

—Барғанда жол-жөнекей болатын қалалар мен мұражайларды, көрген-білген жаңалықтарды ұмытып қалмас үшін қойын дәптерлеріне жазып алып отырындар. Ол кейін өздеріңін насихатшылық жұмыстарыңа керек. Сіздермен әр деңгейде ғездесулер өткізіледі, сонда қысылмай-қымтырылмай айтуларыңа, әңгімелелеулеріңе онай болады. Сондықтан да ерінбендер, жол сапарларыңың әр сәтін ұмытпай тұрғанда қағазға түсіріп, жазып отырындар...

Мен және басқа насихатшылар да Нікең айтқандай, насихатшылық іссапарымызды үзбей жазып отырдық. Кейін шынында да ол үлкен естелік, қызықты материал болды.

Жолшыбай әр аудан насихатшылары поездың радио торабынан жиі-жиі концерттер, хабарлар беріп тұрдық. Арамызда жақсы өлең оқитын, ән айтатын, сын-сықақ, құлдірі і әңгімелердің шеберлері, қазақ және орыс ақындарының өлеңдерін, классиктердің туындыларын нақышына келтіріп, мәнерлеп оқып, шеберлікпен орындайтын азаматтар да болды. Осындай өнерпаздар арасында конкурстар өткізіліп, байқаулар үйымдастырылды. Женімпаздарды анықтайдын әр ауданнан бір-бір адамнан комиссия құрылды.

Аудан насихатшыларын осы іссапарға өзі бастап апарған Ніл Әдғамұлы жол үстінде бір күні Сергеев аудандық партия комитетінің екінші хатшысы Анна Николаевна Пожарницкая екеуі бәріміздің басымызды қосып:

—Білген өнерлерінді аямандар, барынша жарқыратып көрсетуге тырысындар, басқа аудандардан өнер жарысында қалып қоймандар, қайткенде де бірінші орын алуға бар күш-жігерлерінді жұмсаңдар,— деп тілек білдірді.

— Намысты қолдан бермейміз. Женімпаз немесе жүлдегер болуға күш саламыз,— дедік біз де ауданың бірінші басшысының сөзін қостап.

Мен сол жолы дауылпаз ақын Владимир Маяковскийдің «Стихи о советском паспорте» деген өлеңін бар ынтамен орысша айтып бердім. Ертеңінде Нікең поездың асханасында кездескенде маған риза болып:

– Сайран, сен жарайсың! Маяковскийдің өлеңін нақышына келтіре жақсы оқып бердің. Дауыс диапозоның да кәдімгі дикторлардай саңылдан тұр,

Міне, орысша оқып, мектеп бітіргеннің бір пайдасы. Егер орысша оқымасаң, дәл бұлай әр сөзді дұрыс айта алмаған болар едің, – деді арқамнан қағып.

Сол жолы Мәскеудің Съездер сарайында Д. Вердиң «Риголетто» операсы болады деген соң барып едік, билет жоқ деп бізді кіргізбеді. Онда Н.Ә. Болатбаевтың республика Жоғарғы Кеңесінде депутат кезі. Ол депутаттық куәлігін көрсетіп, өз ақшасына 35 билет сатып алды. Сөйтіп Нікеңнің арқасында атақты операны тамашаладық. Ертеңінде үят болмасын деп, оған билеттің құнын қайтарып берейік дегендे ол мүлде қарсылық білдіріп, алмады. Ал ұсақ адам болса, «қайтқан малдың қайыры бар» деп алар еді. Ал ол өйтпеді. Осының өзінен-ақ ол кісінің үлкен жүректі адам екенін айқын аңғаруға болады.

Бұл да сонау 1970 жылы болған еді. Мен ол кезде Баян орта мектебінің директоры болатынмын. Мектептің жұмысымен облыстық атқару комитетінің тәрағасы Н.Ә. Болатбаевтың қабылдауында болуыма тұра келді. Келсем, ол кісінің қабылдайтын күні емес екен. Қабылдау бөлмесіндегі хатшының кіргізетін түрі жоқ, ол маған тесірейе қарап:

– Бүгін ол кісінің қабылдайтын күні емес, мұнда сонау жақтан келмес бұрын, облыстық атқару комитетінің тәрағасы қай күндері азаматтарды қабылдайтын кестесімен алдын ала танысу керек еді, – деп ескерту жасады.

Мен де оған болмай:

– Менің ол кісіде тығыз шаруам бар еді. Әйтпесе, сонау алыстағы Сергеев ауданынан келер ме едім. Мен қай күні қабылдайтынын білгенім жоқ, көмектесініші Ніл Әдғамұлына жолығуға, – дедім жалынғандық кейіппен кездесудің маңыздылығын түсіндірмек болып. Тіпті болмаған соң:

- Сіз айтыңызы, Сайран Тәжин қабылдауынсызды өтініп тұр, Сергеевкадан келіпті,- деңіші дедім тағы да болмай.

Хатшы менің соншама өтініп, қайта-қайта сұрағанымды түсініп, Нікеңнің кабинетіне енді де тез шықты.

-Енсін деп айтады, кіріңіз,- деді. Мен ерекше қуанып кеттім. Ол кісінің кабинетіне облыстық атқару комитетінің төрағасы болғаннан бері бірінші кіруім еді. Кіріп барсам, Ніл Әдғамұлы анадай жерде отыр екен. Менің сәлемімді алып амандасты да:

-Ә, Сайрансың ба? Жоғары шық,- деп отырған орындығынан түрегеліп, үстелді айналып келіп менімен қол алысты.

Содан кейін бірден елдің амандығын, мектептің жайын, мұғалімдер ұжымының жағдайын сұрады. Сондай-ақ ауыл ақсақалдарының тұрмыс жайын да сұрастырып жатыр. Біраз жайға қаныққаннан кейін ғана:

-Жуырда облыс орталығында ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің облыстық кеңесін өткізбекшіміз. Қазір соған даярланып жатырмын. Ұақыт тығыз, жұмыс көп,- деді құлімсірей. - Тегі менен көмек сұрайын деп келгенсің ғой жобасы, айта отыр, -деді тағы да маған барлай қарап.

-Иә,- дедім мен де текке келмегенімді білдіріп.

«Айран сұрай келіп, шелегінде жасырма», - дейді ғой. Айт, қандай мәселе? - деді тағы да маған қарап.

Мен келген шаруамды айтып едім, ол бірден телефон құлағын көтеріп, арғы жаққа тапсырыс берді.

Осы орайда келген шаруамның мәнісін айта кетуге де болады. Сол 1970 жылы мектепке музықадан сабак беруге ауылдың тұмасы, облысқа белгілі домбырашы Серікбай Құсайынов келген еді. Ол маған былай деді:

-Мен балаларды тек домбыраға ғана емес, күйсандықты тартуға да үйретемін. Сондықтан да мүмкіншілік болса, мектепке күйсандық алып беріңіз,- деп өтінген болатын.

Осы мәселе мен облыс орталығындағы мектептердің көрнекі құралдармен жабдықтайтын дүкенге барсам, бір күйсандық тұр екен. Бірақ оны Мамлют санаторий мектеп-интернатына бөліп қойған екен. Басқа жоқ қөрінеді.

Ақыры Ніл Әдғамұлының тікелей араласуымен күйсандық алынды. Мәселе онда емес. Менің айтайын дегенім- Ніл Әдғамұлының зор адамгершілігі, ете қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі. Өзінің жұмысының бастан асып жатқанына қарамастан мені сол жолы қабылдағанына ерекше риза

болғанымды – несіне жасырайын. Ол кісі – жалғыз мен емес, менен басқа да талай адамдарды қабылдап, қолынан келгенше көмек көрсетіп, қамқорлық жасаған абзал адам. Облыстың бір басшысы болса да, үлкен басын кіші етіп, отырган орнынан тұрып, мені жылы шырай таныта қарсы алып, қабылдауы қандай адамгершілік десеңізші! Міне, «Жақсыдан-шарпат» деген осы да.

Өмір де, өлім де – табиғаттың заңы ғой. Алғаш рет Ніл ағамыз қайтыс болды деген сұық хабарды естігенде қабырғам қайысқандай, ерекше қайырғаным бар. Ніл Әдғамұлы қала маңынан онша алыс емес, тас жолдың жиегіндегі жаңа зиратқа жерленген. Өткен-кеткен жолаушылар бұл зиратты «Болатбаевтың зираты» деп те атап жүр. Олар жол-жөнекей өткенде қол жайып, оның рухына тағым етеді. Мен де сәті түскен кездерде зираттың басына барып, шама-шарқымша құран оқып, оған пейіштің жарығын, Алланың ракым нұрын, жаны жәннатта болсын деп тілеймін, топырағы торқа болсын деймін. Өйткені өмір бойы халқы үшін қалтқысыз қызмет еткен Ніл Әдғамұлы Болатбаевтың есімі ешқашан да ұмытылмақ емес, өзі білетін адамдардың жүргегінде үрпақтан-үрпаққа ұласып, мәңгі жасай беретін болады.

ЖИЗНЕННЫЕ УРОКИ БОЛАТБАЕВА

Множество людей, вольно или невольно, участвуют в формировании характера, мировозрения, отношения к делу каждого из нас. Во многом наша судьба зависит от того, в чьи «руки» попадешь, какими принципами будешь руководствоваться, насколько сумеешь противостоять неизбежной «чернухе» обстоятельств. В итоге – или недовольство оставшимся позади, или радостная осознанность своей общественной полезности, желание помнить и вспоминать пройденное и дорогих сердцу людей, которые всячески помогали на трудном жизненном переходе.

Два радетельных человека приняли участие в моей судьбе: отец родной Сергей Петрович Беев, известный в республике педагог и партийный работник, «человек высокой чести», как называли его товарищи по общему делу, и Нель Адгамович Болатбаев, которого я, наряду со многими его воспитанниками тоже считаю отцом, духовным наставником, другом.

1966 году меня, к тому времени уже поднаторевшего в педагогике и общественных делах человека, проработавшего в предыдущие три года в качестве заместителя заведующего отделом пропаганды и агитации обкома партии, решили выдвинуть, как тогда говорилось, на большую работу (с ударением на «о»).

– Поедете, Зинаида Сергеевна, секретарем райкома в «свой» район...

В первое мгновенье я не поняла, о чем идет речь, но тут же сообразила, что под «своим» подразумевается Сергеевский район (видишь ли, совпадение по отчеству). Попробовала отказаться со ссылкой на больных родителей, слабое знание сельскохозяйственного производства. Но не тут-то было. К тому же мой родной «человек чести» тоже твердо сказал: «Дочка, надо ехать. Мы как-нибудь себя обслужим. К тому же партийными делами района руководит достойный во всех отношениях человек, многоопытный

работник – Нель Болатбаев. Его выучка очень пригодится в будущем».

Так открылась для меня «Болатбаевская школа». А началась она с урока Человечности. Не успела я осмотреться, как из дома сообщили об отцовском инфаркте. Как быть? На полях – жатва, идут приготовления к зиме, нужно идеологически поддерживать людское настроение, а у самой такая беда. Ну, думаю, наработала... Не скрывая слез и горьких размышлений, пошла к старшему товарищу по партии. Нель Адгамович успокоил насчет моего неудачного старта в должности (дескать, еще наработаешься), без размышлений отдал свою машину для срочной поездки в Петропавловск и наказал сберечь отца.

Я выполнила его наказ. Мне поставили кровать в реанимационной палате и я месяц не покидала свой пост. Ради такого отца, какой был у меня, я готова была выдержать любые трудности. Вернулась к делам окрыленной, стократно благодарной Болатбаеву и уверенной, что мир не без добрых людей и не все поступают «по протоколу». Это правило я начертала в своем сердце и всегда откликалась на чужую беду. А когда самый дорогой человек все-таки ушел из жизни, я приняла духовное покровительство Неля Адгамовича, понимала его душевную потребность содействовать деловому росту окружающих его людей, видеть в «кадрах» прежде всего товарищей.

В этом я ежедневно убеждалась в период совместной работы и в Сергеевке, и в облисполкоме, которым долгое время управлял Нель Адгамович вплоть до ухода на пенсию в 1986 году, а мне выпало еще три года реализовать «школу Болатбаева» при новом председателе исполнительного органа областного депутатского Совета в качестве заместителя по социальному-культурной работе.

И как только управлялись мы при исполкомовском штате всего-то в 28 человек! Попутно замечу, что в другом руководящем органе, который производил на свет множество «ц. у». (ценных указаний), штаты были гораздо крупнее. Если кто-то и мог сказать: «Это не мой вопрос», то только не работник исполкома любого уровня. Круг социально-экономических проблем, несмотря на их постепенное решение, никак не хотел сужаться. Наоборот, требования возрастали. Люди хотели жить в хороших квартирах, иметь крепкую систему здравоохранения, образования,

транспортных коммуникаций, торговли, качественные товары, объекты спортивно-культурных развлечений...

Люди долго мечтали и в 70-80-е годы действительно начинали жить «при коммунизме». Особое место в ту пору было отведено решению вопросов комплексного развития городов и сел, облик которых разительно менялся и в общих чертах сохраняется до сих пор. Не будь тех лет грандиозной работы, сегодня не на что было бы посмотреть.

Так смотрите и помните, наши потомки, когда беретесь хаять с чужого языка старшие поколения, которые якобы работали из-под палки. Да чепуха все это! Люди сами стремились к осуществлению мечты и осуществляли ее. Попробуй-ка сейчас исполнить хотя бы десятую долю того, что делалось за год. Какой там «застой», когда все гудело от размаха строительства и обновления во всех сферах социально-экономической жизни. Каждый чувствовал себя причастным и ответственным за итоги этого процесса.

Исполнительная власть и ее руководители вникали во все жизненно важные сферы. Многое хотелось улучшить как можно скорее. Помнится, именно тогда благодаря инициативе и природной сметке нашего председателя были освоены скоростные методы строительства начальных школ, Фельдшерско-акушерских пунктов. А насколько успешно продвигалось дело со строительством народных стадионов в поселках и райцентрах, где проводились грандиозные праздники красоты тела и духа вступающих в жизнь поколений. На моей памяти и, не счтите за нескромность, в том числе при моих зампредовских заботах, появилась областная детская больница, комплексы профтехобразования, новые корпуса учебных заведений. Никогда не забуду, как пришлось «пробивать» здание медучилища, которое собирались возводить под видом... общежития, чтобы выпросить в госплане деньги и быстрее решить насущную проблему размещения очень важного учебного заведения для подготовки кадров медработников прежде всего для села.

На своих каждодневных практических «уроках» Болатбаев воспитывал усердие в дела, обязательное исполнение масштабного решения исполкома или небольшого поручения. «Провести» его было невозможно, поскольку он знал истинное положение дел на каждом участке. А уж взять какие-то данные «с потолка», обмануть в расчете на его неосведомленность означало потерять

доверие старшего товарища. Он требовал правды и только правды, какой бы она ни была.

Думаю, не с целью проверки состоятельности того или иного сотрудника, а исходя из желания пополнить и свои оперативные знания по каким-то вопросам, что-то подсказать, просто по-человечески побеседовать о трудовых и личных делах, он запросто заходил в кабинеты зампредовских референтов, усаживался и начинал расспрашивать. Радовался, когда ответственный за какой-то участок работы сотрудник мог ответить на все его простые и непростые вопросы. Он мог спросить, знает ли сотрудник фамилию, скажем, бригадира каменщиков на строительстве такой-то школы и содержание беседы с ним, высказанные им соображения для ускорения работы. И если следовал отрицательный или явно бессодержательный ответ Болатбаев не допекал работника, не делал выводов о несоответствии занимаемой должности. Он просто давал совет больше вникать в «мелочи», обогащаться знанием всех обстоятельств, помогающих сделать правильный анализ и вывод. Ведь не секрет, первооснову разных деловых бумаг готовили рядовые сотрудники и от их знания положения дел тоже зависела глубина обсуждаемых вопросов и принимаемых комитетом решений.

Нель Адгамович ценил каждого своего сотоварища, независимо от его места на боевой позиции, воспитывал деловитость, самостоятельность в выборе путей и средств для обязательного выполнения поставленной задачи. Один из многих уроков «Болатбаевской школы» я получила в той же Сергеевке, когда всем членам бюро было поручено разъехаться по хозяйствам и принять участие в проверке герметичности молотильных самоходок. «Нель Адгамович, я же идеологический работник, что я в этом понимаю?» – вырвался у меня непроизвольный вопрос. – «А вы подумайте, найдите решение и выполните поручение бюро». Вернулась я в кабинет, недолго думала и поехала в хозяйства с наилучшим консультантом – главным инженером сельхозуправления.

На следующей встрече в кабинете первого я, как заправский специалист, докладывала о положении дел с той самой герметичностью комбайнов, которая позволяла сберечь немало хлеба при молотьбе. Болатбаев улыбался, явно довольный итогом своего «урока» и способной ученицей. Но он этого не сказал. А для себя я раз и навсегда сделала

вывод: чтобы агитировать за что-то, надо глубоко знать суть и предвидеть итоги своих идеологических стараний. А иначе люди только посмеются над лозунговой тарабарщиной и никакой пользы от такой «идеологии» не будет.

...У сотен знакомых мне людей, кто в разное время прошел начальный или полный курс «Болатбаевской школы» деловитости, честности, преданности общему делу и ответственности перед ним, жизнь сложилась вполне удачно. Он любил людей, помогал им, делясь знаниями, деловым опытом и наблюдениями жизни. Учил и требовал, не принижая чьих бы то ни было достоинств. Словно скультор, умело «лепил» характеры, отсекая все лишнее, выставляя напоказ красоту человеческого образа. Его собственный образ со всеми достоинствами отложился в сотнях, тысячах сердец. И пока они бьются, люди будут помнить и рассказывать, писать о человеке, по добрым деяниям которого еще долго будут сверять свой земной путь.

ҚҰРМЕТТЕЙТІН ҚҰРДАСЫМ ЕДІ

Мен Нілмен 1947 жылдың күздінде, Алматыда партия мектебінде таныстым. Мен оқып жатырмын, ол оқуға түсті.

Аласа бойлы, шымыр денелі, пысық, тепе темір үзетін, жиырма бесті алқымдал қалған жас жігіт екен. Екеуміз түйдей құрдас болып шықты.

Қарап тұрсан, содан бері заманның неше құбылыстары дәңі мен қыры, жазығы мен жарықшағы, көгілдір аспаны мен оны жабатын түнегі бірінің артынан бірі құйрық тістесе өтіп жатты ғой. Шіркін, сол заманың қайшылықта толы шоғырланған шырмауынан жарқ өтіп шыққан күндей шапағын шашқан өмір-ай!

Бүгін сол өмірден өткен, құрмет тұтатын құрдасты еске алып отырмын.

Ніл көп балалы отбасыдан шыққан, жас шағында кемдікті, қыншылықты біраз көрген. Онымен құрссе де білген. Жене де білген. Майданға да барып келді. Қызметті төменнен бастап, мемлекет қайраткерлігі дәрежесі – облыстың бірінші басшысына дейін көтерілді. Міне, қысқаша айтқанда, Нілдің өмір жолы. Ал осы сапарда оған серіктес болған, оған демеуші болған оның қарапайымдылығы еді.

Екінің біріне аян, кейбіреулердің қызметі бір саты ессе, оның қеудесі екі-үш сатыға өседі, табиғат берген дауыс тарамыстай тарқатылады, көзінің майы қарашибын жауып кетеді.

Нілмен бірге өстік деуге болады. Ол осы сияқты сорақы мінез-құлықтардан өте-мете аулақ болатын. Ол ең тәменгі қызметтен облыстың бірінші басшысы дәрежесіне дейін өсті дедік қой. Осы дәуір ішінде оның мінез-құлқында ешбір өзгеріс болған жоқ; даусы да өзгерген жоқ, қеудесі де көтерілген емес, дос-жарандарын танымай да қалған емес. Ол малшымен малшының тілінде, диқанмен егіншінің тілінде, басшылармен басшыларша сөзге келетін еді.

Ніл – тапқырлықты, көрегендікті адамның бойына біткен зор, бағасыз қасиет деп біліп кеткен адам.

Бұғанде айтарымыз: Нілдің өмір жолы, қызмет тәжірибесі, адамгершілік қасиеті, кішіпейілділігі кейінгі үрпақтарға үлгі болатынына күмәнданбаймын.

ЖАРТЫ ФАСЫР, ЖАРҚЫН ҒҰМЫР

1948 жылы Алматы қаласындағы мемлекеттік ауыл шаруашылығы институтының екінші курсында оқытын студент едім. Сол уақытта біздің ағай - Қанаш Шәкенұлы республикалық партия мектебінде оқытын. Ағама барып, амандағын біліп тұратын едік.

Бір барғанымызда Ніл Әдғамұлы Болатбаевпен таныс болдық. Сол кезде Нікен облыстық партия комитетінің хатшысының көмекшісі қызметінен партия мектебінің тыңдаушысы болып ауысқан еді. 1950 жылы оқуды тәмамдап келген соң Преснов аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып тағайындалды. 1953 жылы Орталық партия комитетінің октябрь пленумы болып, онда ұжымшарлар мен МТС басшы кадрларына мамандарды жіберу жөнінде мәселе қаралды.

Мен ол кезде Петропавл қаласындағы ауыл шаруашылығы басшы кадрларын даярлайтын мектепте мұғалім болып істеуші едім. 1953 жылдың қараша айында сол қаулыға сәйкес облыстық партия комитетінің үйфаруымен Преснов ауданының Баян МТС-не бас агрономдық қызметке бардым. Сол қызметте Ніл Әдғамұлы бізге қамқоршы болды.

1955 жылы Ніл Әдғамұлы отыз мыңдық есебінде Баян МТС-нің аймағы қарайтын Ленин атындағы ұжымшардың тәрағасы болып сайланды. Ніл Әдғамұлы артта қалған ауылдардың мәдениетін, экономикасын көтеру үшін көптеген қызмет істеп, бар күш-жігерін салып, өзінің білікті үйымдастыруышы екенін көрсете білді. Сол жылдары егіннен бітік өнім алып, мал шаруашылығы да өркендей түсті. Мәдени ошақтар салынды.

1957 жыл. Облыс басшылары Ніл Әдғамұлының еңбегін бағалап, Приишим аудандық атқару комитетінің тәрағасы қызметіне жоғарылатты. Ауданың экономикасы, мәдениеті жоғары бағаға ие болды.

1962 жылдан 1970 жылға дейін Сергеев аудандық партия комитеті бірінші хатшысы болып істеген кезде аудан облыс бойынша алдыңғы қатардағы аудандардың бірі болып саналды. Ауданда егін, мал шаруашылығы құрт өркендереп,

мәдениет өсті. Көптеген мәдени ошақтар салынып, шаруашылықтардың экономикасы күшейді. Ніл Әдғамұлы кадрларды тәрбиелеу мәселесіне үлкен мән берді. Сол кезде ауыл шаруашылығы мамандары болып істеген Мәркен Ахметбекұлы, Геннадий Бубнов, Евгений Викторов тағы басқалары аудан басшылары болып істеп, облыста басшы қызыметтер атқарды.

1970-1986 жылдары облыстық атқару комитетінің тәрағасы болып істеген кезде Нікеңнің үйымдастыру қабілеті арта түсті. Халықтың қалаулысы, елінің елеулісі болды. Тек облыс көлемінде емес, республикаға атағы шыққан қоғам қайраткері дәрежесіне жетті. Көптеген ордендермен, медальдармен марапатталды. Орталық партия комитеті мүшесі, Республика Жоғарғы советінің депутаты болып сайланды.

Нікеңнің есте сақтау қабілеті ерекше еді: бір көрген кісінің есімін ұмытпайтындығына талай адам таңқалған болатын.

Нікең облыстық атқару комитетінде істеген кезде біздің облыс республикада алдыңғы қатарда болды. Әсіресе, ауыл шаруашылығы өнімдерін ұлғайтуда, егіннен мол өнім алуда, мал шаруашылығында жетістіктер аз болған жоқ. Селоларда, аудан орталықтарында, Петропавл қаласында салынған құрылыштар қазіргі уақытта да қалаға сән беріп тұр.

Ніл Әдғамұлы өз шаңырағында үлгілі болды. Балаларының төртеуі жоғары білім алған.

Улken баласы Қадырбек медицина ғылымының кандидаты болса, Қазбегі – химия ғылымының кандидаты, Гүлжияны – кәсіпкер.

Ніл Әдғамұлы 1986 жылы зейнет демалысына шығып, бүкілодақтық дербес зейнеткер болды. Сол жылдары облыстық ақсақалдар алқасының тәрағасы болып қызмет атқарды, қалада және аудандарда ақсақалдар алқасы құрылды. Дінді дамыту, қаланың мешітін жәндеу жұмыстары қолға алынып, уақытылы аяқталды. Оған бизнесте істеген бірнеше азаматтар көмектерін берді. Мешітке жаңадан мұнара салынды.

Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев қайтыс болғаннан кейін ол кісінің атындағы қор құрылды. Біздің облыста сол қорды Ніл Әдғамұлы басқарды, көптеген игі істер атқарды.

Ол актық демі таусылғанша ақсақалдар алқасының тәрағасы ретінде облыстың әлеуметтік жағдайын назарынан тас қалдыра алмады.

БОЛАШАҚТЫ ОЙЛАҒАН

1959 жылы Омбы ауылшаруашылық институтын бітірген он бес қазақ жігіті өзіміздің тарихи отанымыз Қазақстанға жұмысқа баруды ойладық. Мәскеуге орталық комитетке хат жаздық өтініш айттып. Тын игерудің басталған кезеңі емес пе, тілегіміз бірден орындалды. Мен қызыл дипломмен бітірген едім: «Осында қал, қазақ ауданына жіберейік» деп маған онда да қолқа салғандар болды. Айтқан бетімнен айнымадым, елге тарттым.

Солтүстік Қазақстан облысына келген бетте «Тоқшын» кеңшарында бөлімше механигі, МТМ менгерушісі, жаңа техника жөнінде аға инженер болым. 1962 жылы біздің шаруашылықта іссапармен келіп, жастармен әңгіме өткізіп жүрген облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшысы Жақсылық Үсіқташ мені комсомол жұмысына шақырды. Сол жылы Полудин аудандық комсомол комитетінің, бір жылдан соң екі аудан қосылғанда Совет аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы болып сайландым. Институтта оқып жүргенде механикаландыру факультеті комсомол үйыминың хатшысы болғаным бар, сол қоғамдық жұмыстарыма қарап ұсынса керек.

Арада көп уақыт өтпей Сергеев ауданындағы «Марьев» кеңшарына бас инженер болып тағайындалдым. Бір күні мені осы қызметке бекіту үшін әңгімелесуге аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ніл Әдғамұлы Болатбаев шақырды.

Кабинетіне кіріп барғаннан-ақ бірінші хатшы жылы жүзбен жақсы қарсы алды. Үні де жайлы, жұмсақ, жағдайымды, туған ескен жерімді сұрап жатыр. Әкеден бір жасымда, шешеден он жасымда жетім қалғанымды, үш немере ағам мен женгелерімнің қолында тәрбиеленгенімді айттым.

– Шарбақкөл ауданы дейсін? Өзіміздің республиканың бірінші басшысы болған Жұмабай Шаяхметовтың елі емес пе? Ол кісіні естуің барма? – деп бетімे барлай қарап жауабымды тосты.

– Естігеннің. Біздің елден, – дедім орнықты үнмен.

Алдында толқып, аз да болса сасқалақтап кірген едім, енді мына кісінің жайлы қалпы, жақын тартқан ыңғайы жаныма жағып, өзімді еркін сезіне бастадым.

- Жақсы екен онда, текті жерден шығыпсың, - деді құлімсіреп.

- Әкең туралы айтшы?

- Біздің ауыл Боранқұл деп аталады, Омбыдан алпыс шақырым. Әкем Уфада Фалия медіресесін бітірген, елде беделді, тұрмысы ауқатты адам болды. Омбының Есілкөл, Шарбақкөл, Азов, Марьянов аудандарында қазақтар көп тұрды, соларға арнап мешіт салдырыды. Сол аймақтың қазақтары сол кісінің аузына қарайтын, беделді еді. Смағұл Садуақасов, Сәбит Мұқанов, Габит Мұсірепов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов сияқты қазақтың кереметтері Қызылтудан біздің үйге келіп, қонақтап жүріпті. Әкем оларды Омбыға апарып тастайды екен.

Содан біреулер көрсетіп 1937 жылы халық жауы атанып сottaлып кетті.

- Қай жылы қайтыс болды?

- КГБ-ға хат жазып ізденіп көрдім. Бір қағазда 1937 жылы атылды депті, екінші қағазда 1941 жылы езі сұранып соғысқа кетіп, Мәскеу тубінде шайқаста қаза болды депті.

- Өмір жолың қындыққа толы екен, 6-7 класта колхозда побегрейкамен шөп шапқаныңды айттың. Ондай-ондай шынығу да өзіңе үлкен сабак болған екен. Енді әке сенімін акта.

- «Балам елге барсын, өскен соң Шаймұрат Қазақстанға барсын, туған жерге не жетеді» деген екен әкем сottaлып бара жатып. Сол әке өсінетімен келдім елге.

- Өте жақсы, туған жердегі қадамдарың да жаман емес. Болашағың бар. Осы жолдан айныма. Адал, таза болсан, қолыңнан бәрі келеді. Мамандығың да жақсы екен. Жаңа техника керек, істі жаңаша үйымдастыру керек. Қазақстан болашақта бай ел болады. Астықты көрмейсің бе? – деп ол әңгімесінің соңына қарай орнынан көтеріліп қолын созды. – Ал, Шәке, танысқанымыз жаман болмас. Тілектеспін. Шұғыл шаруаң болса, қажетті мәселең болса қысылмай келіп тұр.

Бірінші хатшының мынадай жанашыр сөзі, қолдауы өзіме қанат бітіріп жібергендей болды. Іске кіріспін кеттім. Жас кезім емес пе?! Тұрлі семинарлар өткізіп, жаңа техниканы ұтымды пайдаланудың әдістері мен жолдарын бригадирлерге, наладчиктерге үйреттім. Аудан бойынша талай-талай семинарлар өткіздім. Сол еңбегім бағаланып, аудандық партия комитетінің ұсынуымен мені техниканы көктемгі егіске және ораққа дайындау жөніндегі аудандық комиссияның тәрағасы етіп бекітті. Бұл да Нікеңнің ойлап тапқан бір көтермелейу, жауапкершілікті арттыру тәсілі емес пе?! Жастар

іске құлшына кірістік. Кеңшарларды аралап комиссия дайындықты тексеріп жүрді. Комиссия құрамында ауыл шаруашылық басқармасының мамандары, белгілі бригадирлер бар. Ара-арасында біз тексеріп жүрген шаруашылық Болатбаевтың өзі соғып кетіп, жұмысымызға екпін қосып қояды. Жай келіп кетпейді ауылшаруашылық басқармасының бастығын немесе бас инженерін ала келіп, шаруашылық басшыларын шақырып істің жайымен нақты танысып, кемшіліктерді талдайды, оларды түзетуге қолма-қол көмек көрсетеді. Бір қосалқы бөлшектер жетпей, қолбайлау болып жатса сол жерде облыспен сейлесіп, табан астында қалаға аттандырады. Міне мұндай көмек бәрімізді желпіндіретін, іс ілгері басатын.

Бір күні Нікең кабинетіне шақырады деген хабар жетіп, жүгіре басып келсем жалғыз еken. Күн сенбі болатын. Қауырт жұмысқа жұмылғаны аңғарылады. Столдың үсті қаптаған кітап, журнал. Алдында ак қағаздар, қалам, қарындаш.

– Шәке, жоғары шық. Ағана көмектесіп жібер. Әдейі шақырттым, – деп өзі күлімсіреп орнынан тұрып қарсы жүрді. Қолтықтап ертіп әкеліп, қабырға жаққа ұзыннан қойылған столдың төрғі жағына отырғызып, өзі қарама-қарсы отырды. Мына шашылған кітап, журналдардан, өзінің шешініп тастап, кейлекпен кірісken қалпынан тығыз шаруасы танылып тұр. Жастарды еркелетіп, ағалық бауырына тартқандай ақжарқын ықыласпен «Шәке, Бәке» деп құрмет көрсетуі өзіне жарасып тұруши еді. – Шәке, сен білесің бе, білмейсің бе, ол жағынан хабарым жоқ, ал мен Петропавл ауылшаруашылығын механикаландыру техникумында сырттан оқып жүрмін

– Ол жағынан хабарым жоқ, Ніке. Ендеше қайырлы құтты болсын. Тамаша еken.

– Әріптесіңмін. Несі тамаша?

– Оқыған, ізденген, бір орында тұрып қалмаған, қозғалыста, ілгерлі ұмтылуда болған тамаша, Ніке.

– Мынау ойынды ұнатамын. Ал, ендеше өзін неге үнсізсің, жоғары білімді жассың, институт бітіргенің кеше ғана. Қайнаған білім сүйп қалмау керек қой.

– Оны да ойластырып жүрмін. Сіздің ұсынысыңызға рахмет. Қектемгі егіске және күзгі ораққа дайындық жөніндегі аудандық комиссияға тәраға етіп бекіткеніңіз мениң жоспарыма – ғылым кандидаттығына дайындалу мақсатыма дәлме-дәл келді.

– Бәсе, Шәке, текті түқымнан деп текке айтқан жоқ екенмін. Ендеше көне маган көмектес, – деді де Нікең бүгінгі

шақырыс мәнін тәптештеп айтып шықты. Дүйсенбіде Қызылжарға мемлекеттік емтихан тапсыруға барады еken. Біраз дайындалыпты. Стол үстіне емтихан билеттерін жайып тастады да маған қарады. «Мен билет алғып, емтихандағыдай жауап берейін. Сынап көрші» деді. Көзін жұмды да, жабулы билеттердің біреуін алғып, ашып қарады.

– Шәке, ағынан жарылып, шындығын айт. Қате кетсем тоқтатып таста да, «екі» деп бірақ айт, көлтектеме, – деп шындыққа бас иетінін мұлтіксіз айтты. Осындаш шарт қойған соң жауабын мен де мүқият тыңдадым. Жауабы дәлме-дәл, дұрыс. Үш билет алды, үшеуіне де жауап берді, бүлталақтаған жоқ.

– Қалай? – деді «емтиханымыз» біткен соң.

– Бес болмаса да, нығыз төрт, Ніке, – дедім. Құлді.

– Ағаңа мырзалық жасаған шығарсың, маған нығыз үш болса да жарап, – деп жымиды...

– Рахмет, Шәке. Ілгеріде мен де сенен емтихан алатын боламын, ағаң ретінде. Кандидаттық диссертация не болды деп үнемі сұрайтын боламын. Осыны ұмытпа. Сен сияқты оты бар жігіттер төменде отырмауы керек. Елің оқытты, ендеше ілгерілеуден ерінбе, еңбек ет. Болашақ сендердікі. Біз соғысқа килігіп, терендей оқи алмадық. Сендер шығындар биікке, – деп қолымды қысты кетерде. Шын көңілден шыққан адад сөзіне қатты риза болып, көңілім көтеріліп шықтым аға алдынан.

Нікеңнің сөзі қайран қалдырды, ойыма-ой қосты. Үлкен кісінің еңбеккерлігі, ұмтылысы, үлкен мақсаты мені таңдандырды. Өзі айтқандай соғысқа килігіп, оқи алмаған. Бірақ нальмаған, өкінбеген, қайрат-жігерге бөленип, ізденген, талпынған, Алматыдағы жоғары партия мектебінде екі жыл оқыған, сонда оқып жүріп Абай атындағы педагогика институтын сырттан оқып бітірген. Енді міне техникумды да бітіргелі отыр. «Өзің неге үнсізсің» деген сөз мені қамшылағандай болды. Жанашыр ағағана осындаш қамқор сұрақ қоярын мен де түсіндім. Нікең міне осындаш бәрімізді қанатына алған қамқор аға еді.

1962 жылдың күзі. Егін орағы аяқталар сәтте қарлы жаңбыр соғып, Сергеев ауданында біраз алқап жиналмай жатты. Астыққа қауіп төнді. Тұннің біраз уағы болып қалған тастай қаранғы мезгілде біреу үйдің төргі бөлмесінің терезесін қатты сартылдатты. Күндізгі шапқылаған қарбаластан қалжырап ұйықтап кетіппін. Жолдасым Римма терезеге барып еді арғы жақтан: «Бюроға шақырады» деген

дауыс естілді. Оны құлағым шалып қалған мен де төсектен атып тұрып киініп жатырмын. «Ұйықтасаңшы, райкомға таңертең баарарсың», – дейді мені аяған жолдасым. «Олай болмайды, бюро ғой, егін жиналмай тыныштық жоқ» деп апыл-ғұптың киініп тарттым.

Тұнгі сағат 2. Келсем аудандық партия комитеті бюросының мүшелері жиналып отыр екен. Терде облыстық атқару комитетінің тәрағасы Еркін Нұржанұлы Әуелбеков. Көп сөздің емес, нағыз істің адамы еди. Қысқа қайырды.

– Мәселе тығыз. Оны талқылап уақыт алмайық, егін жиналып біткен жоқ, қар астында қалатын қауіп бар, – деп ол айтар ойын нығарлап бір түйіп алды да, тұнгі шүғыл шақырыстың мәнін, бюроның байлам-шешімін айтты. Тұн қатқан адамның қабағы қатқыл, түсі суық, үні қарлығыңы. – Мына Жаңажолда көп егін қар астында қалатын түрі бар. Марьевка жинап бітті. Егін бітті деп демалуға уақыт жоқ. Қөршілерге кемекке бару керек. Шаймұрат, сен жассың, ұйықтайтын күнің әлі алда. Міне қазірден бастап жігіттерді оятып, комбайндарды Жаңажол бағытына тізіп қой. Бұл астық майданы. Неше комбайнмен тұрасың? Біз барамыз.

– Отыз, – дедім бірден.

– Жақсы онда, жүре бер. Тапсырма қайталанбайды. Бізді әзірлік сапында тос! – деп кесіп айтып, ңүкте қойды. Мен шығып кеттім. Содан комбайншыларды оятып, таң ата отыз комбайнды ғүрілдетіп айтқан жерге тізіп қойдым.

Таң атып, айнала жарық болған. Бір мезетте облатком тәрағасының «Волгасы» зырлап келіп жаңымызға тоқтады.

– Жарайсың, жігітім. Қайратыңды осылай көрсет, – деді риза үнмен алда бірінші тұрған комбайнның қасына келген Әуелбеков. – Тартындар ендеше. Бөгелмендер. Мен ауданда боламын. Жапалақтаған қарды көріп тұрсың ғой, – деді де қолымды алды да, сәт сапар тіледі.

– Шәкен біздің лапылдаған от, орындайды, – деп Нікең де сүйсінген шараймен басын изейді.

Ия, бүгіндері сол бір кезді, сол ағаларды сағынып еске аламыз ғой. Орақтың сол бір суық таны, қар үшқындаған таңы әлі күнге есімнен кетпейді. Отыз комбайн айналаны солқылдатып, ғүрілмен шошытып қаптап тартқанда дәл бір майдандағы шабуыл сияқты болды. Комбайншылар қандай еді. Біреуі де қынқ етіп үн шығармай жұмылып тартты-ау. Не керек күн ашылған сәл сәтті пайдаланып Жаңажолдың қалған егінін де жинап тастандық.

Арада үш-төрт күн өткенде аудандық партия комитетіне мені тағы шақырды. Бірінші хатшының кабинетінде Әуелбеков пен Болатбаев екеуі ғана отыр екен. Шіркін сол ағалардың сол отырысын айтсаңшы. Майдандағы генералдар сияқты көрінді маған. Жойқын шабуыл жеңіспен аяқталып, жауынгерлердің бәрі әбден титықтап қалжырып окоптарда сұлап-сұлап тынығып жатқан тылсым шақта генералдардың алдындағы картага үңіліп тағы бір ғаламат шайқасты жоспарлап жатқанын кинолардан талай көрдік қой. Екеуі дәл сол генералдар сияқты.

Мені жылы шыраймен қарсы алды.

– Шәке, үлкен сыннан абыройлы өттің. Қазақтың сен сияқты тепе темір үзетін жігіттері қыынан жол тауып, опрысып-жапырып жұмыс істеп жатса қалай қуанбассың. Мына біз саған, сениң кешегі Жаңажолдағы егінді тып-типыл қылып жинап тастағаныңа риза болдық. Осы бетіңнен тайма, – деп Нікең бастады сөзді. Әңгіменің бет-әлpetі жаман емес сияқты. Үні де жұмсақ, жүзінді жылы лебі шарпып тұрғандай еді. Жүргегім бір жақсылықты сезіп ұнатып тұрды.

– Айтқаныңызға рахмет, Ніл Әдғамұлы, үлкен кісілердің, ағалардың тапсырмасын іні болып орнына келтіре орындал жатсақ, соның өзі бізге абырой, – дедім сыпайы ғана.

– Мына Еркін Нұржанұлы облыстық партия комитетінің тапсырмасы бойынша сенімен онаша сейлеспек, – деді де Нікең басқа бір шаруамен айналысадын қалып білдіріп шығып кетті.

Еркін Нұржанұлы өзіне облыстық партия комитетінің бюросы менімен әңгімелесе келуді тапсырғанын айтты. Облыстық комсомол комитетінің бірінші хатшылығына ұсынады екен. Мұның алдында облыстық комсомол комитетінің үшінші хатшылығына шақырған болатын. Жағдайдың реті осылай келіп, күтпеген өзгерістер болған ғой, енді біріншілікке ұсынады. Мен келісім бердім.

Облысқа атана尔да Нікеңнің кабинетіне әдейі шақырып алып айтқан ағалық сөздері әлі есімде.

– Шәке, сені қимаймыз, әрине. Жанымда жарқылдатып жүре бергенің жақсы болар еді, – деді ол разы райлы жұзбен қолымды қысып тұрып. – Бірақ болашағынды ойлаймыз. Осы екпініңнен тайма. Шын жүректен тілектеспін. Ағаңың мына бір сөзін ұмытпа: жастықпен шапқылап жүріп кандидаттық

диссертацияның тақырыбын ұмытып кетіп жүрме. Ол сенің өмірлік азығың. Ал, сапар оң болсын!

Нікеңнің жолдауымен, қолдауын мен осылай қызметтің жаңа бір белесіне көтеріліп комсомол органдарында біраз істедім. Көп ел көрдім, көп жер көрдім. Шындалу қазанында қайнап, ел үшін қызмет етудің жолдарын үйрендім, ағалар тағылымы менің де өмір тәжірибемді байытты.

Облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Петрович Демиденко болып тұрган кезде Ніл Әдғамұлы Болатбаев облыстық атқару комитетінің тәрағасы болып екеуі бірін-бірі жақсы түсініп, үйлесіп жақсы жұмыс істеді. Сол тұста облыс барлық көрсеткіштер бойынша республикада алдыңғы қатарда болды. Егіншілікте де, мал шаруашылығында да ең жоғары көрсеткіштер біздің облыста болатын. Кадрларды өсіруден де біздің облыс көзге түсетін. Біздің облыстың өсу жолын өткен жас кадрлары басқа облыстарды басқаруға жоғарылатылып жатты. Осының өзі Демиденко мен Болатбаев мектебінің жемісі деп білемін. Нікеңнің облыстық атқару комитетінің тәрағасы болып он алты жыл абырайлы жұмыс істеуінің өзі өнеге-улгі етерлік құбылыс. Қазіргі кезде облыс басшыларының екі жылда бір ауысып, соңынан командасын шұбыртып елді ырың-жырың қылып көшуден қолдары тимей жүргенде кешегі Нікендердің нық тұлғасы еске түседі. Ел басқару өнеріне жетік еді-ау.

Сексенінші жылдардың басы болса керек, біздің облыстың делегациясы Ставрополь өлкесіне озат тәжірибелі үйренуге баратын болды. Делегация басшысы Н. Ә. Болатбаев, құрамында облыстық партия комитетінің хатшысы В. С. Хара, Мамлют аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Михаил Иванович Кузьмин және Возвышен аудандық атқару комитетінің тәрағасы мен бармын.

Өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы Михаил Сергеевич Горбачев, өлкенің халық шаруашылығының барлық саласы бойынша озық танылып, ұлғі ұсынылып тұрган кезі. Жеті-сегіз күндей аралап, көп жақсы жайлармен таныстық. Сонда Нікеңнің облыстық деңгейдегі басшы, жоғары білім, мәдениет иесі ретіндегі өресі бар қырымен айқын танылды. Мен өзім осындай қазақ азаматының басқа үлт өкілдері арасында көзге түсіп, қысылмай, қымтырылмай еркін сөйлеп, ойлы да үтқыр сөздерімен жүртты аузына қаратып отырғанына риза болдым. Өзінің әрдайымғы әдетімен ара-

арасында орынды, уытты әзіл айтып ду құлдіріп те алады. Әңгімені қыздыра отырып, уысынан шығармауға шебер еди.

– Үйренетін нәрсе көп, эттең табиғатымыз тең емес, бүл курортты аймак, табиғатының өзімен-ақ бізден озып түрғой, біз солтүстіктеміз, сұықтамыз. Бірақ, олай жасуға болмас, – дейді Нікең ауылшаруашылығындағы көп иғі істеріне қызығып. Біздің жерге де қолайлы келер тәжірибелі маған нұсқап: «Осыларды жазып алши, бізде де қолданып көрейік» деп қояды ара-арасында.

Сапардың соңғы күні Михаил Сергеевич Горбачев қабылдады. Ол кісі сондай жылы шыраймен қабылдалап, өзіміздің осындағы әсерлерімізді де, еліміздің шаруа-жайын да сұрап жатыр. Делегация басшысы Ніл Әдфамұлы терезесін тең ұстап Горбачевпен еркін әңгімелесіп отырды. Әңгіменің шырайын келтіретін терең білім мен жоғары мәдениет қой. Мәселе білімділік пен мәдениеттілікті көрсеткісі келіп қыыспайтын, келіспейтін сез айтып, көлбектеуде емес, сол білім мен мәдениеттің бойға қонымын жарасып, көз тартып, адамнан нұр шашып тұруында деп білемін. Міне Болатбаевтың білімі мен мәдениеті осылай үйлесетін. Ол кісіге Горбачевтің де ықылас қойып, пейіл арнағаны, құрмет көрсеткені маған Болатбаевтың да осал емес екенін танытты.

Нікеңе сез тигенде ол шешіле сейлеп, қазақтың үлттық салт-дәстүрлерін, халықтар достығын айта келіп, біздің елден белгі, осы сапарды еске түсіретін ескерткіш болсын деп қымызға арналған оюлы ағаш шара, алты кесе, ожау ұсынды. Михаил Сергеевич риза болып, алғысын айтып жатыр. Нікең осынау кішкентай көріністің өзінде бізге басшылық өнерінің сабағын ұқтырды. Қалай киіну, қалай жүру, тұру, сөйлеу, сәлемдесу, қоштасу керек – осының бәрін ол жоғары деңгейде бізге осы сапарда үлгі етті.

Қайтарда ұшақ үстінде қатар отырып әсерлерімізді айттысып келе жаттық. Сонда Нікең өзінің сонау алғашқы кездегі тапсырмасын ұмыттай тағы еске түсірді.

– Шәке, мынадай сайран сапарлар, салтанаттар да сап болар. Өмір ертең-ақ өте шыққанын білмей де қаламыз ғой. Сен әлі үнсіzsің. Кандидаттық диссертация не болып жатыр? – деп ол ағалық назбен маған қарады. Жеңіл әзіл айтқысы келгендей күлімсіреді. – Ертең аттан түсіп, жаяу жүреміз ғой, мына самолетпен зулаған, машинамен зырлаған қызмет те артта қалады. Қолымызға папка ұстап көшеде жүргенде

ішінде бос қағаздар болмасын. Болашақты да ұмытпайық. Не істеп жүрсің?

- Ніке, қол тимей жатыр, – дедім қысылып.
- Тигізу керек. Жылдар өтіп барады, – деді ол сөзін нықтап.

Ұлken ағаның сол қамқор сөзі бүгіндері де құлақтан кетпейді. «Болашақты ойла, ертең аттан түскенде не істейсің» деген ағаның ақылман сөзі мені ілгері жетелеп, қамшылап ұмтылдырыды. Кандидаттық диссертацияны жазып, қорғап шықтым. Одан кейін докторантурасы сырттан оқып бітіріп, докторлық диссертацияны Мәскеудің өзінде қорғадым. Қазір экономика ғылымының докторымын, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессорымын, студенттерге дәріс оқымын.

Қай қызметте болсын, ғылымда болсын қандай биікке көтерілсем де – Нікең сынды ағалардың шарапаты тиді деп шын жүректен айта аламын.

РУКОВОДИЛ УМОМ И ДУХОМ

Личность руководителя ярко проявляется в экстремальной ситуации. В связи с этим мне особенно запомнилась весна 1986 года. Из-за резкого потепления в пойме Ишима двинулся лед. В районе Вороньего острова льдинами срезало опоры линий электропередач, питающих насосную станцию первого подъема "Горводоканала", все три линии вышли из строя. Город внезапно остался без воды, а представляете, что значит оставить без воды, к примеру, больницу? Это чрезвычайная ситуация. Председатель облисполкоа Н. А. Болатбаев сообщил о сложившемся положении в правительство республики, откуда пообещали прислать вертолет со специалистами для монтажа опор электрических линии.

– Вертолет пришлют, а сколько денег за это потребуют?
– рассуждал Нель Адгамович. – Может, что-то самим можно придумать?

– Нель Адгамович, дайте нам час посоветоваться, – попросил я. – Потом уже можно что-то предлагать конкретно.

Болатбаев согласился, и вскоре мы с несколькими руководителями и специалистами из электросетевого района города, межколонны – 60, "Горводоканала" и других организаций собрались в моем кабинете и начали «мороковать». Через час пришли в председательский кабинет с предложением ставить временные металлические опоры для линии электропередачи.

– А как же их в воде устанавливать? – спросил Нель Адгамович. Узнав, что предлагается установку опор вести с лодок, недоверчиво сощурился:

– Опасное дело. Там же лед идет. С вертолета, конечно, безопасней, но он большую дыру в нашем бюджете пробьет. Наверное, стоит рискнуть. Я на вылет вертолета отбой дам, а вы на месте постарайтесь максимально обеспечить безопасность работы.

Мы поняли, что с этой минуты председатель облисполкоа взял и на себя ответственность за разрешение чрезвычайной ситуации.

В течение суток шли работы по изготовлению и установке временных опор. Люди работали в крошеве льдин, с лодок, рискуя каждую минуту окунуться в ледянную воду. Временные опоры выглядели вешками, вырастающими из реки. Протянутые по ним провода непривычно низко склонялись над водой, но никакая опасность им уже не угрожала. Через несколько часов электролинию подключили, заработали насосы и в город пошла вода. Многие петропавловцы даже не узнали о грозившей опасности, посчитав ЧС за небольшую аварию. Временные опорыостояли еще месяц после спада наводнения, а потом их заменили.

Несколько лет подряд главным объектом областного центра были канализационные очистные сооружения. Кстати, во многих областных центрах было начато строительство КОС и законсервировано, но мы решили "добить" этот объект и ввести его в эксплуатацию. Последние месяцы там еженедельно проходили планерные совещания и Нель Адгамович считал, что я в роли его первого заместителя, курирующего вопросы строительного комплекса, обязан был принять необходимые меры, чтобы оперативно решались все проблемы областного уровня. Сам он живо интересовался ходом строительно-монтажных работ.

Большое внимание председатель облисполкома уделял вопросам застройки села. В 80-е годы в совхозах и колхозах области ежегодно сдавалось в эксплуатацию до 150 тысяч квадратных метров жилья. В каждом хозяйстве вводилось ежегодно в среднем по 15–16 квартир, а в отдельных – по 25. Но были и такие, где освоение капиталовложений не дотягивало до 40 процентов плана. На регулярно проходивших совещаниях директорам таких хозяйств доставалось изрядно.

Программа социального переустройства села – это важное государственное дело. От того, в каких условиях живут и работают крестьяне, зависит успех выполнения социальной программы. «Прежде всего – забота о человеке», – подчеркивал Н. А. Болатбаев. И в этом был он весь – председатель облисполкома, который всегда во главу угластавил заботу о человеке – труженике.

– Любые отставания в застройке порождают недовольство людей, – говорил Нель Адгамович. – Из хозяйств, где слабо занимаются улучшением жилищно-бытовых условий, уезжают молодежь. Здесь всегда существует проблема кадров. С кем останетесь работать? Кое-кто здесь высказывает мнение, что хозяйствам, где плохо осваиваются финансовые

средства, их и выделять не стоит. Но люди не виноваты в том, что у них неразворотливые директора или прорабы. Деньги будем давать, но и спрашивать за их освоение самым строгим образом.

И спрашивали, и добивались того, чтобы в каждом хозяйстве строились и жилые дома, и школы, и дворцы культуры.

В 80-е годы исполнкомы областного, городского и районных советов народных депутатов целенаправленно решали вопросы, связанные с застройкой, благоустройством и озеленением городов и сел области. Эта работа велась на основе современных градостроительных решений. Проектами планировки и застройки были обеспечены все центральные усадьбы совхозов и колхозов.

Нель Адгамович уделял особое внимание строительству водохозяйственных объектов, школ, торговых центров, дорог.

– Ну нет у тебя денег на асфальтирование дороги, но ведь сгрейдировать дорогу можно, чтобы люди до райцентра спокойно добирались, – говорил он неразворотливому руководителю хозяйства.

В каждом поселке обязательно были школы, фаны, торговые центры. В короткие сроки сельские строители освоили сооружение крупнопанельных школ. Сдача их в эксплуатацию к началу учебного года стала добной традицией. Для оперативного руководства за ходом строительства социально значимых объектов, постоянно выезжала "бригада", куда, кроме меня, входили заместитель председателя облагропромкомитета Николай Минович Полевой, начальник объединения "Петроавловскоблагропромстрой" Александр Павлович Сатьянов, руководители субподрядных организаций. В любое время года, в любую погоду в назначенный час наша бригада была на планерке.

Я всегда удивлялся, как Нель Адгамович при его-то немоверной занятости все запоминал, глубоко вникал в проблемы всех отраслей, включая сельское хозяйство, строительство, энергетику, водоснабжение, культуру. Знал в лицо и по имени-отчеству сотни людей. Он очень дорожил авторитетом своего ведомства и того же требовал от всех нас. Требовал, чтобы никто из работников аппарата не бросал слов на ветер, иначе, как он выражался "вывеску" перестанут признавать.

Я благодарен судьбе, что она свела меня с Нелем Адгамовичем Болатбаевым, которого с полным правом могу на-

звать своим мудрым учителем, наставником. Он взял меня своим первым заместителем, хотя, казалось бы, вокруг него немало было более опытных специалистов. И я очень дорожил этим доверием, всеми силами старался его оправдывать, тем более, что работать в 80-е годы в особенности курировать стройкой было очень интересно. Размах строительства вселял большой оптимизм. На глазах менялся облик городов и сел, и можно с уверенностью сказать, что возможности и средства, которые были предоставлены государством в те годы, реализовались максимально. И нет ничьей вины в том, что кое-что из построенного оказалось невостребованным. В особенности это относятся к производственным объектам и крупным фермам на селе.

Но стоят наши школы, фапы. Торговые центры приватизировали, реорганизовали, но сами здания не потеряны. Сохраняются дороги, линии электропередач, остаются жить в домах люди, которые работают в новых условиях. Сохраняется социальная база, заложенная при прямом содействии Нелья Адгамович Болатбаева.

БАУЫРЫМДАЙ БОЛҒАН

Бұрын бейтаныс болған кейбір адамдар амандасып, әңгіме өрбітіп, жақындастып, білісіп алғаннан кейін тіптен жылы ұшырап сыртайылап сұрақ қоя бастағаны қызық.

– Ия, сіз Нікеңнің құдасы екенсіз ғой.

– Болатбаевтың жақыны болдыңыз, дұрыс екен. Құда мың жылдық деген, жұптарыңыз жараса берсін, – дейтін осыдан он жылдай ерте.

– Нікең деген бір ғажап адам еді ғой, тусаң ту дейтін азамат болған, – дейді қазір кездескендер.

Осындай жылы лебіздерді естігенде мен де мерейім өсіп, мәртебем көтеріліп қуанып қалатынын.

Құда екеніміз рас. Ал мен де, ол да құдамын деп қеудеге наң піскен адам емеспіз. Екеуміз бір-бірімізге бауырдай, бірге туғандай болып табысып едік. Жарықтық, құдайдың мырзалықпен жаңын жомарт, сүйегін асыл етіп жаратқан адамы еді. Құда десем де, бауырым десем де әбден сыйып жатыр. Жаңымдай жақсы көрген адамым еді, – деймін мен ол кісімен бірге болған, бірге жүрген күндерімді сағынышпен еске алып...

Алғашқы кездесуім әлі ұмытылмайды. Бір көргенде бірден баурап алды. 1952 жылдың күзі болатын. Алматы ауыл шаруашылық институтын бітіріп, «Приишим» совхозына қарасты Муромское селосында бөлімше агрономы болып істеп жүргенмін. Егін шабуға енді кіріскелі жатқанбыз, техниканы жөндел жанталасқан, қарбасласқан қауырт түс. Бөлімше кеңсесінің алдына «ГАЗ-69» жөніл машинасы тоқтай қалды да, дембелше, толықша, аққұба адам түсіп, есік алдында тұрған бізben есқі таныстарынша еркін амандасты. Қол алысып, жөн сұрасып жатыр. Жүзі жылы.

–Мен Преснов аудандық партия комитетінің екінші хатшысы боламын, аты-жөнім Болатбаев Ніл Әдғамұлы, – деді де егін жайын, ораққа әзірлік мәнін сұрастыра бастады. Бөлімше басқарушысы орталыққа кеткен еді, мені машинасына отыргызып алып егінді аралауға кеттік.

–Тұған жерін? – деді ол маған бұрылып, қоңыр үні жұмсақ.. Жақыннырақ танысқысы келген ыңғайы бар.

– Осы арадан алыс емес, Орталық ауылы, – дедім мен де енді еркін әңгімеге шырай беріп.

– Жақын екен ғой, оның дұрыс. Үйге барып келейінші деп алыстан шапқыламайсың, езіңде де ыңғайлы, жұмысқа да жақсы. Жоғары білімді қайдан алдың? Институт бітіргенінді түрің айттып тұр.

– Алматыда, ауыл шаруашылық институтын бітірдім.

– Жоғары біліммен бөлімшеге келгенің қалай? Бізде бас агрономдық орындар маман болмай бос тұрғанда сен төменде жүрсің? – деп Нікең маған тұра қарап шындығынды айтшы дегендей болды. Қызылып қалдым.

– Үйге жақын болған соң, – деп күмілжіп едім тағы сұрақ қойды:

– Бас агрономдықты ұсынбады ма? Қалай оқып едің?

Шынымды айттым:

– Окуым жаман емес еді. Облыстық ауыл аруашылық басқармасында бас агрономдық орынды ұсынды, бірақ мен одан бас тарттым.

– Неге?

– Шынымды айтсам жасқандым, батылым жетпеді. Алдымен іске үйреніп алайын, оң-солымды танып алайын. Ештеме білмей хатып бірден басшылық тізгінін ұстағаным жараспас, бірдемені бүлдіріп алып ұятқа қалармын деп ойладым. Асықпайын дедім.

– Мұның да ақыл. Бірақ, үйренейік деп төменде көп жүріп қалма. Жоғары білімді орынды жұмсай біл. Партияға өт, өсуді ойла. Адамдардың алдында, езіңнің ар-ұятың алдында адап бол, сонда сен ешкімнен жасқанбай тұра қарайтын боласың, – деп екінші хатшы сол жолы маған жанашырлық көрсетіп көп жайға көзімді ашқандай болды. Жасқанбауды, тайынбауды, іске батыл кірісуді ақыл етті.

– Жасқаншақ жігіт – жасық жігіт деген сөз. Осыны өмір бойы есінде ұста. Ұмтыл, ойлағаныңа жеткенше талпын –сен сияқты жас жігіттің принципі осы болуы керек, – деп ол әр сөзін қадап айтты.

Бірінші кездескенде Ніл Әдғамұлы маған қамқоршы адам, ақылшы аға, білімді партия қызметкері ретінде ұмытылmas әсер қалдырды, шаруа жайын жетік білетіні, болашақты әріден ойлайтыны аңғарылды. Мен аупарткомның екінші хатшысымен егінді аралап, әңгімелесіп, жақын танысып қалғаныма разы едім. Біртүрлі көңілім көтеріліп, бойымда

құлшыныс, жігер пайда болды. «Жаңы сез – жарым ырыс» деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған екен ғой дедім ішімнен.

«Украин» совхозында 1954 жылы бас агроном болып істедім де, біраз тәжірибе жинақтап, 1956 жылы Қазақстан Отан қоймасына бір миллиард пүт астық құйғанда біз дәнді дақылдардың әр гектарынан 23 центнерден алтын дән алдық. Үлкен жиналыштарда жылы сөздер ести бастадық. 1961 жылы сол совхоздың директоры болып тағайындалды. Сол жерде барлығы 35 жыл еңбек етіп, құрметті еңбек демалысына шықтым.

Халық, сеніміне ие болған іскер адам қызмет баспалдақтарымен тез өсетіні белгілі. Ніл Әдғамұлы да жоғарылап, Приишим аудандық атқару комитетінің төрағасы, Сергеев аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы, одан кейін облыстық атқару комитетінің төрағасы болды.

Преснов ауданынан ауысып кеткеннен кейін біраз көз жазып қалған едім, облыстың басшылығына келген соң Нікеңді жіе көретін болдым. Біздің ауданға келсе міндетті түрде соғып кетеді. Тың төсіндегі алыстағы шаруашылықтың жайымен танысып, жағдайды барынша зерттеп, ақыл-кеңесін айтады. Ол кезде бізді тағдыр туыс етіп, құда боламыз деп кім ойлаған, ал Нікең тіпті туыстығы бар жақын адам сияқты жанашырлықпен әңгімелесіп, жылтыраған бір жаңы ісің болса, соны әдейі атап, өзінді көтермелеп, желпіндіріп қояды да, кемшіліктерінді андаса оны да жасырмай атап көрсетіп оны түзету жолдарын кеңес етеді. Оның түзетілуін қадағалап, облыстан телефон соғып сурал отырады. Бір ғажабы – ұсақ-түйекке дейін жадында сақтайтын, ұмытпайтын. Тіпті арада он шақты жыл өтіп «Украин» совхозына келіп бөлімшелерді аралағанда агроном, сауыншы, дүкеншіге дейін есімдерін, фамилияларын ұмытпай атап таң қалдыруышы еді.

– Алыстағы совхоз ғой, адамдардың тұрмыстық жайын, мәдениетін, демалысына дейін ойластырып отыр. Әйтпегендеге адамдар мұнда тұрақтамай жаңы жер ізделеп кетіп қоюы ғажап емес. Олар жаңы жер ізделеп, ақша табамыз, бала-шағаны асыраймыз деп ты сонау Украинадан келді ғой, ұнамаса бұл жерден де сырғып жүре береді. Осыны ойла, мектеп, монша, клуб, балабақша, дүкендер керек. Әйтпесе болмайды, – деп теренген ойлап толғайтын.

– Ал, енді биыл не салмақсың, соныңды айтшы. Қайсын салуды ойластырып, дайындалып жүрсін? Қолдан келгенше көмектесейін.

- Мектеп, мәдениет үйі, сауда орталығы, - деп мен санамалап саусақтарымды бүгіп жатырмын.
- Асықпа, оның бәрін қатар сала алмайсың. Ақшаң қайда?
- деп ол күліп ойлануға шақырады.
- Ең керегі мектеп, онсыз қыын.
- Міне мұның дұрыс. Алдымен осыны қолға ал. Жыл сайын үлкен бір құрылыш салсаң шағын совхозға сол жетіп жатыр. Арасында тұрғын үйлерді салып тастайсың.
- Жастарға клуб керек?..
- Ол да дұрыс. Мәдениет үйін жоспарла келесі кезекте. Осылай бірте-бірте жыртық тесігінді жамай бересің. Солай емес пе? – деп ол тәптештеп түсіндіреді.
- Балабақша да керек қой, оған қаржы жоқ, – деймін ақырын фана.
- Сен маған тапсырманы бір-бірлеп бер, қос-қостап үймелетпе, сенен басқа да директорлар бар емес пе, олар да осындай өтініштер айтып, сұрақтар қояды. Облыс бюджеті бәріне бірдей жете бермейді, – деп құлімсіреп Нікең мысқылмен бір шымшып алды. Мен де аңқылдаған аңғалдықпен үлкен басшыға тапсырмалар беріп жатқан білместігімді тез түсініп қысылып қалдым. Осы бір ауыз сөздің өзі әдепке, мәдениетке үйреткені еді. Мениң қызырақтағанымды аңғарды да, әлгі сынын жұқалатып жуып-шайып жатыр. – Айтуың да дұрыс шығар. Ескертіп қоймасаң бола ма, балабақша да керек нәрсе... .

Ия, еңбек өз жемісін берді де, отыз жылдан аса басқарған шаруашылық көркейіп, облыстағы алдыңғы қатарлы совхоздың біріне айналды. Нікең айтқан құрылystардың бәрі де салынды. Орта мектеп, мәдениет үйі, балабақша, сауда орталығы, почта, тұрмыстық үй салынды. Халық бәріне риза болып, үйимшыл еңбек етті.

1970 жылы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланып. Еңбегім жоғары бағаланып Октябрь революциясы, Еңбек Қызыл ту, үш «Құрмет Белгісі» ордендерімен, екі рет Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамотасымен маралатталды.

Осындай үлкен еңбек жолымда Ніл Әдғамұлы Болатбаев сынды ірі қоғам қайраткерінің, ұстаз, қамқоршы, тәрбиеші бола білген білікті басшының кездескені үлкен бақыт деп білемін. Біз сияқтыларды совхоз өндірісінің үйимдастырушысы етіп қалыптастыруда ол кісінің сіңірген еңбегі мол. Оны әрқашан есімізден шығармаймыз.

Оның бергі жағында біздің балаларымыз қосылып, екеуміз құда болдық, туыс болып араласып кеттік. Ол бір күндер де қызығы қымбат, сағынышы мол аса бір ұмытылмас дәурен еді ғой. Бір-бірімізді құда деп құшақтасқанымыз, кездесуге, араласуға асыққанымыз, немерелерді алдымызға алып, мәндайынан иіскеpt отырып әңгіме шерткеніміз ұмытылар ма?!

– Кел, отыршы, кең отырып көнестің бір шай ішейікші, – деп үйіне барғанда төріне отырғызып, жаны қалмаушы еді.

Бірде үйінде отырғанда ұлken баласы (маған қүйеу бала) Қадырбекті шақырып алып, екеуміздің алдымызда ақылын айтты:

– Айналайын, балам, мына менің құдам сенің екінші әкен, мендей сыйда. Баласы бола біл. Соны мәңгі ұмытпа, миында, жүргегінде болсын осы сәзім, – деді тебіренген үнмен. Шын жүргегімен тәгіліп отырып айтты.

Құдайға шүкір Қадырбек айналайын да сол әке сәзінен бір жанылған жоқ, папалап жүгіріп жүреді, өзімнің баламдай, қай істе болсын абыройлы. Қызыым екеуі тату-тәтті тұрып, қызметтерін істеп жатыр. Олардан екі немереміз бар.

Бірде алдағы өмір туралы толғанып әңгіме қозғап отырғанымызда Нікең маған жанашыр ақыл айтты.

– Құрметті еңбек демалысина шықтың, жақсы еңбек еттің, абырой-беделің жаман болған жоқ, елің сыйлады. Қектемгі егіс, күзгі орақта күні-түні ес-түстен айырылып шапқыладың, қалжырадың. Енді жас келгенде денсаулықты, аурусырқаудан сақтануды ойлаған да дұрыс шығар. Қалаға көшіп келгенің дұрыс емес пе? Осыны бір ойлап, буйіріне түйіп қойшы. Бірақ кешіктірмеген жақсы. Қаладан бір үй сатып ал. Құдайға шүкір, қаржың бар шығар. Құда-құдағи болып көшеде бір қатар жүрсек, ол да бәр сән емес пе, – деді ол көптен ойланып жүрген сәзін жеткізгендей болып.

Осы сәз маған демеу болып қалаға көшіп келдім. Елден де қол үзіп кеткен жоқпын, барып тұрамын.

Ия, Ніл Әдғамұлы осылай ісімен де, сәзімен де үлгі-өнеге, ақылман, ұстаз болған мемлекет және қоғам қайраткері, асыл азамат, ғажап адам, ақкөңіл, жаны таза бауырдай болған туыс еді.

СОҒЫС ӨРТІНЕҢ ӨТТІК

Еліне еңбегі сіңген, халық қалап қастерлеген үлкен-кішіге ақылшы болған азаматтардың ішінде ерекше көзге түсken жодастың бірі, «Ніке» атағына жастайынан ілінген Ніл Әдғамұлы Болатбаев еді. Мен қызмет бабымен елде болмағандықтан Нілмен танысым ат-үсті болып, екеуміздің үй-ішіміздің қарым-қатынасымыз тек 1972 жылдан ғана басталды.

Бұрынғы Октябрь ауданы (қазір Шал ақын ауданы) орталығы Марьевка селосына 1960-1970 жылдары демалысқа келіп жүргенімде 3-4 бас қосқанымыз бар. Сол кездесулердің бірінде: «Қайырбек, сен Преснов, Тәңкеріс, Октябрь аудандарында тұрған адамсың фой. Осы жақтағы орыс қалаларының қашаннан бері келе жатқаны жөнінде естіп білгендерің барма?» деді. Мен:

- Бұл маңайдағы орыс қалалары жөнінде Сәбен (Сәбит Мұқанов) мен Иван Петрович Шухов жазған шығармалардан қараған жөн шығар. Мен 1939 жылдары Сәбенің «Мениң мектептерім» атты шығармасынан бірсызыра орыс қалаларының орысша, қазақша аттарын оқығаным бар еді. Ал енді Иван Шуховтың «Қасірет белдеуі» романнан қазіргі Қостанай облысына қарасты Пресногорьковка селосынан Қызылжарға дейінгі жолшыбай салынған поселкелер жөнінде мәліметтер табылар деймін. Енді бір білгір Марьевкадағы, аудандық партия комитетінің хатшысы Елизавета Гордеевна Корпичтің әкесі – Гордей Митрофанович Ольховой деген адам.

Ол кісінің айтқанына қарағанда «Жоғары мәртебелі ағзамның жіберген ескертпе хабарландыру хабары бойынша 1899 жылдан бастап Ақмола губерниясы мен Батыс Сібір» даласы өз еркімен көшіп барып қоныстанушыларға ашық деп жарияланғаннан кейін Есіл өзенінің сол жақ жағасындағы Аютас жартасының маңайынан ең бірінші өз бетімен көшіп келушілер орнығы үшін жер қазып жер кепе үйшіктер жасап, келешек Марьевка селосының негізін сала бастапты. Осыдан хабардар болған мындаған Самара, Воронеж, Полтава, Кострома, Вятка жағында бірнеше батыс облыстардың кедей шаруалары тұрмыс жағдайларын түзету ойымен қазақ даласына өз еріктермен көшіп келген көрінеді. Марьевка

селосы жеркепелерден көтеріле бастаған кезінде жаңбыр артынан шыққан саңырау құлақтай, Сергеевка, Ново-Покровка, Ольгинка, Крещенка, Дмитриевка, Городецкий, Семиполка тағыда басқа селолар пайда болды дейді, - дегенімде.

- Еліңің тарихын терең білмейді екенсің, бірақ саған кінә жоқ қой, шетте жүрсің ғой. Мен өзің айтқан Сәбенмен, Иван Петрович және Гордей Митрофановичпен таныспын. Ал енді партия – совет қызметінде жүргендіктен өзің еңбек істеп жүрген елдің өткенін білмесең келешегін ойлау қыны көрінеді. Сондықтан мен соңғы кезде осы өнірден шыққан ақын-жазушылардың еңбектерімен танысып қана қоймай, керек жерінде соны таратушы жаршы ретінде де еңбек жасағым келеді. Ерте өткен батыр бабаларымыз бен белгілі шешен билеріміздің ел бірлігін сақтаудағы нақыл сөздері мен ақылдарын пайдалана білгім келеді.

Біздің облыстың халқын білесің ғой жүзден артық ұлт бар да, олардың өз әдет-ғұрыптары бар, діндері де бөлек. Соларды үкіметтің алға қойған міндеттерін уақытында пайдалы орындау үшін, шын ниеттерімен жұмылдыра білу керек қой, бұл жағын өзің де білесің ғой, - деді Нікең.

Арада көп жыл өтіп білгенім сол, ол өзі қызмет атқарған Октябрь-Сергеев аудандарының тарихын зерттей жүріп, өзінің тың және тыңайған жерлерде, отанымыздың астық цехын өркендету жөніндегі ойларын жиыстырып, шаруашылық есепті жүргізе білетін «Жайлаган жеріңе қожайын бол» – деген кітабын шығарған екен. Бұл кітап сол кездегі агроном, экономист басқа да шаруашылық жұмыстарын басқаратын адамдарға арналған. Сонымен қатар бірнеше көрнекті басқарушы, орындаушы адамдардың аттары аталып, олардың іскерлік әдістері зерттеліп, басқа жас маман басшыларға үлгі ретінде суреттеліп көрсетілген.

Әсірересе бірінен бірі жаңа үлгі алған шаруашылықтар, жұмысшылардың мәдени тұрмыс тілегіне қамқорлық жасап, мәдени-тәрбие жұмыстарын жүргізгенде көпшілік қауымды қамти отыра, мәдениет дәрежесінің биіктігін күнделікті дағдыға айналтуға тырысты. Бұл жөнінде интернационалдық бауырмалдылық қатынастар өзінің жаңа өскелең дәндерін беріп, артық дағды, артық мәдени дәрежелер пайда болды.

Ніл Әдғамұлы халқына, еліне қызмет етудің тамаша үлгілерін көрсеткен адамдардың алды деп айтсам, қата айтпаған болар едім. Мен тұрақты өскери офицерлік кадрлар қатарынан запасқа шыққаннан кейін өз елімнің орталығы

Петропавл қаласына 1972 жылы көшіп келгенде Ніл Әдғамұлы Солтүстік Қазақстан облысы атқару комитетінің тәрағасы қызметін атқарды екен. Бір күні кездескенімізде:

– Сен Отан қорғау қызметінде көп жыл қызмет атқарып үйренген адамсың ғой, бізде облыстық табиғат қорғау қоғамының басшысы жоқ, соған келсөң қайтеді, заңды білесің, тек үйымдастыру қабылетінді аямасаң болады. Қызмет жайында қыншылық кездессе көмектесеміз. Облыстық табиғат қорғау қоғамы жайлы Петровскийге барып таныс, – деді. Олег Андреевич Петровский ол кезде облыстық атқару комитетінің жауапты хатшысы болатын. Оның айтуы бойынша жылдан астам уақыт басқарусыз қалған облыстық табиғат қорғау қоғамының жұмысы төрт аяғынан бірдей ақсап жатқан көрінеді. «Бұл жұмысқа сіз барыңыз сіздің қызметіңіз облыстық табиғат қорғау қоғамының бастығының орынбасары деп аталады, бастығы облыстық атқару комитетінің тәрағасы – Ніл Әдғамұлы. Қоғамның уставы, басқа да басшылық ететін қағаздармен танысып – сайлау конференциясына дайындалыңыз» – деді.

Ніл Әдғамұлы бастығы деген соң мен келісімімді бердім. Екі жұма шамасында, қызмет пен қоғамның уставымен, аудандардағы аудандық қоғамдардың бастықтарымен танысып, аудандарда сайлау конференцияларын өткізіп, облыстық конференцияға дайындалдық.

Мен қоғамның уставын зер салып оқып, қоғамның бұрынғы басқару құрамының мүшелерін өзгертуді үсындым. Өйткені ол басқару құрамның ішіне облыстық ауыл шаруашылығының, облыстық санэпидстанцияның, Ишим бассейн инспекциясының, облыстық оқу бөлімінің, облыстық аңшылар мен балықшылар қоғамының екілдері кірмепті.

Облыстық конференцияны өткізу үшін дайындалған құжаттарды Ніл Әдғамұлына көрсетпей тұрып, Олег Андреевич Петровскийге көрсеткенде «мынау облыстық ауыл шаруашылық басқармасы мен санэпидстанциясының керегі қана» – деді. Артынан Ніл Әдғамұлы Петровский үшеуміз қарағанда, Ніл:

– Мынау мекемелерді дұрыс кіргізген екенсін. Әсіресе ауыл шаруашылығы мен санэпидстанцияны. Бүкіл жер, суды бұлдіретіндер ауыл шаруашылығының қызметкерлері санэпидстанция мен бассейн инспекциясы тексермегендеге, кім оны істейді? – деп қаулы жобасын взгеріссіз қалдырды. Қысқартса айтқанда облыстық конференция қаулы жобасын бір ауыздан қабылдады. Сөйтіп 1972 жылдан 1978 жылдың

аяғына дейін атқарған жұмысымыз жемісті болып, республика көлемінде алдыңғылардың қатарында болдық, мақтау грамоталарға ие болдық.

Ұлы Отан соғысы басталғанда 19 жастағы Ніл Әдғамұлы өзінің ұрысқа бірінші қатысуын Сталинград майданында бастаған екен. Сталинград шайқасы Москва мен Ленинградтан кейінгі ең үлкен шайқас, қанды шайқас деп есептеледі. Бұл Еділ бойындағы қанды шайқастарда қазақстандық жауынгерлер өте үлкен ерлік көрсеткенін тарихтан, сол майданға қатынасқан майдангер ардагерлердің айтуынан білеміз. Бұл майданда біздің бес атқыштар дивизиясы, атты әскер құрамасы, көптеген арнаулы бригадалар қатынасқаны белгілі.

Сол кездегі мәліметтерге қарағанда 652 армия салында басқа қазақстандықтарды қоспағанда тек қана 4 мың қазақ сарбаздары қатысқан екен. Солардың бірі болған Ніл Әдғамұлы. Майданда жаралы болып елге қайтқаннан кейін, денсаулығына қарай жұмыс атқарып жүргенде, аудандық партия комитетінің нұсқауышылығына ұсынылады. Содан былай қарай құрметті еңбек демалысына шыққанша партиялық-советтік басқарушы қызметтерге сайланған.

Тың және тыңайған жерлерді игерудің 40 жылдығының қарсаңында Солтүстік Қазақстан облысында еңбек сіңірген азаматтар жөнінде, олардың ерліктері туралы кітап шығаруға жігерлі атсалысып, редакция коллегиясының бастығы болды.

Ніл Әдғамұлымен бірге қызметтес болғанда, кейін «Қазақ тілі» қоғамының ақсақалдар алқасында қоғамдық мәселелерді шешкенінде, соғыс және еңбек ардагерлерінің мәжілістерінде бірге болып білгенім тамаша азамат, білікті басшы екендігі болды. Нікенді сирек кездесетін ұйымдастырушылық қабілеті мен қасиеті, жеке басының қарапайымдылығы, адамдармен тіл табысу, үлкен-кішіге қызметтіне, ұлтына қарамай барлық адамдарға құрметпен қарау аса ерекшелейтін. Ніл Әдғамұлы өзінің солтүстікқазақстандық жерлестерінің арсында ғана емес, бүкіл Қазақстан республикасы басшылары арасында зор беделге ие болған адам еді.

Ніл Әдғамұлы «Отан соғысы» орденімен, бейбітшілік өмірдегі еңбегі үшін Ленин, үш Еңбек Қызыл Ту орденімен, «Октябрь революциясы», «Құрмет Белгісі» ордендерімен және де көптеген медальдармен маралатталған.

Нікең жақсы хабармен жолдастарын қуантуға әр уақытта өзір тұрушуы еді. Әсіресе жастары үлғайған соғыс және еңбек

ардагерлерін туған күнімен құттықтап құрметтеуге, ұзақ өмір сүруін тілеуді ешуақытта ұмытпайтын. Сонымен қатар өзі де туған күнін атауды, құрметтейтін жолдастарын шақыруды міндеп көретін. Нікең соғы 70 жасқа келгендегі мерейтойын еткізгенде маған тост беріліп шын жүргімнен шыққан мына төмендегі алты ауыз – тосымды айтқан едім.

Жолдастардың еркелеткен еркесі,
Жас уақытта болған жігіт серкесі,
Есейгенде еңбек сіңіп еліне
Болған еді – халық сүйген – Нікесі.

Құттықтаймыз сені бүгін жетпіспен,
Мәкеңменен қол ұстасып жетіскен.
Бақытты болып жүз жасандар екеуің
Еске алып өткендерді өтіскен.

Тіршіліктे бұл өмірдің жолы ұзын,
Таусылмасын сізге арналған дәм-тұзы.
Қадірбекпен, Қазыбек, Ілияс, Гулятай
Қызықтаңдар балалардың қызығын.

Күйеудағы келіндер де сыйласын,
Керенау, кеуде тәкөппар бол тұрмасын.
Мұқеремә да осы тілекке қосылды
Арнал жазған саған – сыйлас құрдасым.

Тос алғандар тілектерін айтып жатыр,
Дәмді сез үққандарға балдай татыр.
Тойыңа келген қонақ жарқырайды,
Бәріде сары алтындей, емес бақыр.

Бұл тілек әрі бата, әрі тосым,
Ойменен болмасын деп маған тосын,
Алты ауыз өлеңімді үйде жаздым.
Осымен сез аяғы тәмәм болсын.

ҚАМҚОРЛЫҒЫ МОЛ ЕДІ

Алдымен Ніл Әдғамұлы жайлы айтпас бұрын, аздал болса да өзімізді оқырмандарға таныстыра кеткенді жән көріп отырмын. Мен кезінде Омбы ауыл шаруашылығы институтының зооинженерлер даярлайтын факультетін тәмамдаған болатынмын. Жоғары білім алғаннан кейін 1971-1974 жылдары мамандығым бойынша осы облыстағы Возвышен ауданының «Возвышен» кеңшарында бас зоотехник болып қызмет атқардым. Ал 1974-1976 жылдар арасында Возвышен аудандық ауыл шаруашылығы басқармасында бас зоотехник қызметінде болдым. Кейін 1976-1979 жылдары Совет (қазіргі Аққайың ауданы) ауданы ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары қызметін атқардым.

Сол 1979 жылдан бері шаруашылық директоры қызметіндемін. Атап айтқанда, табаны күректей 21 жыл бойы Аққайың ауданындағы іргелі «Смирнов» кеңшарын басқардым. Кейін ол заман ағымына орай, жаппай жекешелендіруге байланысты, атап айтқанда 1993-1997 жылдары ұжымдық кәсіпорын болып қайта қырылды. Ал 1997 жылы «Смирновское» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ұйымдастырылды. Қазір мен осы аталмыш ЖШС-тің директорымын.

Менің ұлттым грек болғанымен, грузин, әзербайжан, түрік және қазақ тілдерін жақсы білемін. Ал орыс тілі негізгі қарым-қатынас құралы екені айтпаса да түсінікті. Соған қарамастан мен көбіне қазақтармен қазақша сөйлесемін. Соны жақсы билетін Ніл Әдғамұлы да менімен көбіне қазақша сөйлесетін еді. Ол кездескенде мені Павел демей, көбіне еркелетіп «Павло» дейтін. Онысы өзіне өте жарасып тұратын-ды. Мен де ол кісіге туған әкемдей еркелейтінмін.

Мен Ніл Әдғамұлы Болатбаевты сонау институтты бітіріп келіп, шаруашылықта қызмет атқарған алғашқы кездерімнен бастап білемін. Сол алғашқы кездескенде-ақ ол маған жас маман ретінде ағалық ақыл-кенес беріп, он жол сілтеген болатын. Шаруашылықта жұмыс істеудің қыындықтары мен өзіндік ерекшеліктері жайлы айта келіп, нақтылы іске бағыт-бағдар беретін. Ол өзін мен жоғары лауазым иесі екенмін деп, ешқашан да дауыс көтеріп, ашу шақырып, ұрысқан адам

емес. Егер ескертпе жасағысы келсе, сәл жымырап құліп алатын да, әкелік қамқорлықпен, байыпты да байсалдылықпен жайлап қана айтып, бәрін емеурінмен түсіндіретін. Көбіне сыртайылық сақтап, әдептен озбайтын. Сол үшін біз оны қатты сыртайтын едік.

Менің ерекше есімде қалғаны – Ніл Әдғамұлының есте сақтау қабілетінің таң қаларлықтай ғажаптығы еді. Оның көп нәрсені ұмытпай жадында сақтауы және оны кейін керек кезінде жаңылмай айтуды-өмірде өте сирек кездесетін құбылыс. Мен Совет (қазіргі Аққайың ауданы) ауданында ауыл шаруашылығы басқармасы бастығының орынбасары болып қызмет атқарған кезімде оны айқын байқадым. Есеп бергеннен кейін, әдептегідей жылдың қорытындысын шығаратынбыз. Ол кезде облыстық партия комитетінің бюро мәжілісін облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Василий Петрович Демиденко немесе облыстық атқару комитетінің төрағасы Ніл Әдғамұлы Болатбаев жүргізетін. Сондай бір кезекті бюро мәжілісінде Ніл Әдғамұлы маған былай деді:

– Біз саған үлкен ауданды сеніп тапсырып отырмыз, сен алдымен соны түсінуің керек. Ал сенімнен шығу үшін бар күшжігерінді жұмсал, ауыл шаруашылығын өркендету жолында қызмет жасауың қажет.

Ол қалай айтса да, онымен әңгімелескеннен кейін өз ісіне бұрынғыдан да құлшына кіріскің келетін, жұмыс істеуге ынтаҗігерің арта түсетін. Бұл жолы да солай болды. Маған оның әр сөзі шабыт тудырғандай болды.

Жасыратын не бар, мен облыстан біржола қоныс аударып кеткім келіп, өтініш жасадым. Сонда Ніл Әдғамұлы мені дереу өзіне шақырып алып, жанашырлық кеңес беріп, әкелік ақыл айтқаны бар. Сонда Болатбаев болмаса, мен осы күні Ресейдің бір облысында жүрер ме едім, қайтер едім деп те ойлаймын. Сол жолы мен онымен екі сағат бойы сөйлестім. Ақыры ол мені сендірді, көптеген дәлелдер мен мысалдар келтіріп, өзінің айтқанына қөндірді. Бұл да болса, Болатбаевтың өз сөзі мен айтқанына кімді де болсын сендіре алатын білгір де білікті басшы екенін айқын көрсетсе керек.

– Павло, – деді ол сол жолы маған құлімсірей қарал. – Сен айтқанды түсін. Қазір сенімен В. П. Демиденко сөйлеседі. Сен оның айтқанын мақұлда, айтпесе болмайды. Сені кеңшарға директорлыққа тағайында мақшымыз. Өзің ойлаши, біз сені қызыттық, үйреттік, жақсы маман етіп шығардық. Енді соның қайтармы болуы керек қой. Ал сен болсан, басқа жаққа

кетемін дейсің, оның мүлде дұрыс емес, оған мен келіспеймін. Бізге сен сияқты білікті кадр керек. Саған Омбы облысы басқаруға жақсы шаруашылық бермейді. Ал біз саған зор сенім артып, үлкен кеңшарды басқаруға бергелі отырмыз. Соны түсін...

Болатбапен болған осынау әңгімеден кейін мен облыстың бірінші басшысы В. П. Демиденконың қабылдауында болдым. Партиялық басшылықтың дүрілдеп тұрған кезі ғой, Василий Петрович менімен көп сөйлескен жоқ, әңгімесін қысқа қайырды. Оның бар айтқаны:

- Қазір Алматыға ұшақ қашан ұшады, білесің бе? – деді.
- Жарты сағаттан кейін ұшады, – дедім мен де тұрасын айттып.
- Жарайды онда, сол рейспен ұш Алматыға, жолың болсын. Ұшақтан түскен соң бірден Ауыл шаруашылығы министрлігіне және Орталық Комитетке баrasың. Онда сен тиісті адамдар тосып, қарсы алады, – деді қысқа да нұсқа сөйлем.

Сөйтіп, сол жолы Алматыға барып, Совет ауданындағы (қазіргі Ақжайың) «Смирнов» кеңшарының директоры болып оралдым. Шаруашылықты басқару алғашқы кездे оңайға түскен жоқ. Әсіресе, көктемгі егіс, күзгі егін орағы және қысқы кезеңдегі мал қыстарату науқандары көп шеберлік пен іскерлікті, толымды тәжірибелі қажет етті.

Әлі есімде, сол жылғы көктемгі егістің нағыз қызу кезі болатын. Шаруашылықтың Көктерек ауылында тұқым сеуіп жатқанбыз. Трактор-егіс бригадасының бригадирі Өмірбек Ералин болатын. Ол – бригаданы қырық жылдан астам уақыт басқарған, тек аудан ғана емес, бүкіл облысқа белгілі тәжірибелі бригадир. Оны Ніл Әдігамұлы да өте жақсы білетін және маман бригадир ретінде ерекше құрметтейтін. Өмірбек бүтінде құрметті еңбек демалысында осы Көктерек ауылында тұрады. Сол Өмірбек басқаратын бригада механизаторлары тұқым сеуіп жатқан танапқа ойда жоқта Болатбаевтың келе қалғаны бар емес пе? Оның «Волгасы» егістік алқаптың орта кезіне келіп тоқтады.

Ніл Әдігамұлы себу агрегаттарының жүріп өткен ізіндегі топырақты алақанымен аршып жіберіп, тұқымның тұсу тереңдігін тексерді. Содан кейін бір метр жердің өн бойына қанша дән орналасқанын анықтады, сейтіп әр сеялканың себу нормасын да байқады. Содан соң бізге өзінің көктемгі егісті үйимдастыруды мен ақыл-кеңестерін айтты. Біз

оның себу технологиясын байырғы жер тамыршысы бас агрономдардан артық білетініне қайран қалдық.

Дәл кетерде ол:

- Мен тексерген танаптан бітік егін, мол астық алуға тиістісіндер, гектарларың берекелі болуына тілектеспін. Жалпы жұмыстарыңа сәттілік тілеймін. Сөзімнің шындыққа айналғанын күзгі егін орағы кезінде көрерміз. Сау болындар, - деді сәл жымының.

Айтса айтқандай, сол жылы күзде манағы егін алқабынан бұрын-сонды болмаған жоғары өнім алдық. Әр гектардың берекелігі 30 центнерден айналды. Сондықтан да біз сол алқапты кейін «Болатбаев танабы» деп атап кеттік. Олай атауымыз әбден орынды еді. Өйткені, бір ғажабы, атамыш бригада «Болатбаев танабынан» жыл сайын жоғары өнім алатын еді.

Бір жылы жаз айында біздің кеңшарда облыстық семинар-кеңес өткізілді. Оған облыстың және аудандардың бірінші басшылары, облыстық және аудандық ауыл шаруашылығың басқармаларының бастықтары, ауыл шаруашылығының мамандары және ғалымдар, тиісті облыстық мекемелер мен үйымдардың басшылары және баспасөз өкілдері мен телерадио комитетінің қызметкерлері қатысты. Әдетте облыстық семинар өткізілетін шаруашылық алдын ала таңдалып алынады. Өйткені кез келген шаруашылықта облыстық дәрежедегі мұндай шаралар өткізіле бермейді. Біздің шаруашылықта облыстық семинардың өткізілуіне Болатбаев мұрындық болып, ұсыныс жасаған көрінеді.

Біз сол жолы семинарга қатысушыларға жазғы сүт сауу алаңын көрсеттік, тауарлы- шошқа фермасын аралаттық. Ол кезде «Смирнов» кеңшарында 7 мың ірі қара мал, 12 мың шошқа, 1900 сауын сиыр, 450 жылқы болатын. Онда шаруашылықтың төрт бірдей бөлімшесі бар, аудан түгіл облыстағы іргелі кеңшарлардың бірінен саналатын. Оның ірі шаруашылық екенін мынадан-ақ көруге болады: кеңшар 16 мың гектардан астам алқапқа дәнді дақылдар егіп, өсіреді. Семинарда сейлекен Н. Ә. Болатбаев былай деді:

- Біздің бүгінгі облыстық семинарды осы «Смирнов» кеңшарында өткізуіміз тектен-тек емес. Шаруашылықта семинарга қатысушыларға үлгі етіп көрсететіндей жайлар баршылық екен. Біз өзіміз де солай болады деп күткенбіз, сол ойымыз ақталды. Мұнда мал өнімдерін өндіру де, қысқа мал азығын дайындау да жақсы жолға қойылған. Алдағы

уақытта осынау қол жеткенді баянды ете отырып, бұрынғыдан да жоғары көрсеткіштерге жету үшін тырысу қажет...

Сол жолы Ніл Әдғамұлы шаруашылықтың пішен дайындаушыларымен кездесіп, әңгімелесті, кеңшардағы жемшөп дайындаудың барысымен танысты. Сол жылы жазда нөсерлекен жаңбыр жиі-жіңі жауып, пішеншілердің шеберлігін сынағандай олардың қарқынды жұмыс істеуіне кедергі келтіріп, адымдарын онша аштырмаған еді. Пішеншілер де мал азыған мол, әрі сапалы дайындау үшін қолдан келгеннің бәрін жасап, жанаямай еңбек етуде болатын. Қоңырау жаңбырдан қарайып жатып қалған шөп дестелерін аудару үшін көлденеңнен трактор тырмаларын жіберіп, кейбір алқаптарға қол күшін де пайдаланып, шабылған шөптің ысырап болмауы жолында барлық айла, әдіс-тәсілдер қолданылды. Ол шаруашылықтың бригадирлерімен, бөлімше басқарушыларымен және агромдарымен сөйлесіп, қажетті жерінде ақыл-кеңес те берді. Ауа райының қыындығына қарамастан сол жылы біз бес-алты мың тонна шөп дайындадық.

Менің бір байқағаным, Ніл Әдғамұлы ауылдарда құрылыш салуға ерекше көніл бөлді. Ол жылына ауылдарда қанша дүкен, сауда орталығы, тұрғын үйлер және басқа да нысандардың салынғанын үнемі есепке алып, қадағалап отыратын. Бір кезде біздің кеңшарға қарасты Қанжығалы ауылы «болашағы жоқ» елді мекендердің қатарына қосылып, біржола жойылып кете жаздаған еді. Соның салдарынан ол ауылдан адамдар да басқа жақта қоныс аудара бастаған болатын. Болатбаевтың тікелей араласуымен және шынайы қамқорлығына байланысты ол тұп орнымен құрып кетуден аман қалды. Қазір ол аудандағы жақсы елді мекендердің қатарында аталағы. Өйткені кезінде мұнда түрлі құрылыштар салынды, дүкен пайдалануға берілді, тұрғын үйлер қатарға қосылды, көшелер көріктендіріліп, көгалдандырылды. Ауылдың қи-қоқыстарын төгетін арнайы орын жасалды. Осының бәрі шағын ауылдың мәдениетін көтере түсті. Бүгінде Қанжығалы ауылының тұрғындары Болатбаевқа раҳметін айтЫп, оның аруағына тағзым етуде.

Бұл - Болатбаевтың бір ғана ауылға жасаған жақсылығы мен қамқорлығы. Ал облыс бойынша ол кісінің осындай қамқорлық жасаған ауылдары мен елді мекендері көтеп саналады. Оның біразына мен өзім күемін.

Жалпы қандай дәрежедегі басшы болсын, оның іскерлігі мен адамгершілігі ол атқарған қызмет дәрежесіне немесе

лауазымына байланысты емес. Көбіне басшының өзі қызмет істеген кездегі халық үшін атқарған ісіне, кейінгі қалдырыған ізіне және адамдарға жасаған қамқорлығы мен көмегіне байланысты өлшенеді. Олай болса, Болатбаевтың облыста тұтастай алғанда халық үшін жасаған иглікті істері үшантеніз. Сондықтан да Болатбаев үл дүниеден өткенмен оның ісі ешқашан да өлмек емес, уақыт өткен сайын оның есімі үрпақтан үрпаққа жалғаса беретін болады. Өйткені ол – бар өмірін туған халқы үшін сарп өткен абзал азамат. Сондықтан да солтүстікқазақстандықтар оның есімін әрқашан да есте үстап, мақтан тұтады.

ТӘҢІРІ ТЕРБЕЙ БЕРСІН ЖЕР-БЕСІГІН...

Есімі байтақ елге мәлім есім,
Білуші ем тамаша бір жан иесін.
Қабағын керіп тастап, бір серпіліп,
Айтатын айыз қанар әңгімесін.

Кеңеңтіп тұлғасымен керегені,
Толқыса, түбін таппас терең еді.
Қазақы асыл сөздің кереметі,
Өрнегі – зергерлердің зерелері.

Жанары өзгеше бір жарқылдаған,
Зейіні дариядай сарқылмаған.
Үстіне үлпеқағар қылау жүқпай,
Сияқты зерлі бұйым алтындаған.

Сезіліп толы екені жаны нұрға,
Болмайтын пейілінен жақылуға.
Шыңдалған шымыр тұлға, өр мінезін
Жеңбеген жауының да, дауылың да.

Тамсанып, тағзым еткен танығаның,
Осы еді Болатбаев саңлағың.
Ішінде ізгілердің елден ерек
Абыздай орда қылған шаңырағын.

Хош керіп қолың жеткен жеңісінді,
Жаны ашып айта білген кемісінді.
Ұятты азаматты айыратын,
Қолтықтап әкететін жөн ісінді.

Жетелеп лайықтыны шың басына,
Қуанған оның-дағы тұлғасына.
Жаны пәк азаматтан аянбаған,
Қарамай кімнің үлкен, кім жасына.

Ісімен ізгіні де сүйіндіріп,
Алатын ғұлама еді күйінді ұфып.
Үртynда шаласы бар жымысқыны
Жанына жуытпаған үйір қылып.

Жақсыға жайлау еді-ау жаны, бірақ
Жаралған ата-баба танымын ап.
Сөзіне ел үйіған данышпанның
Өзі еді тумысынан кәрі құлақ.

Танылған басып өткен сәлден ізі,
Тектіден тамыр тартқан бар негізі.
Секілді ғұламалық мектебіндей
Толы еді ғибратқа әр лебізі.

Әз десен, артық болмас салқам еді,
Елінің арқауы еді, шалқары еді.
Ақылға кен іздесен, осы дейтін
Жолы кең, жөні бөлек, салты әдемі.

Жөн салған тәңір солай жаратуға,
Жан еді кеменгердің санатында.
Көненің тасқайнардай көзі сынды,
Шынайы шыңда түрған дара тұлға.

Шашылған айналға нұры жырақ,
Болатын ту бікте тұғыры нақ.
Бүгінгі аға болған ізгілер де
Жетілген өнеге мен білімін ап.

Бағалап асыл аға шын еңбегін,
Өнеге еттім өмір нұр-өрнегін.
Сыртынан тәнті болдым тұлғасына,
Жеке бас қамын ойлап тіленбедім.

Менсіз-ақ хан-базардай оның алды,
Деген ой жүргіме қонып алды.
Алмасты қын тубінен тауып алар
Танымын өзі білген жөні барды.

Болсам да баласында «Зеке!» дейтін,
Жекелеп топ ішінен мәпелейтін.
Көңілі сүйген жанды еркелетіп,

Әлдилеп, өлпештейтін әкедей тым.

**Кісілік ілтипатпен өлшенумен,
Нығайған сенімімен еңсели іргем.
Қызмет бабын емес, сыйды ойладым
Ұялмай шығу үшін сол сенімнен.**

**Аялап осылайша енді есімін,
Аңсайсың еске алғанда өлмес үнін.
Иманды болсын мәңгі асыл адам,
Тәңірі тербей берсін жер-бесігін...**

**2002 жыл
Қызылжар.**

ҚҰРМЕТТИ NIKE!

**Нақ Сіздей болар, Nike, ел ағасы
Төрінен орын берген заманасты.
Жетпіске келіп тұрған жасыңыз бар-
Ақсақал,abyzdyқтың дана жасы.**

**Шежіре, ғұмырыңыз, дастан ғой нақ,
Қанығар сырларына ашқан бойда-ақ.
Ардагер болсаңыз да тыным таппай
Жүресіз туған тіл мен жастарды ойлап.**

**Өшпейтін ғұмырында із бар адам.
Болар-ды, Nike, Сіздей ізгі-ақ адам.
Кейінгі інілерге өнеге ғой
Өмірдің әр кірпіші Сіз қалаған.**

**Ағасыз үқсайтуғын жаны баққа,
Жақсы үшін жанын жүрген салып отқа.
Немере, шәберелі қарт болыңыз
Ынтымақ оты жанып шаңырақта.**

**Кешеден нұрлы болып бүгініңіз,
Бақыттың естілсінші үні нығызы.**

**Әманда отбасыңыз аман болып,
Өтсінші қайғы-мұңсыз ғұмырыңыз.**

**Қазақтың қамы болып бар қамыңыз,
Деніңіз сау болғай-ды алда нығыз.**

**Жеңгеймен аман-есен бірге жасап,
Өмірде орындалсын арманыңыз!**

Облыстық «Қазақ тілі» қоғамының ақсақалдар алқасы.

Қыркүйек 1992 ж.

АЛҒЫС АЙТАМЫЗ

Біздің қара шаңырақтың саясы мол мәуелі бәйтерегі болған Ніл Әдғамұлы Болатбаев анамыздың, әжеміздің өмірлік жолдасы, аяулы жары,балалардың қамқор әкесі, күйеу балалардың, келіндердің, немерелердің сүйікті атасы – бәріміздің асқар таудай панамыз, мерей етер мақтанышымыз, облысқа, республикаға кең танымал мемлекет және қоғам қайраткери еді. Қалың жұрты, туған елі ардақтап құрметке бөлеген, халқына сіңірген еңбегін жоғары бағалаған, үлкен бедел иесі атанған асыл азамат болатын.

Ніл Әдғамұлы 1922 жылы 19 қыркүйекте Қарағанды облысы Қуғандастыңдағы Әсемді-Бұлақ ауылында мұғалімнің отбасында туды. Өзінен басқа екі інісі мен екі қарындасы бар үлкен отбасында тәрбиеленді. 1940 жылы Павлодар облысы Урюпин ауданындағы Железное орта мектебін бітіргеннен кейін аудандық білім белгінде статист болып істеді.

Ұлы Отан соғысының дабылы қағылып, еліміз фашистік басқыншыларға қарсы куреске жұмылғанда жас Ніл де әскер қатарына алынып, 1941 жылғы қазаннан 1942 жылғы ақпанға дейін Қарағанды қаласында 29 атқыштар дивизиясы 299 атқыштар полкінің атқышы болды, сол полк мектебіне курсант болып қабылданды.

Ұлы орыс өзені Еділдің екі жағасында адамзат тарихындағы орасан шайқастардың бірі ойран салғаны белгілі. Ұлы Отан соғысында түбегейлі бетбұрыс туғызыған осы қанды қырғында неміс жандардан мандалай тасқа соғылғандай қатты соққы алып, қырғынға ұшырады. Тарихқа кірген Сталинград шайқасына біздің әкеміз де қатысты. Ол 29 атқыштар дивизиясы 229 атқыштар полкында бөлімше командирі болды. Жараланғаннан кейін Алтай өлкесіндегі Повалиха станциясындағы №3724 госпиталінде емделіп, тәуір болған соң әскер қатарынан босатылды.

Оның еңбек жолы 1944 жылы Солтүстік Қазақстан облысында басталып, бүкіл ғұмыры осы облыспен байланысты болды. 1944 жылы наурызда Петропавлдағы Өнеркәсіп ауданында бақылау-есепке алу бюросында бақылаушы, ал кейінірек оның бастығы болды. 1945 жылғы шілдеден қарашаға дейін «Главмұка» завод басқармасы жұмысшыларды жабдықтау бөлімі бастығының орынбасары қызметін атқарды.

1947 жылы ол Қазақстан КП Өнеркәсіп аудандық комитетінің нұсқаушысы, 1947 жылғы маусымнан облыстық партия комитеті екінші хатшысының көмекшісі болды. 1948 жылғы қыркүйектен 1950 жылға дейін Алматы қаласында Қазақстан Компартиясы Орталық комитеті жанындағы екіжылдық партия мектебінде оқыды.

Алматыда оқуды аяқтап Петропавлға оралғаннан кейін сол кезде кітапханада еңбек еткен өзінің өмірлік серігі Мәриям Аманжолқызымен танысып, тұрмыс құрды.

1950 жылы ол Преснов аудандық партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланды, 1951 жылы қазанда жас отаудың тұнғышы Қадырбек туды. Қазір ол медицина ғылымының кандидаты, «Денсаулық» коммерциялық емес жекеменшік мекемесінің директоры, зайыбы Жәния екеуі ата-анасына Айгүл мен Аида атты екі немере сыйлады. 1954 жылы ақпанда Нікең мен Мәкеңнің жалғыз қызы Гүлжан өмірге келіп, оларды шексіз қуанышқа бөледі. Қазір ол Солтүстік Қазақстан облысы іскер әйелдер клубының белсенді мүшесі, «Элегант» дүкенінің менгерушісі. 1955 жылы үшінші бала – ұлы Қазбек туды, қазір ол СҚМУ-де химия кафедрасында қызмет істейді, химия ғылымының кандидаты. 1955 жылы тамызда Ніл Әдғамұлы Ленин атындағы ұжымшардың тәрағасы болып сайланды, 1957 жылғы наурыздан 1962 жылғы сәуірге дейін Боголюбовода Приишим еңбекшілер депутаттары атқару комитетінің тәрағасы болды. 1959 жылғы шілдеде ұлы Ілияс туды. 1962 жылдан 1970 жылға дейін Октябрь (1965 жылдан Сергеев) аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып істеді. 1970 жылы Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің тәрағасы болып тағайындалды. Осы қызметте ол құрметті еңбек демалысына шыққанға дейін істеді. Майдандағы жауынгерлік ерлігі және Отан алдындағы адал еңбегі үшін Ніл Әдғамұлы Болатбаев Ленин, Октябрь революциясы, еki Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі», 1 дәрежелі Отан соғысы, Еңбек Қызыл Ту ордендерімен, медальдармен, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Құрмет Грамоталарымен марапатталды.

Ніл Әдғамұлы құрметті демалысқа шыққанмен белсенді қоғамдық жұмыстар қалысқан жоқ. Облыстық ақсақалдар кеңесінің тәрағасы, Д.А. Қонаев атындағы облыстық қордың тәрағасы болды, ардагерлер үйымдарының жұмысына білек сыбана кіріsti. Біздің әкеміз 4 бала өсіріп, тәрбиеледі, біздің бәріміз жоғары білім алдық, өмір бойы бізді еңбексүйгіштікке, адалдыққа және жан тазалығына тәрбиеледі. «Кім болғаның

емес, қандай адам болғаның қымбат» дейтін ол бізге. Қызмет бабының қашшама қауырттығына қарамастан ол біздің мектепте, жоғары оқу орнында оқығандағы, жұмыс істеген кездегі барлық өміріміздің мән-жайын мүлтікіз біліп отыратын. Бізді ол ғажайып зердесімен таң қалдыратын. Көп жыл өткен оқиғаларды, адамдардың өзінің, әкесінің аттарына дейін ұмытпайтын.. Ол әнгімесін әдемілеп айта білуші еді, басқаны да ықыласпен тыңдайтын. Біз оның балаларға пәлсәпә айтып мезі қылғанын, дауыс көтергенін немесе қол жұмсағанын көрген емеспіз. Егер біз байқамай әбестік жасап алсақ немесе орынсыз қылғымызды көріп қалса ол шахмат ойнап отырып елеусіз әңгіме үстінде ретін келтіріп біздің кінәмізді ұқтырып, ұлтатын, онысы қатты ұрысқаннан да әсерлі болатын. Ол табиғатты, осы өлкені ұнататын, бос уақытында бізді орманға апарып ұзақ қыдыртатын, біздің қызметіміз, қасымыздың ұстаздарымыз туралы сұрайтын, олардың бәрін жақсы білуші еді.

Құрметті демалыста жүргенінің өзінде ол адамдар ортасында болды, олардың көбі көмек, ақыл-кеңес сұрайтын, бәріне де қолдан келген көмегін аямайтын.

Әкеміз көп оқитын, жай кез жүгіртіп емес, үңіліп оқитын, газет, журналдардағы қызығылтықты мақалалардың керекті жерлерінің астын сызып қоятын, соғыс, тың туралы кітаптарға өзі де мақалалар жазатын. Мәселен, ол «Жердің қожасы бола білейік» деген кітап, «Тыңдағы 40 жыл», «Советтер, экономика» атты жинақтарға мақалалар жазды.

Уақыты болған шақтарда балалармен шахмат ойнауды, балық аулауды, бәрінен де орманды жаяу кешуді ұнататын. Осындай демалыстан күш-қуат жинап, жақсы тынығып қалатын, сонда: «Міне бүгін 3 немесе 5 километр жүрдік, рахаттанып дем алдық» дейтін.

Ніл Әдғамұлының 4 немере қызы, 1 немере ұлы, 2 шөбересі бар.

Ең үлкені де сүйікті Айгүл атасы мен әжесінің қолында өсті. Қазір ол есейді, өзінің отбасы бар, атасының шөбересі Баймұратбекті өсіруде. «ТұранӘлемБанк» ААҚ-та қызмет істейді.

Екінші немересі Сәуле заң институтын бітіргеннен кейін өзінің сүйікті ісімен – құқықтанумен айналысып жүр. Үшінші немересі Аида СҚМУ-ді қызыл дипломмен аяқтағаннан кейін облыстық салық инспекциясында істейді. Тұрмысқа шығып, атасына екінші шөбере Қадыржанды сыйлады.

Кенже немересі Өсем өзін өнерге арнады. Қазір Алматыда балет мектебін бітіргелі жүр.

Атасының құрметтіне Ніл деп аталған жалғыз немере үл 4 жаста, оның болашағы алда, ең бастысы - оның үлгі алар өнегесі бар.

Біз үшін жар, әке, ата болған қымбатты, сүйікті Ніл Әдғамұлының өмірден өткеніне де 6 жыл, ал оның жарқын бейнесі біздің ойымызда, жүрегімізде әрқашан сақталған.

Оның туған күнінде, 9 мамырда, балалары, немерелері, енді міне шөберелері әкеміздің үйіне жиналады, қазір онда бәрімізге сүйікті мамамыз тұрады. Туған ошақта әкемізben бірге болған өмір кезеңдерін еске түсіреміз, онымен ойша тілдесеміз, қуанышмызды, қайғымызды бөлісеміз, ақыл-кенес сұраймыз.

Орайы келген сәтті пайдаланып біздің отбасы, Болатбаевтар отбасы біздің әкеміз Ніл Әдғамұлын ұмытпай, еске алып жүрген әкеміздің барлық серіктеріне, достарына, облыстық және қалалық әкімдіктерге терең сезімді алғысымызды білдіреміз. 2001 жылы оның туған күнінде ол тұрған үйге ескерткіш тақтаның орнатылуы біздің осы сәзіміздің дәлелі болып табылады.

Оның туғанына 80 жыл толуы қарсанында шығарылып отырған осы кітап та оған көрсетілген құрмет болып саналады. Мұның өзі оның бүкіл Солтүстік Қазақстан облысы тұрғындарының иглігіне арналған орасан зор еңбегінің бір белгісі деп білеміз.

Біз асыл жар, қамқор әке, ардақты ата болған бәйтерегіміз туралы кітапты жазуға қатысқан адамдардың бәріне шын жүректен алғыс айтамыз.

Бәріңізге мықты денсаулық, өмірде табыс тілекtestігімізді білдіреміз, аспанымыз ашық, өміріміз нұрлы бола берсін.

Құрметпен

Болатбаевтар отбасы

БЛАГОДАРИМ СЕРДЕЧНО

19 СЕНТЯБРЯ 1922 г. в селе Эгенды-Булак Кувского района Карагандинской области, в семье преподавателя родился наш отец, дед и муж Нель Адгамович. Воспитывался он в большой семье имел двух братьев и двух сестер. 8 июня 1940 г. закончил Железинскую среднюю школу Урюпинского района Павлодарской области. Там же работал статистом райотдела народного образования.

С октября 1941 г. по февраль 1942 г. г. Караганда был стрелком 299 стрелкового полка 29 стрелковой дивизии. В этом же году стал курсантом полковой школы.

На берегах великой русской реки Волги развернулось грандиозное сражение, завершившееся полным разгромом фашистских оккупантов, ставшим годом коренного перелома в Великой Отечественной войне.

В Сталинградском сражении принимал участие и наш отец. Он был командиром отделения 299 стрелкового полка 29 стрелковой дивизии. После ранения находился в госпитале № 3724 станицы Павлиха Алтайского края и был демобилизован.

Трудовая деятельность началась в 1944 года и связана с Сев. Каз. обл. В марте 1944 года работал контролером контрольно – учетного бюро промышленного района, а позднее стал его начальником. С июля по ноябрь 1945 г. был заместителем начальника отдела рабочего снабжения завоудупрления «Глав мука».

В 1947 году стал инструктором Промышленного райкома КП Казахстана, а с июня 1947 г. был назначен помощником второго секретаря обкома партии. С сентября 1948 года по 1950 г. являлся слушателем двухгодичной партийной школы при ЦК КП Казахстана в городе Алматы.

После окончания школы и возвращении в Петропавловск познакомился со своей спутницей жизни Марьям Аманжоловной, работавшей в то время в библиотеке.

В октябре 1950 г. они поженились. В этом же году он был направлен в Пресновский район в качестве второго секретаря. В октябре 1951 г. родился первенец сын Қадырбек – ныне кандидат медицинских наук, работает директором частного некоммерческого учреждения «Денсаулық». Со своей женой Жанией подарили деду двух внучек Айгүль и Аиду. В феврале 1954 года появилась

единственная дочь Гульжан, жизнерадостная как цветок. Сейчас она является одним из членов клуба деловых женщин Сев. Каз. области и заведует магазином «Элегант». В 1955 году родился третий ребенок – сын Казбек, который в настоящее время работает на кафедре химии при СКГУ, кандидат химических наук.

В августе 1955 года Нель Адгамович стал председателем колхоза им. Ленина. С марта 1957 года по апрель 1962 года работал В Боголюбове Приишымского района на должности председателя исполкома районного Совета депутатов трудящихся.

В июле 1959 года родился младший сын Ильяс.

С 1962 года Нель Адгамович первый секретарь Октябрьского райкома, а с 1965 года по 1970 г. первый секретарь Сергеевского райкома компартии Казахстана.

В 1970 году был назначен преседателем исполкома Сев. Каз. обл. Совета депутатов трудящихся. В этой должности он проработал до 1986 года. За всю свою трудовую деятельность был отмечен высокими государственными наградами: двумя воинскими орденами Красного Знамени, орденом Знак Почета, орденом Ленина, Отечественной войны 1 степени, орденом Трудового Красного знамени, Октябрьской Революции, медалями, Почетными грамотами Верховного Совета Казахской ССР.

С 1986 года находился на заслуженном отдыхе. Нель Адгамович вел активную общественную деятельность, был председателем областного совета аксакалов, председателем областного фонда им. Д. А. Кунаева, принимал большое участие в работе ветеранских организаций. Наш отец воспитал 4 детей, все мы получили высшее образование, всю жизнь воспитывал в нас трудолюбие, честность и порядочность. Он часто говорил: «Важно ни кем быть, а каким быть». Несмотря на всю свою занятость он был в курсе всех наших событий в школьные, студенческие годы, а позже интересовался и нашей работой. Нас всегда удивляла его феноменальная память. Он был интересным рассказчиком, хорошим собеседником, он умел слушать собеседника, давал высказаться. Мы ни разу не слышали, чтобы он читал нравоучения, повышал голос или поднял руку на детей. Если где-то мы нарушили или были увлечены чем-то, то он ненавязчиво во время игры в шахматы, на каком-нибудь примере, исподволь подводил к осознанию нашей вины или

проступка, что нами во много раз тяжелее потом воспринималось.

Он любил природу, наш край, при возможности он нас вывозил в лес, где часами ходили, расспрашивал о работе, о наших наставниках, которых он прекрасно знал.

Будучи на пенсии он постоянно был на людях, и многие из них к нему обращались за помощью, советом, и никому ни в чем он не отказывал.

Отец очень много читал, и не просто читал, а вникал, подчеркивал интересные статьи в газетах и журналах, писал сам воспоминания о войне, целине, статьи и очерки в книгах. Так, им написана и издана книга «Быть хозяином на Земле», статья в сборнике «40 целинных лет», «Советы, экономика».

Очень любил в свободное время играть с детьми в шахматы, рыбачить, а больше всего ходить пешком по лесу. Получал большой запас энергии, и его любимым высказыванием после таких прогулок было: «Вот сегодня прошли 3 или 5 км, они на дороге не валяются».

У Неля Адгамовича 4 внучки, 1 внук и два правнука.

Самая старшая и любимая Айгульросла у деда с бабой. Сейчас она взрослая, имеет свою семью, растят правнука Баймуратбека. Работает в ОАО «БанкТуранАлем».

Вторая внучка Сауле, после окончания юридического института посвятила себя любимому делу-правоведению.

Третья внучка Аида после окончания СКГУ с «красным дипломом» работает в областной налоговой инспекции. Вышла замуж, подарила второго правнука дедушке Кадыржана.

Самая младшая внучка Асем, посвятила себя искусству. В настоящее время заканчивает балетную школу в Алмате.

Единственный внук Нель, названный в честь деда, ему 4 года, у которого все впереди, главное есть на кого быть похожим.

Вот уже как 6 лет с нами нет дорогого, любимого мужа, отца, дедушки, но он постоянно в мыслях и в сердце с нами.

В день рождения, Победы постоянно дети, внуки и уже правнуки собираются в доме отца, в котором живет наша всеми любимая мама. В родном очаге вспоминаем эпизоды жизни с отцом, мысленно общаемся с ним, делимся радостями, горем, советуемся.

Пользуясь случаем наша семья приносит слова глубокой благодарности всем соратникам отца, друзьям, городскому и областному акимату, которые помнят и чтят память нашего отца Неля Адгамовича Болатбаева.

В подтверждение этих слов является открытие мемориальной доски в 2001 г. в день его рождения на доме, в котором он жил.

Данью уважения к нему является и эта книга которая издана к 80-летию со дня его рождения.

Это свидетельствует о его человечности ко всем североказахстанцам, его трудоспособности на благо процветания нашего города и области, его авторитета.

Мы искренне благодарны всем, кто принял активное участие в подготовки книги о нашем отце, муже, дедушке.

Желаем всем крепкого здоровья, успехов в жизни, чистого неба, благополучия и процветания.

С уважением семья Болатбаевых.

МАЗМҰНЫ

М. Сағдиев	Были трудные, но славные годы	3
Қ. Қалиев	Толағай тұлға	
Қ. Қаскеев	Жақсы жолдас	21
П. Телюк	Работалось с ним эффективно и радостно	23
Ж. Үсқақов	Жаны жайсаң болатын	30
Қ. Омаров	Алаштың азамты еді	34
С. Пресняков	О ровестнике с уважением	44
М. Қанафина	Человек с удивительной памятью	48
А. Липовой	Нетлена лишь память сердец	52
М. Фаббасов	Қаруласым, қанаттасым еді	57
П. Науменко	Пример во всех отношениях	60
С. Дүйсенов	Сырлас та, силас та болдық	64
В. Савченко	Незабываемое не забудется	71
В. Агеев	Руководитель, наставник, друг	75
	Суреттер	79
Қ. Жұнысов	Асыл адам	93
О. Сақтағанова	Ақылшы аға	95
Л. Егорова	Он был нам как отец родной	102
Б. Мұстафин	Бюродан соң	106

Н. Иванова	Созидатель	125
И. Вдовенко	Высота людского добра	128
Қ. Оспанов	Басаға	131
А. Ермаков	Памятный подарок	141
Т. Жетеев	Парасаты – кіслігінде, кіслігі кішілігінде	144
А. Құдасбаев	Ақылман аға	151
С. Тәжин	Естен кетпейтін есім	158
З. Беева	Жизненные уроки Болатбаева	163
Қ. Шәкенов	Құрметтейтін құрдасым еді	168
Т. Аяғанов	Жарты ғасыр, жарқын ғұмыр	170
Ш. Смағұлов	Болашақты ойлаған	173
П. Ходеев	Руководил умом и духом	182
Қ. Қанапин	Бауырымдай болған	186
Қ. Сыздықов	Соғыс өтінен өттік	191
П. Леонов	Қамқорлығы мол еді	196
З. Әкімжанов	Тәнірі тербей берсін жер-бесігін	202
	Құрметті Ніке	204
	Алғыс айтамыз	206
	Благодарим сердечно	210